■ СЕНІҢ ЗАМАНДАСЫҢ

"Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі" дегендей, өз түсында ел бастап, арқалы жырдастандарымен қауымның қадіріне бөленген атасы Шылбы Көбекұлының мол мұрасынан сусындап өскен, ауылдың қарадомалақ баласы өмірдің мәні мен мағынасын халқының сарқылмас сазгерлік жолынан тапты.



Жігері берік сазгер

Қажет АҢДАС

Әбдірахман Әріпұлы 1967 жылы ҚХР Іле Қазақ облысы Күнес ауданында дүниеге келді. Әкесі Бәтіш кішкентай немересін өте жақсы көруші еді. Үнемі иығына көтеріп алып үй-үйді аралап қыдырып жүретін кейуана бір күні оны абайсызда қолынан түсіріп алады. Тағдыр сол күннен бастап келешек талантқа таяқ ұстатып қойды. Алайда, тәнін мүгедек еткен тіршілік оның жанының салқынын түсіре алған жоқ.

Жарасар ер жігітке
тамаша етсе,
Не табар бекер жүріп
өмір етсе.
Терең ой, жүйрік көңіл
бәрі қалар,
Адамның жастық шағы
қолдан кетсе.
Қашанда қыс көрілік,
жазың жастық,
Шықпайды қысты күні
егін ексе,

– деп келетін бабасы Шылбы ақынның жыр жолдарын жаттап өскен жеткіншек мектеп табалдырығын аттағаннан бастап қара домбыраның құлағында ойнады. "Бала әнші" атанып, жиын-тойларда көптің алдында ән салып, терме орындап елжұрттың алғысына бөленіп отырды.

Жас кезінен сазгер болуды арман етсе де, жоғары оқу орнында қаржыгер мамандығы бойынша білім алу бақыты бұйырды. Алайда сүйікті кәсібінен қол үзген жоқ. Өнерге бейімі бар студенттерді жинап "Тамшылар" атты журнал шығарды. "Кетейік, балам" атты тұңғыш әнінің тұсауы осы басылымда кесілді. Осыдан кейін өнер сапарына бел шеше кіріскен жас сазгердің сұлу да сырлы әндері бірінен кейін бірі жазылды. Бұл туындылары жастардың жүрегін жадыратып, ел ішіне жол тартып отырды. Сахна өрін кіргізіп, бірнеше рет жүлделі орындарды қанжығасына байлады.

Өнерге ден қойған сезімтал жанға ортасы тарлық көрсетті. Ол атажұртқа біржолата көшуге бекінді, себебі сарқылмас ұлттық саз әлемінен сусындау оның басты арманы еді. "Көрінген таудың алыстығы жоқ" демекші, 2004 жылдың шілде айында отбасымен бірге Жетісудың жүрегі – Талдықорған қаласына келіп қоныстанды.

Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) "Аллаға иман келтіргеннен кейінгі істің ең абзалы – адамдармен достасу" десе, дана халқымыз "Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар" – деп түйіндегендей, Әбдірахман аңсаған атақонысқа келген соң Мұратқан Егінбаев сынды өнер майталманымен танысып, тәжірибесін толықтырды. Соның арқасында Тұманбай Молдағалиевтің "Неменеге еріддім", Ұлықбек Есдәулеттің "Шолпан сенің ауылың", Өміре Әріннің "Күн нұрымен өсемін", Қуат Қайранбаевтың "Егінсу – құтты мекенім", Тоқтасын Сүгірбековтің "Өзіңе ғашық жүрекпен" өлеңдеріне ән жазды. Бұл туындылар белгілі әнші Құрманғазы Әлімғазыұлының орындауымен өз тыңдарманын тауып жүр.

Қазірге дейін отыздан астам әннің авторы – Әбеннің еңбек жолы мұнымен тоқтап қалмайтыны хақ. Зайыбы Нұрсара Әнуарбекқызымен бірге тәрбиелеп отырған қос балдырғаны – Іңкәрі» мен Еламаны да өз ізін жалғастырады деп үлкен үміт артып отыр.

Еліші – алтын кеніші, оны қаза берсең таусылмайды. Біздің барымыз да, қадіріміз де, ұлы қасиетіміз де, өне, сол жерден бастау алады. Халқыңа бергеніңнен берерің мол болсын, аға.

Көкейіне ұлы мұрат
сақтаған,
Адамдар көп, мен
солармен мақтанам.
Бір тобықтан ақсау деген
немене,
Ең ауыры ақылынан
ақсаған.
Халқың сенің қадіріңді
ардақтар,
Сар далаға ән салдырған
саңлақтар.
Шабытыңа қойылмасын
тосқауыл,
Қолтығыңа қойылса да
балдақтар.

Бұл еліңнің берер бағасы, жұртыңның күтер үміті

■ ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ

КӨҢІЛІ КӨКТЕМ, ЖАНЫ ЖАЗ

Күлімдей қарсы алды. Жүзі сондайлық жылы. Аққөңіл, ашық жарқын жан екені бірден байқалады. Қай тақырыпқа барсаңыз да жиған-терген дүниесінің жеткіліктігі қуандырды. Алғаш көргеннен-ақ жайдары мінезімен өзіне тарта түсті. Ұстаз әрі ана. Мұның бәрі ең алдымен ұстаз үшін жақсы қасиет. Үлкен өмір баспалдақтарына қарай қадам басып келе жатқан шәкірт жанын өзіне баурай тартып, білім әлеміне жетелеп, құшағына мол тағылым боларлық таным мен тәрбиенің нәрін сыйлаудан асқан қуаныш жоқ.



СУРЕТТЕ: №3 Кеген орта мектебінің ұстазы, ҚР Білім беру ісінің үздігі Жәмел ДОДАНОВА.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Бір көргеннен-ақ нағыз ұстаздық үшін жаратылған жан екенін пайымдадым. Ұстаз көп. Соның ішінен айтулылары ғана өзінің шыңына шығады. Биік белесінен көрінеді. Ол аудандағы ең таңдаулы филологтардың бірі. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі. Көп естігеннен бір көрген артық. Бізді де жүздестіруге жетелеген осы ел.

Аудан орталығындағы №3 Кеген орта мектебінің білгір де білікті ұстазы, ұжымының құрметтісі, ұрпағының жарқын да жайдары, құшағы ыстық анасы Жәмел Додановамен пән бөлмесіндегі таныстығымыз көп жайды алға тартты.

Таулы өлкенің түлегі. Небір ғалымдарын, дара тұлғаларын, айтулы азаматтарын қанаттандырған Жалаңаш өңірінің үкілеп ұшырған бір қарлығашы. Бір шаңырақтың тұңғышы болғандықтан Заруқадай көргені көп зерделі, тәлімді әжесінің қолында өсті. Кененің көзіндей әжесінен өмірлік тағылымды тәрбие, өскелең өнеге алды. Албан шежіресін жанжақты таратқанында әжесінің есте қалар әңгімелері бар. Әлемі даусымен тамылжыта ән айтады. Әсіресе, халық әндерінің денін жақсы біледі. Тарихына да қанық. Мұнда да әжесінің дарытқаны жетерлік.

Тұрсынхандай анасы көп бала өсіріп, тәрбиелеген жан. Ыдырыстай әкесі қазір сексеннен асты. Жайдақбұлақта тұрады. Әкесі кезінде математиканы жақсы меңгерген екен. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде алғаш математик болғысы келген. Кейін жоғары сыныптарда оқып жүргенінде әдебиет жағына бейімділігі жарқырай көрінді. Мектептің қабырға газетінде оның қолтаңбасы айшықтала түсетін. Өлең де жазатын. Не дейік, мектептің озат оқушысы әрі неше қырлы өнерлі қарлығашы білім шаңырағындағы маңдай алды шәкірттерінің бірі болды. Ол жүрек-теріне нұрлы сәулесін түсіріп, білімге деген құштарлықтарын арттырып, саналы тәрбие беруде білгендері көп, іргетасы мықты, білімдері терең Жалаңаш қазақ орта мектебі ұстаздары ұжымының еңбегін әрдайым жоғары бағалап, әңгімелей жүреді. Өйткені, сол мектептен ұшқан түлектің ешқайсысы осал болған жоқ. Туған Қазақстанның әрбір саласына бір-бір уық болып қадалды.

Өнерге, өлеңге, әдебиетке жақындығы журналистика факультетіне жетелеген. Жолы болмады. Бір жыл Жайдақбұлақ ауылындағы сегіз жылдық мектепте бастауыш сыныптың мұғалімі болды. Аудандық білім бөлімінің Әділхан Зықаевтай басшысы мұғалімдердің тапшы тұсында мектепті үздік бітірген өрелі жасқа үлкен сенім артқан. Сенімге селкеу түсірген жоқ. Бұл болашақ ұстаздық қадамының алғашқы баспалдақтары болды. Бір жылдан кейін Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне ең жоғары балл жинап, студент атанды. Мұнда ол қазақ тілінің иірімі терең сан-салалы сырларын зерделеді. Әдебиет әлемінің арғы-бергі тарихынан үлкен нәр жинады. Мұғалімдердің қара шаңырағын 1978 жылы жақсы бітірген жас маманның жүрегіне Серік Қирабаев, Мекемтас Мырзахметов, Серік Мақпыров, Құлтай Бейсенбаева, Нығмет Ғабдуллин секілді атақты ғалым ұстаздары берік ұялап қалды.

Ұстаздық еңбек жолы алғаш Күрті ауданында өрілді. Өмірлік жары Тәңірбергеннің жұмыс бабымен әр түрлі қызметке ауысқанында осы аудандағы Балатопар ауылындағы мектепке, Айдарлы орта мектебінде, Ақши ауылындағы сол кездегі Ленин атындағы орта мектепте, Топар ауылындағы білім шаңырағында, Ақшидегі сол кездегі Андреев орта мектептерінде еңбек етті. Шәкірттерін баулыды. Жас ұстаз қайда жүрсе де жаңашылдығымен, ізденісті ісімен, жаңалығы мол шаруалармен көрінді. Қоғамдық істерден де шет қалған жоқ. Өнерге жақындығы да әрбір білім шаңырағына көп көмегін, шарапатын тигізді. Райымбек ауданындағы Нарынқол ауылындағы Ораз Жандосов атындағы орта мектепте 5 жыл еңбек етті. 1997 жылдан бері аудан орталығындағы №3 Кеген орта мектебінде ұстаздық жолын жалғастыруда. Ізденімпаз, еңбеккор ұстаз М. Әуезовтің 100 жылдығына арналған облыстық педагогикалық оқуда бірінші орынды иеленді. Мектепке Мұқағалитанудан дәріс жүргізеді. Өнерге жақын филологтің түрлі сахналық қойылымдардың сценарийін жазудағы қолтаңбасы да айшықты.

– Рас, жайдары мінезді болып көрінгеніммен шәкірттеріме дәріс бергенде қаталдау боламын. Оларға қатаң талап қоямын 5-сыныптан бастап шәкірттер қабылдаймын. Алғаш диктант жаздырудан бастасам, кейін бірте-бірте шығарма жаздыртамын. Әдебиет әлеміне жақын болуларына негіз боларлық жұмыс жүргізем. "Абай жолын" оқып келсең, содан бір жақсы әңгіме айта алсаң, жақсы баға қоямын деп талпындырам. Тапсырмаларымның дені орындалып жатады, – дейді Жәмел иненен құдық қазғандай еңбегінен сыр тартып.

Жолын қуған шәкірттері баршылық. Есбол Манабаев пен Ерәсбұлан Мұқашев Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің филология факультетіне түсті. Үмітін ақтаған шәкірттері мол. Ақбота Орынбаевадай шәкірті ҚазҰУдың журналистика факультетінде дәріс алып жүр. Әсел Рысқұловадай шәкірті де осы университеттің журналистика факультетінің 4-курсында оқиды. "Хабар" агенттігі ұйымдастырған өткен жылғы "Жастар Жанары" атты жас журналистер шығармашылығы байқауында жүлделі орынмен көрінді.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, Жәмел Додановадай ұстаз ұл-қыздарының мейірбан жүректі, ыстық құшақты анасы. Үкілім мен Гүлнәз жоғары білім алып өзінің жолын қуды. Аян мен Асхаты шипер болып еңбек етуде. Дана атты ұлы Т. Рысқұлов атындағы университетте оқиды. Торғаны Қазақ-Британ университетінің 1-курсында дәріс алуда. Соңғы 16 жылғы мәнді де мағыналы уақытын аудан әкімінің саясат саласындағы орынбасары ретінде жалғастырып келе жатқан Тәңірберген Қасымбергебаевтай жары екеуі бүгінде 2 қыз ұзатып, 1 келін түсірген жайдары бар. Олар бес немере сүйген бақытты жұптар. Сонау бір жылдары институт қабырғасында жүрген кездерінде басталған бір-біріне деген сезімдері мен сенімдері ешқашан жарқырап алдастырмай жетелеген жандардың көрер қуаныштары әлі алда. Жарты ғасырлық жайдары кезеңін белесіндегі оларға бақыт тіледік.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Мың бір кеселді жіберген Алла тағала, олардың емін де қоса жаратқан. Тек адам баласы оны іздеп тауып, қолдана білуі тиіс екен. Соның бір ғана мысалы – қәдімгі сүлік. Түріне қарасаң қап-қара, қорқынышты. Бірақ, осы сүліктің сан-қилы кеселдерге ем екенін 18 мың ғалам иесінің адамзат баласына жіберген ең соңғы әрі құрметті елшісі Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыздың өзі нақты айтып, сүлікпен емделуге кеңес берген. Алланың пәрменінің осы қасиетінің керемет бүтінгі ғылымның да жаңалықтары күн өткен сайын дәлелдерін асыруда. Енді соларға тоқталсақ.

Сүліктің біз білмейтін сырлары мен қырлары

Ең әуелі сүлік қандай ауруларға ем деген сұраудан бастасақ. Жұртшылық сүлікті қан қысымын төмендетуге бір-дей бір ем ретінде ғана біледі. Ал дәрігерлер қап-қара су жәндігі жүрек қан тамырлары, жүйке-тыныс жолдары, асқазан-ішек, көз көру жүйесі, тері, жыныс жолдарының кеселдері, зәр шығару, тіні қатерлі ісік ауруларын емдеуде таптырмайтын дәру екенін алға тартады. [illegible]

Кішкентай [illegible] [illegible] Гермафродит, яғни аталық та, аналық та ағзасының ферменттері бар су жәндігі [illegible]

Әйелдер ауруының дәруімі

Сүлік әйелдер ауруының сан түрін: миома, фиброма, мастопатия, суық тиген, [illegible] Халықаралық [illegible] Өзелгүл Оразбекқызы [illegible] айтып отыр. Себебі, оған тек ғылыми ғана емес, тәжірибеде [illegible] [illegible] Клара Фрунзеқызы Шамилова былай деп түсіндіреді:

Мұндай ем кезінде [illegible] әйелдер ауруларының айығуы қапа қоймай, гормональдық тепе-теңдік әлеттеріне жылдам қалпына келеді. Суық тигенде, етеккі белеуіп, эндометрит, эндометриоз [illegible]

Көз жанары, көру жүйесі үшін таптырмас ем

Адамның көру жүйесі ең [illegible] [illegible]

Депрессияға қарсы бірден-бір ем

Адам баласының [illegible] [illegible]

Мекенжайы: Алматы қаласы, «Қазақстан гемеопатиялық медицина орталығы», Сейфуллин даңғылы №236 үй, «Крамского» қиылысы. Тел: 2 38-09-34, 2 79-75-94.

Айша КЕҢЕСБАЙ,
журналист.

■ ИМАНДЫЛЫҚ

Ислам араб сөзі. Өзін Аллаға тапсыру, бой ұсыну деген мағына береді. Ислам дінін әлемде 1,95 млрд. адам ұстайды. Ислам діні бүкіл әлемді, көк пен жерді жаратушы Аллаға ғана сенуді уағыздайды. Ал Ислам дінінің алғы шарттарының бірі – Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі екендігіне сеніп куәлік беру. Алланың періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға (жақсылық пен жамандықтың) Алланың қалауымен және жаратуымен болатындығына сену.

АДАЛДЫҚҚА БАУЛЫЙТЫН АҚИҚАТ ДІН

Әзірет Әлінің бір хадисінде өмірін тәуекелге тікпеген адам өміріне иелік ете алмайды. Өмір сүру – тынымсыз алға ұмтылу. Адам тіршілігі өмір талабына сай болу үшін көптеген игіліктер жасалады. Солардың игі нәтижесін көргенде адам қуанады. Зор шаттыққа кенеледі. Бар ісін адал ісімен істеп, адал сөйлеген адамның Алла тілеуін береді делінеді. Исламда адам бойындағы асыл қасиеттердің шынайы кілті имандылықта деген.

Имандылық – шынайы сезім, сенім. Біріншi, бүкіл әлемді жаратушы құдіретті күштің бар екенін мойындап, бүкіл жаратылыс пен біздер соның жаратқаны екенімізге кәміл, нық сенуіміз керек. Яғни, Құдайдың барлығына, бірлігіне. Екіншіден, сол жаратқанның күшімен бұл жалған дүниеден о дүниеге, яғни мәңгілік дүниеге өтеміз. Мәңгілік дүниеге өту дегеніміз – осы дүниеде жүріп жиған-тергеніміздің бәрін осы дүниеде қалдырып, бақилық дүниеге аттанамыз. О дүниеге сапар шеккенде сенімен бірге ермей, бар жиған-тергенің артыңда қалатын болған соң ол жалған дүние болып есептеледі.

Ислам дінін кемсіткісі келгендер, оның әйелге қатынасын көлденең тартатыны бар. Олар Ислам келгенге дейін әйел затша саудаланғанын, қанша әйел алсаң да шек қойылмағанын білмейді. Әйелді қалаған уақытында сатып немесе айырбастай салатын ол кезде. Тіпті көне грек және рим мәдениеттерінде әйелді адам деп есептемеген. Платонның пікірінше, әйел бір қолдан екінші қолға өтіп жүре беретін ортақ мүлікке жатады. Ескі Қытай мәдениетінде әйел заты адам саналмағандықтан оған айдар тағып, ат та қойылмайтын болған. Батыс философтары: «Әйел заты жалпы адам ба, жоқ па? Жаны бар болса, оның жаны ер адамның жанындай ма, жоқ әлде жануарлардың жандарына ұқсас па?» деген тәрізді адам шошитын ой-пікір таластарын да тудырған кезінде. Міне, әйел баласының осындай жантүршігерлік қорлыққа толы қоғамдағы орнын Ислам өзгертті. Ол әйелдердің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Оны заттықтан адамдыққа, қорлаудан адамдық деңгейіне көтерді.

Ислам діні ата-аналарымызға әрдайым құрмет көрсетуге шақырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадисінде «Жұмақ аналардың аяғының астында» деген. Яғни ананы сыйлау, құрметтеу жұмаққа апарады деп сыры терең, сыны биік ұстанымға бас иідірді.

Ислам діні – бір қауымға, бір елге немесе бір ұлтқа емес, бүкіл адамзатқа түскен дін. Ал пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) жіберілген Ислам діні ең соңғы, қияметке дейін жалғасатын хақ дін болып есептеледі. Өйткені қасиетті Құран Кәрімнің өзінде Алланың алдында ең хақ дін – Ислам, – деп аталған. Ислам діні адам баласын ұлтқа, руға немесе нәсілге бөліп алаламайды. Ақ, қара, бай, кедей деп бөлмейді. Ислам діні адалдықты, шындықты, ақиқатты жақтайды. Адам баласын тура да адал жолға бастайды.

Ислам діні адамды мейірімділікке, бауырмалдыққа, қайырымдылыққа үйретеді. Мұсылман болып, бес парызды орындау – әулие, молда, емші болуды талап етпейді. Ал пайғамбарға салауат айту мұсылмандарға міндет.

Аллаға құлшылық етіп, намаз оқып, ораза ұстау әрбір мұсылманға парыз. Мейлі, жас, кәрі болсын, біз Алланың құлдары болғандықтан осы парызды орындауға міндетті екенімізді мойындауымыз керек. Исламның мақсаты – адамгершілік, бейбітшілік, теңдік, достық.

Ислам дінін мойындау дегеніміз – сабырлылық, сыйластық, көршімен, ағайынмен татулық, кешірімділік, қанағатшылдық, обал мен сауапты білу, табиғатты аялау, уәдеге беріктік, ғылым, білімге жанылыққа ұмтылу. Алла – бір, Құран – шын, Пайғамбар – хақ деген ұғымды санаға терең сіңіру.

Ислам діні рухани адамгершілік құндылықтарды, жауапкершілік сезімдерді дамытып, қалыптастырады. Жалпы, имандылықтың ұйытқысы дін екенін ерекше ауызға алып, осы бағытта болашақ ұрпақтарды иманды етіп тәрбиелеу әрбір мұсылманның міндеті, парызы.

Ал аруақ жайлы айтатын болсақ, атам қазақ аруаққа сыйынбаған, сыйлаған. Біздер Алланы сыйлап, аруаққа сыйынып жатырмыз. Қабірлер басына барып, ондағы әулиелерден сұрап, қасиетті Қағбаны айналғандай тәу етіп жатады. Аруақтарға арнап мал шалып, тілек тілеп, бала сұрап жалбарынады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.ғ.) өзінің сахабаларына: «Мен өлген соң менен сұраушы, табынушы болмаңдар" деп, қатаң түрде тыйым салған. Алла тағала Құран кітабында былай дейді: "Сендер қабірдегілерге естірте алмайсыңдар" (фатр сүресі, 22 аят). Қасиетті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Өзінің қабіріне табынуға тыйым салғанын біле тұра, аруақтарға сиынуымыз дінге қайшы екенін білуіміз керек.

Исламның негізгі шарттының бірі Пайғамбарға салауат айту. Салауат араб тілінде "берекет", "құрмет ету", "тілек" сияқты мағыналарды білдіреді. Мұсылман үмбетінің пайғамбарға салауат айтуы – Алла тағаланың ерекше рахымына бөленіп, оның (с.ғ.с.) дәрежесін көтеріп, мерейінің үстем етілуінің тілеуі болмақ. Яғни, үмбетінің пайғамбарына деген ізгі тілегі. Хақ елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисте: "Қиямет күні адамдардың маған ең жақыны – мына дүниеде маған көп салауат айтқаны" эт-Тирмизи. Салат (357) деген.

Имандылық нұрын ұялатып, асыл дінімізге деген сүйіспеншілігіміз бен ықыласымызды арттырайық.

Ислам діні – бейбітшілік пен ынтымақтың, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өркениеттің діні.

Рахман ЖАРЫҚБАЕВ.
ІЛЕ АУДАНЫ,
АҚШИ АУЫЛЫ.

Алғыс айтсақ деп едік...

«Ажал айтып келмейді» деген емес пе. Бір кездері арманы алысқа жетелеген қызымыздың бұл өмірмен ерте қоштасуы жүрегімізді езіп, қуаныш оты қайғы дертімен ұштасты. Алайда, тағдырға не шара дерсің? Басымызға қаралы күн туғанда қол ұшын беріп, қолдау көрсеткен облыстық табиғи-ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бастығы Сайлау Жұқаев пен басқарма қызметкерлеріне алғысымызды білдіргіміз келеді. «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген, аяулы қызымыз Райханды соңғы сапарына шығарып салуына көмектерін бергені үшін басқарма ұжымына шексіз ризамыз. Ықылас-ниеттеріңізді Алла қабыл қылғай.

Алғыс білдірушілер:
ҚИЛЫБАЕВТАР ӘУЛЕТІ.

■ СЕМИНАР

Қақтығыс және бітімгершілік

«Контакт» тұтынушылар құқығын қорғау ұйымының семинары осы негізде өрбіді

Апталың сәрсенбісі күні Талдықорған қаласындағы бастамашыл мектептер ассоциациясы мекемесінде Талдықорған қалалық «Контакт» тұтынушылар құқығын қорғау ұйымы «Жас бітімгерші мектебі» жобасы негізінде облысымыздың аудан-қалалары мектептерінен келген тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, психологтар мен инспекторлар арасында семинар өткізді. Аталмыш семинардың мақсаты 7-мектептің басшысына оқушылар арасындағы кездесіп қалатын қақтығыстар мен кикілжіңдерді шешудің альтернативтік жолдарын үйретіп, құрбы-құрдастарды бір-бірімен татуластыру жолдарын білгізу.

Жиынды «Контакт» тұтынушылар құқығын қорғау ұйымының төрайымы Сәния Қасаболатова ашып, өздерінің атқарып жүрген жұмыстары жөнінде және «Жас бітімгерші мектебі» жобасы аясында түсініктеме берді. Сондай-ақ бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Мұнан соң семинарға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, жоба негізінде қуана жұмыс жасайтындығын айтты.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

Мәртебелі қазағым

Биіктеді мәртебесі қазақтың,
Үш ғасырда көргендері азап-мұң.
Көрді жаһан тектісі мен тентегі,
Кім екенін дарыны асқан тараптың.

Бұлттан шыққан күміс күндей хабарың,
Жарқ етті де, аударды әлем назарын.
Мадридтік шешіміне әлемнің,
Қуанғаннан айтар да көп, жазарың.

Берсе тізгін басқаруың қиын ба,
Еуропалық қауіпсіздік ұйымға.
Қазақстан төрағалық етпекші,
Елу алты ел шешіпті жиында!

Бұл шешімге елім менің сүйінші,
Қолды соғып айту да абзал сүйінші!
Үш биімдей кемел шешіп отырар,
Рухтанып қоғам қолдап, үй-іші.

Керемет қой тәуелсіздік жемісі,
«Мың өліп те, мың тірілген» ер ісі.
Тот баса ма алтын шіркін қай кезде,
Дана жұртқа сай келеді бек ісі.

Бірліктерге үш биіміз жол салған,
Жанды жұлдыз кеуделерде аңсаған.
Тыныштықпен қол ауызға жеткенде,
Тәңірін де біздей елді жақтаған.

Көңіл – майдан, дала – дархан, несіпті,
Ұйытқы болар әлемге деп шешіпті.
«Тура биде туған жоқ» біз деген,
Жалтаң да емес, айтар батыл кесікті.

Халықаралық беделі артқан елің біз,
Жаһанында асқан елмен теңдібіз.
Ұлағаттап, күмәнсіз деп таныған,
Рухы биік сенімдерге берікпіз.

Әлем тарих жазар әлі алтынмен,
Ұйымыңды мойындатар ақыл кен.
Том-том болып эпсаналар басылар,
Гүлдеп өңір, түлеп көңіл халқыммен.

Соны көріп, ертеңіне қуанам,
Кетіріп те кейістікті жұбанам...
Эверестей әлем шыңға мен де бір,
Аман болса, қазағыммен шыға алам.

Тыныстаймын болар шақпен ертеңгі,
Келешегі кемел елдің көркем-ді.
Төрағамыз төрде отырар енді біз,
Алыс таулар кестелейді зердемді.

Айтмұхамбет ЕСІМЖАНҰЛЫ.

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ "АТАЖҰРТТАН АЛЫСТА ЖҮРГЕН АҒАЙЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРІН ҰМЫТПАҒАНЫ БІЗДІҢ ҰЛТ БОЛЫП МАҚТАН ТҰТАТЫН НӘРСЕМІЗ" ДЕГЕНІ БАР. БҮГІНГІ ШАРА ЕЛ БОЛЫП ТОПТАСУДЫҢ, АЛҒА БАСУДЫҢ БАСТАУЫ ДЕП БІЛЕМІН.

90 Жетісу
Сенбі, 13 желтоқсан, 2008 жыл
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ

Қазір әлемде екі жүзге жуық мемлекет бар делінсе, солардың арасында тек Германия, Израиль және қазақ елі ғана сыртта жүрген қандастарын өз атажұртына жиып, олардың тұрмысы мен тіршілігіне қарайласатын арнайы заң шығарып, көшіп келін қоныстануына жеңілдіктер жасап отырғаны шындық. Осы бір ұлы бастаманың нәтижесін бүгінгі күні өз көзімізбен көріп, куәсі болып келеміз. Халқымызда "Елге ел қосылса құт қонады" деген аталы сөз бар. Өз Отанына келіп арқасынан ауыр жүгі алынып, жеңілдеп қалған қандастарымыздың қуанышы мен сүйінішін көріп риза болып қаласың. Бұл жатты да жақын тартып, бауырына сыйдырып әкететін қазақ деген халықтың таза қасиеті деп білсек, енді бір жағынан қара орман халқын осы бір күнге бастап жеткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі екенін айта кету артық болмас.

АТАЖҰРТТЫҢ ТҮТІНІ ДЕ ЫСТЫҚ

дейді фестивальге қатысқандар

Қажет АНДАС

Ал "Нұрлы көш" ұлттық жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар шетелдерде жүрген қандастарымыздың атажұртына оралуына тың бастама болатыны анық. Осы мақсатта республика аумағында түрлі іс-шаралардың өтіп жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып, көріп жүрміз. Осыған орай, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында "Нұрлы көш" және "Нұрлы тіл" атты фестиваль өткен еді. Бұл шараны облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен Көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті "Нұрлы көш" ұлттық жобасын қолдау мақсатында тарихи Отанына оралған ағайындарға рухани демеу көрсету және қандастарымыздың бойындағы тіліміз бен мәдениетіміздің қаймағы бұзылмаған қалпын жұртшылыққа насихаттау орайында ұйымдастырды.



Фестивалді облыс әкімінің орынбасары **Серік МҰҚАНОВ** сөз сөйлеп ашты.

Алдымен байқауға қатысушылар мен жиылған алқалы топқа облыс әкімі **Серік Үмбетовтің** құттықтауын жеткізген Серік Мейірханұлы шеттен оралған қандастарымызға жасалып жатқан әлеуметтік көмектер мен оларды бейімдеуге байланысты істеліп жатқан жұмыс жағдайымен таныстырып өтті.

– 1991 жылдан басталған ұлы көш кезіндегі саяси қуғын-сүргіннің салдарынан шетел асып кеткен ағайындардың атажұртқа оралуына орай тудырды. Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Иран, тағы басқа елден келген бауырларымыз еліміздің бар аумағына қоныс тебуіп, экономикамыз бен мәдениетіміздің дамуына да өз үлестерін қосып жатыр. "Ақтабан шұбырынды, Алкакөл сұламаны" көрген қазақ халқы, "Орнында бар оңалар" деген сөздің шындығына көз жеткізді. "Елге ел қосылып мәре-сәре болып жатырмыз. Қазір еліміз аман, жеріміз берік, іргеміз бүтін. Әрине, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Сол кезде елге оралған ағайындар қуанышты да, қиындықты да бірге көтерісті. Облысымыздың экономикасын көтеруге бір кісідей үлес қосты. Бүгінде облыс аумағында қандастарымыздың 321 шаруа қожалығын құрып, жұмыс жүргізуде. Олардың шаруашылықтарын жүргізу үшін 52 мың гектар жер телімі берілді. Ал басқа шағын кәсіпкерлікпен айналысып жүрген ағайындар қаншама. Ең бастысы, қандастарымыз Қазақстан маған не береді деп қарап отырған жоқ. Қайта мен еліме не беруім керек деген ниетпен тырысып, мәдениетімізді өркендетуге үлес қосып жатқандарын мақтаныш етеміз. Отанына оралған ағайындардың ортаға бейімделуіне де жақсы жағдай жасалуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша, келер жылы квота алатын отбасының санын жиырма мыңға жеткізу қарастырылып отыр. Алматы облысына екі мыңнан аса отбасы орналасады. Мұның сыртында 15 жылға 4 пайыздық мөлшерде несие беру арқылы тұрмыс жағдайын түзеуге жағдай жасаумен бірге, 2009–2011 жылдар аралығында ел аумағында жиырмадан астам оралмандар ауылын құру қолға алынбақшы. Оның екеуі Алматы облысының еншісінде. Бірі – Ұйғыр ауданында, енді бірі Талдықорған қаласының Еңбек ауылына орналасады. Біз міне, осындай материалдық көмекпен бірге, рухани жақтан қолдау көрсету үшін 2009 жылы Талдықорған қаласының шығысынан "Оралмандарды бейімдеу-кірістіру" орталығын салуды қолға алмақпыз. Бұл орталықта отандастар білімі мен біліктілігін жетілдіріп, қалаулары бойынша тіл үйренуге мүмкіндік жасалады. Бүгінгі фестиваль да соның жарқын дәлелі. Қазіргі жаһандану жаңжақтан анталап тұрғанда осындай іс-шара ауадай қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Атажұрттан алыста жүрген ағайындардың ұлттық дәстүрін ұмытпағаны біздің ұлт болып мақтан тұтатын нәрсеміз" дегені бар. Бүгінгі шара ел болып топтасудың, алға басудың бастауы деп білемін, – деген Серік Мейірханұлы байқауға қатысушыларға табыс тіледі.

Аталмыш шараға шеттен оралған облыс аумағында тұратын аудан, қалалардағы іріктеу кезеңінен өткен жасы 15-тен асқан 40 қандасымыз қатысты. Олар ақындар айтысы (5 жұп), жазба ақындар мүшайрасы (10 адам) және "Алыстан жеткен асыл ән" (20 өнерпаз) номинациясы бойынша өнерлерін сарапқа салды. Айтыскер ақындар ел мен жер, тіл жайын, атажұртқа оралған ағайындардың мәселесі жайлы ой толғаса, жазба ақындар екі өлеңнен ұсынды. Оның біріншісі Отанға деген сүйіспеншілікті жырласа, екінші өлең еркін тақырыпта болды. Үшінші номинацияда қандастарымыз шетелдерде кең тараған қазақ композиторларының туындыларын, әндері мен күйлерін, ұлттық билерді орындап көрерменнің көңілінен шықты. Әділқазылардың бағасы бойынша, айтыс ақындары арасынан Қаратал ауданынан келген Гүлназ Төлеу, жазба ақындардан Алакөл ауданынан Шынасыл Шотбақұлы, "Алыстан жеткен асыл ән" номинациясында Райымбек ауданынан "Дәстүр би" тобы бірінші орынды жеңіп алды. Екінші, үшінші және ынталандыру жүлдесіне ие болған жеңімпаздармен бірге, барлық байқауға қатысушыларға облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ахмет Кендірбекұлы мен көші-қон комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы Сағаділда Хасенов диплом мен бағалы сыйлық табыс етті. Жеңімпаздарды облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Егеубек Далбағаев құттықтап, қорытынды сөз сөйледі.

Есік қаласында төбесі жабық, 1,5 мың жұмысшы орнына арналған, 5 гектар аумақты алып жатқан сауда-қызмет көрсету кешені пайдалануға берілді. «Жанашар» ЖШС-і деп аталатын сауда-саттық орталығының негізін қалаған жергілікті кәсіпкерлер А. Гард пен В. Метельников.

ЖАҢА БАЗАР АШЫЛДЫ

Бақыды ЗӘКІРОВ

«Жанашардың» ашылуы қажет-ақ болатын. Есік қаласындағы орталық базар тұтынушыға да, саудагерге де тым тарлық ете бастаған-ды. Әрі автотұрақ та жоқ. Айналадағы көшелер күні бойы көлікпен кептеліп, уақыт зурессарсаңмен өтетін.

Қиындықтан шығудың амалы іске асты. «Жанашар» жаңа сауда-қызмет көрсету кешені есігін айқара ашты. Барлық жағынан қолайлы бұл базардан күнделікті тұтыну тауарларынан бастап киім-кешекпен, тұрмыстық заттарды, үй жиһаздары мен өндіріс бұйымдарын, құрылыс материалдарының түр-түрін табуға болады. Автотұрақ та жеткілікті.

– Өзен жағасындағы бұрынғы базар түгел дерлік біртіндеп жаңа сауда кешеніне көшіріледі. Ескі базар орны босаған соң мұнда жастардың ойын-сауық, мәдени-демалыс орны қалыптастырылады. Жаңа мешіт үйі салынады. Жаңа сауда орталығы түсынан жоғары қарай «Алтын адам» аллеясы бойымен өндірістік және іскерлік сауда орындары, қызмет көрсету жаңа ғимараттары бой көтереді, – дейді қала әкімі Беркімбай Бейсеуов.

«Жанашар» сауда-қызмет көрсету кешенінің ашылуына аудандық мәслихат хатшысы Ө. Талғамбеков, аудан әкімінің орынбасары М. Бекетаев қатысып, құттықтады. Ескі базарлардағылардың алғашқы легі жаңа сауда орнына ағыла бастады.

ЕСІК ҚАЛАСЫ,
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ТАРИХИ ТАБЫСУ

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шеңгелді ауылында айтулы оқиға болып өтті. Қазақтың ұлы ғалымы Қадырғали Жалайырдың Қарағанды қаласындағы мемлекеттік комбинатта қоладан құйылған алып ескерткішін артқан жүк машинасы Сарыарқаның сайын даласын басып өтіп, қасиетті жер жаннаты Жетісуға бет алды. Бір жарым тәуліктен соң күнды дүние тиелген құтты машина Арқаның сары аязынан арылып, күн нұрына бөленген шежірелі Шеңгелді жеріне өтіп, ұлы би Бөлек Тасыбайұлының құрметіне тұрғызылған зәулім ескерткіштің қасына келіп бірінші аялдама жасады.

Мұның, әрине, өзіндік бірнеше астарлы себебі бар.

Біріншіден, Жетісудың ең ірі өзені Іленің бойы – Іле алқабының тарихы өте мол. Осы қасиетті өлкеде біздің дәуірімізге дейінгі кезеңде ғұн, сақ, үйсін, юежечи сияқты қазақ халқының этносын құрайтын ежелгі тайпалар өмір сүрді. Тарихтың төріне шыққан ежелгі тайпалардың көреген көсемдері Мөде шаньюй, Тұмар ханымның есімдері түркі тектес халықтарының мақтанышына айналды.

Екіншіден, осы жазиралы аймақта Мұхаммед пайғамбардың аманатын арқалап Алланың хақ дінін тараткан сахабалардың, бүкіл түркі дүниесі Абыз баба деп құрмет тұтатын Қорқыттың, Асан Қайғының, әлемді тітіреткен хандардың ханы Шыңғыс ханның қаһарымен қар боратса да Қожа Ахмет Яссауиге бас иіп, тағзым еткен Ақсақ Темірдің іздері қалды.

Үшіншіден, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында 90 мың әскерімен Жоңғар контайшысы Қалдан Серен Алтынемел тауынан асып өтіп, Іле алқабын басып алды. Жылдар өте Жетісу аймағын жаудан азат ету мақсатында Абылай хан басқарған алты Алаштың қалың әскерінің басында жүрген Қабанбай, Өтеген, Бөгенбай, Ескелді, Балпық, Қабан, Жолбарыс, Жоламан, Сәмен, Сатай, Райымбек, Наурызбай сынды батырлардың Іле алқабында, Шеңгелді жерінде шырақ боп сөнбейтін, оттай лаулаған ерліктерінің мәңгілік табы қалды.

Төртіншіден, 1853 жылы Батыс Сібір округінен Жетісу жеріне аяқ басқан әскери экспедицияның сапында жас офицер Шоқан Уәлиханов бар болатын. Алыстан ат арытып, азып-тозып келген орыс отрядын Іле алқабын сол кезеңде басқарып отырған Жетісудың беделді биі Бөлек Тасыбайұлы мен Ұлы жүз қазақтарының бас қазысы Тілеуші Балпықовтар қарсы алып, оларға барынша көмек көрсетті. Атақты Абылай ханның ұрпағы Шоқан мен Тілеушілердің арасында достық қарым-қатынас осы мезеттен басталды.

Бесіншіден, 1854 жылы Шоқан Уәлиханов Батыс Сібір округінің орталығы Омск қаласына қайта оралғанда оны екі қуанышты оқиға күтіп тұрды. Біріншіден, ол Батыс Сібір губернаторының адъютанты болып тағайындалды. Екіншіден, кадет корпусында оқығанда өзіне дәріс берген ұстазы Костылецкийден маңызды хат алды. Шоқиптің табиғи таланты мен озық ақыл-ойына ерекше сенген орыс ғалымы былай деп жазды: «Құрметті Шоқан! Менің досым, Қазан университетінің құрметті профессоры Иван Николаевич Березин шығыс ғалымы Қадырғали Жалайырдың «Жәми ат-тауарих» кітабын баспадан басып шығарған болатын. Профессор досым, осы кітапты орыс тіліне аудару үшін араб тілін жақсы білетін маман бар ма деген өтінішпен өзіңнің атыңды атады. Құрметті Шоқан, енді өзіңе үлкен өтініш, осы кітапты араб тілінен орыс тіліне тәржімалап бер», – деп ұстазы Костылецкий қолқа салады. Жақында ғана Жетісудан оралған Шоқан Қадырғали Жалайырдың еңбегін аса қызығушылықпен аударады. Себебі бұл кітаптың авторы қазақтан шыққан ғұлама ғалым болғандығында еді. Құнды кітаптың тереңіне үңіле отырып, «бұл дүниеде қазақ тарихына қатысты мағлұматтар өте көп. Өзінің маңыздылығы жағынан Қадырғали Жалайырдың кітабы тарихи еңбектердің арасында бірінші орында тұр» деп рухани мұраға зор баға берді.

Осы келтірілген дәлелдер сөз жүзінде қалып қойған жоқ, ғасырлар өте елміз егемендік алғанда іске асты. Атап айтсақ, Шеңгелді ауылында Шоқан, Қадырғали, Бөлек сынды тарихи тұлғалардың атымен аталынған көшелер ұлы бабаларымыздың есімдерін қалың елге паш етіп тұр.

2005 жылы үлкен жолдың бойында Жетісуға танымал би Бөлек Тасыбайұлына өткен-кеткенге ой салатын зәулім ескерткіш тұрғызылса, 2006 жылы мыңға жуық оқушыларды тәрбиелеп жатқан білім ордасы Шеңгелді орта мектебіне Қадырғали Жалайырдың есімі берілді.

Сондықтан да Талдықорғанда тұрғызылатын ғұлама ғалымға арналған ескерткішті артып келе жатқан жүк машинасының Бөлек баба ескерткішінің басына арнайы кеп тоқтауында тарихи сабақтастыққа толы бірнеше мәнді себептері бар.

Алыс жолды артқа тастап, тұғырдағы орнына мәңгілікке көтерілу үшін келе жатқан Абыз бабаның ескерткішін қарсы алуға ауыл ақсақалдары, беделді азаматтар, іскер жігіттер жиналды. Ауыл имамы баба аруағына Құран бағыштады. Қасиетті Құрбан айт мерекесіне, Алла сәтін салып, сәйкес келгендіктен, ғұлама ғалымның құрметіне құрбандық мал шалынып, құдайы тамақ берілді. Қадырғали Жалайырдың ұрпақтары Абыз бабаның қалдырған рухани мұрасын ұлағат тұтып, ата тарихымыздан ұмытылмас тағылым алды.

Ажар ҚОЖАМҚҰЛОВА,
ҚазҰПУ-нің журналистика факультетінің III курс студенті.

БАЙҚАУ

Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына келер жылы 20 жыл толады. Соған орай қалалық мектеп оқушылары арасында «Ауған оты» атты сурет байқауы өтті. Оған 112 үміткер қатысты.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ

АУҒАН СОҒЫСЫНА АРНАЛДЫ

Балалардың бойында патриоттық сезімді ояту, Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған бұл байқау дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық тұрғыдан өсуіне, ынтасын дамытуға және бейнелеу өнеріндегі жаңа тенденцияны айқындауға мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тоқтарбай Қанапиянов, жауынгер-интернационалист, Вьетнам соғысының ардагері Иван Битюков, 19 жасында Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан Сәбит Оразбековтың анасы Қайнікен Түгелбаева, басқа да Ауған соғысының ардагерлері салтанатты шараға қатысып, жас талапкерлерге шығармашылық табыстар тіледі.

Жалпы талант иелерінің жаны нәзік әрі сезімтал болып келеді. «Ондай болмаса қылқаламмен ойындағыны бейнелеу мүмкін емес» – дейді жас суретшілер.

Әр үміткердің жүрекжарды туындысына көркемсурет мектебінің бір қабырғасы арналған екен. Мұнда соғыстан баласын күткен ана да, жесір қалған әйел де, отбасымен бақытты қауышу кездері де бейнеленген. Әрине, осыншама суреттің ішінен үздігін таңдау өте қиын. Әйтсе де, Қазақстан Суретшілер одағы Талдықорған қалалық филиалының төрағасы, әділқазылар алқасының төрағасы Абай Бейсембеков, Алматы облысы әкімі көркемсурет галереясының директоры Қайрат Қаблисанов, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, балалар көркемсурет мектебінің директоры Серікқали Мырзатаев, көркемсурет мектебінің мұғалімі Маргарита Усманова және Талдықорған қалалық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Қайрат Скаковтар барынша әділ болды деп айтуға болады.

Байқаудың ашылу салтанатынан кейін «Диалог-Талдықорған» газетінің тілшісі, композитор, ақын, әнші Владимир Ким өзінің «Афганец» атты әнін орындап берді. Байқау қорытындысы бойынша кіші топтан III орынға Римма Кошевая, II орынға Александр Лих, I орынға Айнұр Малаева ие болды. Ал жоғары топтан Төлеген Ернаров I, Мақпал Толқынова II, Анастасия Лих III орынды жеңіп алды. Бас жүлде Катя Чебыкинаға бұйырды.

КӨЗАЙЫМ ХАБАР

ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚЫРАҒЫЛЫҒЫ

немесе із-түссіз бір тәулік бойы жоғалған төрт жасар баланы аман-есен тапқан Кербұлақ ауданының полициясы алғыс арқалады



Ағымдағы жылдың 4 желтоқсанында 20 сағат 50 минөтте Кербұлақ аудандық ІІБ кезекші бөліміне осы аудандағы Сарыөзек кенті, Ескелді би көшесі, №23 үй тұрғыны Жұмағұл Бекеевтен төрт жасар немересінің із-түссіз жоғалып кеткендігі жайлы арыз түскен еді.

Дереу жеке құрам көтеріліп, алдын ала мәліметтерді сараптап іздестіру жұмысына кірісті. Бала жоғалған үй Сарыөзектен солтүстікке қарай 3 шақырымдағы «СПТУ базасы» атты қыстақ маңын полицейлер түнімен сүзіп шықты.

Шыны керек, үміт артқан иісшіл ит өз бетімен маңып басқа бағытқа кетті. Бірақ полицейлер табандылық таныта білді. Нәтижесінде ертесінде таңғы 8 сағат 20 минөтте аталған қыстақтың шығыс бетінен (бес шақырым жерде) шидің арасынан Дінмұхамедтің көзі жылтырап жатқан жерінен полиция тауып алды. Бала бірден жылы оралып, аудандық ауруханаңның реанимация бөліміне жеткізілді. Дәрігерлік көмек арқасында бала үсіктен аман қалды. Бүгінде жүгіріп жүр.

Әрине, бұл жерде біреуге кінә артудан аулақпыз. Бірақ, оқырманға түсінікті болуы үшін оқиғаны баян етелік. Осы жылдың екінші желтоқсанында жоғарыда аталған қыстақта малшы болып еңбек ететін Белмұрат Әбілдаевтың жұбайы Ұлтуған Сарыөзекте тұратын әкесінің үйіне қыдырып келіп, туған ағасы Ғалымның 4 жасар баласы Дінмұхамедті ертіп кетеді. Содан 4 желтоқсан күні күндізгі сағат 11 шамасында Дінмұхамед әжетханаға баруға сұранады. Сыртқа шығып кетеді. Сосын 5 минөттен кейін тағы сұранады. Дәл осы сәтте Ұлтуған жас нәрестесін қундақтап тұрып, «Қазір ғана шығып келдің ғой. Не болды?» дейді. Үнсіз тұрған бала сыртқа шығып кетеді. Қолы босаған соң Ұлтуған оны іздеп аулаға шығады. Жоқ. Міне, сол сәске түстен іңір қараңғылығы қоюланғанша олар тайлы-таяғымен Дінмұхамедті іздеп таба алмайды. Амалдары таусылған соң полицияға арыздануға тура келеді. Одан арғысы мәлім.

Қорыта айтқанда, елеусіздіктің салдары неге ұрындырып отыр? Әлбетте, жас нәрестеге айналған ананы да түсінуге болады. Түптеп келгенде, полицияның жұмысына, қырағылығына Дінмұхамедтің ата-анасы, ет жақындары шексіз алғыстарын жаудырды. Сол халықтың бір емес, мың кәдесіне жарап жүрген жандар еңбегінің ерен екендігіне осындай деректерден соң риясыз сенесіз ғой.

Н. ОМАРБЕКҰЛЫ.

Алматы облысының әкімі әкімшілік мемлекеттік бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды

Ұйымдастыру-инспекторлық бөлімнің жетекші маманы, **D-5 санаты** *(негізгі қызметкердің жүктілігі мен босануы бойынша демалыста болу мерзіміне).*

Функционалдық бағыттары: 1. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерін, облыс әкімінің Алматы облысының сыртқы қызметі мәселелері жөніндегі шешімдері мен өкімдерін орындау жөніндегі жұмысты және оған бақылауды жүзеге асыру; облысқа және одан тыс жерлерде облысқа қарымды серіктестер мен инвесторлар іздеу мақсатында өткізілетін халықаралық көрмелерге, жәрмеңкелерге, конференцияларға, семинарларға облыстың қатысуын ұйымдастыру; шет елге жол жүруді ресімдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, қызметтік іссапарларды ресімдеу.

2. Ресей Федерациясымен және ТМД елдерімен жұмысты үйлестіруді ұйымдастырады.

3. Аудандар әкімдері аппараттарына, облыстың ұйымдары мен кәсіпорындарына ҚР Заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, ҚР Үкіметінің Қаулыларын, облыс әкімінің сыртқы байланыстар мәселелері жөніндегі шешімдері мен өкімдерін және басқа нормативтік актілерін орындауда көмек көрсетеді; шет елдермен сыртқы байланысты ынғайту жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

4. Адамдармен тіл табыса білу. Мемлекеттік тілді (ағылшын тілін білгені абзал), компьютермен және оргтехникамен жұмыс істей білу.

Конкурска қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары экономикалық, заңгерлік, педагогикалық. Ұқсас мамандықтың орта кәсіптік білімі рұқсат етіледі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі. Тестілеу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін және мемлекеттік тілді білу тестілерін қамтиды.

Лауазымдық еңбекақының мөлшері (мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдарын есептемегенде) 31537 теңге.

Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің басқармасында (Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 38, 119 б.) құжаттарды тапсыру мерзімі біткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тест өтеді.

Тестілеу рәсімін өткеннен кейін, бес жұмыс күні ішінде, үміткерлер облыс әкімінің конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар облыстық «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерінде конкурс өткізу жайлы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс: **Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 38, 524 б.,** телефоны: (7282) 27-19-08.

Бас маман – облыс әкімі орынбасарының кеңесшісі, D-4 санаты

Функционалдық бағыттары: 1. Облыс әкімі орынбасарының құжаттамалық қамтамасыз етілуін жүргізеді, кіріс және шығыс құжаттарын, азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштерін талдайды, жоғарғы органдарға ақпараттар, анықтамалар, хаттар дайындайды, облыс әкімінің орынбасары жетекшілік ететін мәселелер бойынша қабылдаулар және кеңестер ұйымдастырады.

2. Жоғарғы органдардан түскен құжаттардың, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің, облыс әкімінің орынбасары басшылық ететін комиссиялардың тапсырмалары мен шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады; жоспарлау кеңесінің барысына және облыс әкімі мен облыс әкімі орынбасарының басқа тапсырмаларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

3. Облыс әкімінің орынбасары өткізетін кеңестер мен мәжілістердің дайындалуын және өткізілуін ұйымдастырады.

4. Ұжымда жұмыс істей, адамдармен тіл табыса білушілік. Мемлекеттік тілді, компьютермен және оргтехникамен жұмыс істей білу.

Конкурска қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі – жоғары кәсіптік. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шет елдің жоғары оқу орындарында шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды (бакалавриат) аяқтауы. Тестілеу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін, мемлекеттік тілді білу және логикалық тестілерін қамтиды.

Лауазымдық еңбекақының мөлшері (мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдарын есептемегенде) 35 322 теңге.

Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің басқармасында **(Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 38, 119 б.)** құжаттарды тапсыру мерзімі біткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тест өтеді.

Тестілеу рәсімін өткеннен кейін, бес жұмыс күні ішінде, үміткерлер облыс әкімінің конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өтеді.

Конкурска қатысу үшін қажетті құжаттар облыстық «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерінде конкурс өткізу жайлы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс: **Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 38, 524 б.,** телефоны: (7282) 27-19-08.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық мемлекеттік меншіктегі объектілерін сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (арендаға) беру бойынша тендер өткізеді.

Тендер 2008 жылғы 29 желтоқсанда, сағат 10-00-де өтеді. Өткізілетін орны: **Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 111-үй, 206-бөлме.**

Тендерге қойылатын жайлар:

1. Талдықорған қаласы. Өтенай ауылында орналасқан «№ 21 орта мектеп, мектепке дейінгі шағын-орталық» ММ асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 102 ш.м.

2. Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Чепрасов к-сі, 5-үй мекенжайында орналасқан «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МҚК ғимаратындағы дәріхана ретінде пайдаланатын жай.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 24 ш.м.

3. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, 8-Март көшесінде орналасқан «Есік қаласының перзентханасы» ММ буфеті.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

4. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, 8-Март көшесінде орналасқан «Есік қаласының перзентханасы» ММ ғимаратындағы жайлы күнделікті сұранысы бар тауарлар сату үшін пайдалану.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 16 ш.м.

5. Текелі қаласы, Стадион көшесі, 41-үй мекенжайында орналасқан «Текелі қаласы карттар мен мүгедектерге арналған жалпы түрдегі интернат-үйі» ММ буфеті.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 10,3 ш.м.

6. Талдықорған қаласы, 7-шағын аудан мекенжайында орналасқан Алматы облысының ІІД жол полициясы басқармасының асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 32 ш.м.

7. Еңбекшіқазақ ауданы, Ақши ауылында орналасқан «Ақши орта мектебі» ММ асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 43 ш.м.

8. Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылы «Қаражота селолық округ әкімдігі» ММ ғимаратындағы жайды күнделікті сұранысы бар тауарлар сату үшін пайдалану.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 58,5 ш.м.

9. Еңбекшіқазақ ауданы, Бәлек ауылындағы «М. Горький атындағы орта мектебі» ММ буфеті.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

10. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21, «Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігі» ММ асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 37 ш.м.

11. Еңбекшіқазақ ауданы, Таукаратұрық ауылы «Таусүгір орта мектебі» ММ жайды кеңсе тауарларын сату үшін пайдалану.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 7,6 ш.м.

12. Еңбекшіқазақ ауданы, Таукаратұрық ауылы «Таусүгір орта мектебі» ММ буфеті.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 13,87 ш.м.

13. Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы «Алтынсарин орта мектебі» ММ асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 10 ш.м.

14. Панфилов ауданы, Головацкий ауылы «Головацкий орта мектебі» ММ асханасы.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 63 ш.м.

15. Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21, «Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігі» ММ ғимаратындағы жайды кеңсе ретінде пайдалану.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 74 ш.м.

Тендер шарттары: жоғары бағада жалға беру төлемін қамтамасыз ете отырып, жайды нәтижелі пайдалану.

Бір жылға жалдық төлемнің бастапқы мөлшері:

– Талдықорған қаласындағы орта мектеп асханалар үшін бір шаршы метрге 195 теңге;

– дәріхана үшін – бір шаршы метрге 1040 теңге;

– «Есік қаласының перзентханасы» ММ және «Текелі қаласы карттар мен мүгедектерге арналған жалпы түрдегі интернат-үйі» ММ буфеттері мен «Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігі» ММ асхана үшін – бір шаршы метрге 650 теңге;

– күнделікті сұранысы бар тауарлар сату үшін – бір шаршы метрге 1950 теңге.

– Алматы облысының ІІД жол полициясы басқармасының асханасы үшін – бір шаршы метрге 975 теңге.

– жергілікті жерлердегі мектеп асханалары үшін – бір шаршы метрге 65 теңге;

– кеңсе ретінде пайдалану үшін – бір шаршы метрге 910 теңге.

Жалға беру мерзімі бір жылға дейін.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мына құжаттарды ұсыну керек:

– тендерге қатысу үшін тапсырыс;

– тендер шарттарына сәйкес объектіні пайдалану туралы ұсыныстар;

– заңды тұлғалар – құрылтай құжаттарын (нотариалдық кеңседе расталған) көшірмесін, олардың өкілдерінің уәкілдігін растайтын құжаттарды;

– жеке тұлғалар – төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттар көшірмесі;

– дәрі-дәрмекпен айналысатын тұлғалар үшін, нотариатпен расталған лицензия көшірмесі.

Өтініштер ақпараттық хабарлама шыққаннан бастап, тендер өткізілуіне бір күн уақыт қалған күнге сағат 18.00-ге дейін мына мекенжайда қабылданады: **Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 111-үй, 206-бөлме.**

Қосымша ақпараттарды Талдықорған қаласындағы **273-639** телефоны арқылы алуға болады.

Тендер мына мекенжайда өтеді: **Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 111, 206-бөлме.**

18 ЖЫЛ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТТЫ!



МЕН ҚАЗАҚПЫН

Тепкісін тенеріктің сүйреп алда,
Өлметен өмір бойы менің қазақ.
Өзбірлік, тенсіздікті көріп өскен,
Әлемге айгізімдім бүгін ғажап.

Іні бар байтағымыз сағған өрнек,
Көк түрік ұрпағының білген жер-көк.
Даламдай пейілім кен, жаным ақ,
Ар намыс кеудемде тұрған көрнек.

Сарыарқа сахаралы даладанмын,
Қасірет тартқан жанмын, жаладан мын.
Жаралған елден ерек, сезім сергек,
Бәйгеге шын қосылсам алаңдамын.

Тектімін рухым биік, ойым озық,
Ел болдым ғасырлардан келсем тозып.
Ғарыштың кемесінен сәлемдестім,
Қараны алты құрлық мойын созып.

Көк туым көкте биік желбіреді,
Астанам асқақтады, ел біледі.
Күйінді дүниеге бүгін, сүйінді дос,
Ұлы Алла сақта егемен елді, жерді!

Қол жеткен ұлы істермен
мақтанамын,
Бейбіт күн құшағында
шаттанамын.
2010 жыл ЕҚЫҰ-ға
Етуге төрағалық аттанамын.

Құдайберген ҚОРАБАЕВ.



ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Алда ел тәуелсіздігінің бүкіл әлемге паш еткен, ақ түйенің қарны жарылған Тәуелсіздік мерекесі келе жатыр. Көпұлтты егеменді еліміз биылғы мерекені де толайым табыспен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып отыр.

Облысымыздағы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының негізгі міндеттері – «Дағдарыстан дамуға» атты Жолдауды жүзеге асырудан туындайды. Президентіміздің Жолдауында алға қойылған мақсат – халықтың әл-ауқатын жақсарта түсу. Мұқтаж адамдарға мемлекет көмегін арттыру, елді мекендерді ажарландырып, көркейту, жаңа жұмыс орындарын көптеп ашу. Бұны да облыстық мәслихат депутаттары атқару органдарымен бірлесе отырып, жұмыс күндерін елдің өзекті деген мәселелерін іске асыруға арнады. Төртінші сайланған облыстық мәслихаттың құрамында қоғамның әртүрлі салаларының өкілдері бар. Халық қалаулылары әртүрлі сала мамандарынан құралуға тиіс. Сонда ғана көптің көңілінен шыға аламыз. Елдің талап-тілегін орындау үшін сол саланы жақсы білетін, істің оң шешімін айна-қатесіз шеше алатын жанашыр керек. Бұл көпшіліктің жоқ-жітігін түгендеуге мүмкіншілік туғызады. Мәселен, 44 мәслихат депутатының 23-і ауылшаруашылық мамандары. Бес депутатымыз құрылыс саласында еңбек еткен, жеті депутат денсаулық сақтау маманы, он депутат шағын және орта бизнес кәсіпкерлері. Депутаттарымыздың қатарында электр жүйесі, байланыс, көлік саласы қызметкерлері де бар. Құрамымызда әртүрлі сала қызметкерлерінің барлығы сессияда қаралған мәселелердің оң шешім табуына ықпал етеді.

Елбасымыз Н. Назарбаев елді дағдарыстан алып шығу мақсатында «Дағдарыстан дамуға» атты Жолдауында ерекше мән берді. Бұл орайда ұйымдастырылған «Жол картасы» бағдарламасы біздің облысымызда да қолдау тауып, игі шаралар іске асырылды. Аталмыш бағдарламаға депутаттардың да үлес қосқанына ел куә.

Алматы облысы көлемінде «Жол картасы» бағдарламасына 12 млрд. 744 млн. теңге қаржы қарастырылды. Оның ішінде 7 млрд. 767 млн. теңге республикалық бюджеттен, 4 млрд. 977 млн. теңге жергілікті бюджеттен белгіленген. Осы қаржының қандай бағыттарға бөлінгені жөнінде тарата айтсақ, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жөндеу жұмысына 49 жоба бойынша – 4778 млн. берілді. Олардың ішінде 12 жоба сумен қамтамасыз етуге, 17 жоба қалаларды көркейту мен абаттандыруға бағытталған.

Жол жөндеу жұмыстарына 48 жоба бойынша 2784 млн. теңге қарастырылды. Оның 29-ы облыстық деңгейдегі, 19-ы аудандық деңгейдегі жолдар.

Мектептерді, емханалар мен басқа да әлеуметтік нысандарды жөндеу барысында 83 жоба бойынша 3144 млн. теңге қарастырылды. Оның 50-і білім беру, 26-сы денсаулық сақтау, 1-уі әлеуметтік қорғау, 4-еуі мәдениет, 2-еуі спорт нысандарына қарастырылды.

Ауылдардың әлеуметтік-мәдени нысандарын жөндеуге, көркейту мен абаттандыруға 56 жоба бойынша 2039 млн. теңге белгіленді. Оның ішінде 6-уы мәдениет нысандарына, 50-уі абаттандыру мен көгалдандыру мақсатына бөлінген.

Әлемдік экономикалық дағдарыс әсеріне қарсы іс-әрекеттер жағдайында мәслихат депутаттары нақтылы іспен жұртқа көмек көрсетті. Бұл орайда ауыз толтырып айтар мысалдар жетерлік.

Мәселен, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Әбдіжапар Қыстаубаев Балқаш ауданындағы «Бірлік» агрофирмасының бас директоры қызметін атқарады. Ол күріш өндіруде облысымызда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізіп, көптеген марапаттарға ие болған азамат. Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» серіктестігінің бастығы Виктор Хильниченко да қызылшадан мол өнім алып, ел несібесін арттыруға атсалысуда.

Жамбыл ауданынан сайланған облыстық мәслихаттың депутаты Марат Мырзағалиұлы ірі цемент зауытын іске қосты. Қазіргі күні зауыт 220 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Кей депутаттарымыз әлеуметтік жағдайы нашар жандарға қаржылай қолдау көрсетіп, ел алғысына бөленуде. Депутат В. Маткова тұрмысы нашар отбасыларына, мүгедектерге көмек ретінде 156 мың теңге қаржы беріп, тағы он баланың жазғы демалыс орнында демалуына жағдай жасады.

Облыстық мәслихат депутаты Оразгелді Түктібаев өз округінде денсаулық саласына арнаулы материалдық көмек көрсетіп отырады. Оразгелді Бебенұлы Таусамалы ауылының жолын жөндеп, Құрамыс елді мекеніне қосымша телефон жүйесін жүргізуге де атсалысты.

Алматы облыстық мәслихатының №2 Үшарал сайлау округінен сайланған депутат Қанатқан Нүсіпов Алакөл ауданының Қабанбай ауылындағы туберкулез ауруханасының жөндеу жұмысына 14 млн. 700 мың теңге қаржы бөлуге ықпал етті. К. Нүсіповтың депутаттық сауалының арқасында Үшарал қаласында туберкулез ауруханасы ашылды. Бұлақты және Зіготзерно ауылдарында ауыз су мәселесі де жергілікті депутаттың атсалысуымен іске асырылды. Депутатымыз Ақтүбек ауылдық округіндегі әжелер ансамбліне 300 мың теңге қаржыға ұлттық үлгідегі киім тіктіріп берді.

Депутаттық тұрақты комиссия отырысында елдің арыз-шағымы, өтініші мұқият қаралады. Биыл Еңбекшіқазақ ауданынан сайланған бір топ депутат Түрген-Асы жолын жөндеу уақыт күттірмес мәселе екендігі жөнінде мәселе көтерген болатын. Депутаттар тарапынан тиісті орындарға сауал жолдануының арқасында мәселе оң шешімін тауып, жиырма жылдан бері жөндеу көрмеген жол жаңартылды.

Халық қалаулылары үшін «Қазақстан мәслихаттары депутаттары бірлестігі» атты республикалық қоғамдық бірлестіктің құрылуы маңызды оқиға айналды. Осының арқасында бірлестік мүшелері жылына бір рет басқа облыстардың депутаттарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасуда [illegible] мүмкіндікке ие болды. [illegible] депутаттардың білімін көтеру, [illegible] саяси және құқықтық белсенділігін арттыру мақсатында шаралар да жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының Ата Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің нәтижесінде жергілікті өкілетті органдардың рөлі артты. [illegible] Бүгінде депутаттардың көп көлемді мәселелерді түбегейлі саралап шешуге мүмкіндігі мол. Олар қоғамдық өмірдің барлық саласына белсенді түрде [illegible] алдындағы жауапкершілігін [illegible].

Облыстың бүгінгі даму көрсеткіші [illegible] шаруашылығы саласы [illegible] табыстарға қол жеткізді. Инвестиция, құрылыс, өндіріс салаларында да алға жылжу байқалады. Мәслихаттың сонғы сессиясында 2010 – 2012 жылдарға арналған бюджеттің жобасы бекітілді. Облыс бюджетінің шығысына 2010 – 2012 жылдары 459,7 млрд. теңге бағыттау жоспарланып отыр. Оның ішінде 2010 жылы 171 млрд. 817 млн. теңге, 2011 жылы 134 млрд. 877 млн. теңге, 2012 жылы 153 млрд. 9 млн. теңге. Осы жоспарланған бюджет елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға сеп жетеді.

Бұл көптеген ұлттан құралған Алматы облысы халқының қол жеткізген жетістігі. Татулығымыз берік болса алмайтын асу жоқ. Ендеше, тәуелсіздігіміз баянды болсын! Барлығымыз бірлесе отырып ел бірлігін сақтауға атсалысайық.

Ардақ СЫДЫҚ,
облыстық мәслихаттың хатшысы.

● ЕЛ ЕРТЕҢІ

Тәуелсіздікті қалай түсінесің?

Еліміз тәуелсіздік алғалы он сегіз жыл болды. Әлемдегі алпауыт елдермен тереземіз теңеліп, болашаққа ерге қадам басып бара жатқанымыз көңіл қуантады. Дәл осы жылдары дүниеге келген сәби бүгіндері [illegible]. Десе де, ел болашағы алда талай сынақтың бар екенін ескерсек, ертеңгі биліктің тізгінін ұстайтын жастар жалынды болсын деп тілейміз. Ол үшін жас буын тәуелсіздіктің қолға келген қиыншылығы мен оны [illegible] орнықтыруы керек. Бүгінгі балалар бұл үміттен шыға ала ма? Осы мақсатпен Талдықорған қаласы, Көктал ауылына орналасқан Е. Берлікожаұлы атындағы №11 орта мектебінің оқушыларымен кездесіп, «Сен, тәуелсіздікті қалай түсінесің?» деген сұрақ төңірегінде сұхбаттасып көрген едік. Олардың жауабы жүрегімізді жылытты.

Ажар ЕРБОЛҒАН, 11-сынып оқушысы: – [illegible]

Назерке ЕРТАЙ, 8-сынып оқушысы: – Мен бұрын басқа ұлттар мықты деп ойлаушы едім. Қазір «Қазақстан тарихы» [illegible]

[illegible] ЖАҚЫПБЕКОВ, 6-сынып оқушысы: – Мен спортқа, оның ішінде ауыр атлетикаға қызығамын. [illegible]

Ал, төменгі сынып оқушылары өздерінің шағын ойларын айшықтап айтып бере алмаса да, Отанға деген сүйіспеншіліктерін өлеңмен жеткізіп жатты.

Нұрсұлтан РАЙЫМҚҰЛОВ, 4-сынып оқушысы:

Тәуелсіздік ата-баба арманы,
[illegible]

[illegible]

Иә, тәуелсіздік жайлы жас достардың өзіндік айтары бар екен. [illegible]

Әзірлеген Қажет АНДАС.

● БІЗ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРМЫЗ!

Тату елдің ризығы мол

Еліміздегі экономикалық табыстар, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы, өмір сүру стандарттарының өсуі Қазақстанның тәуелсіздігінің, демократиялық дамуының жаңа кезеңіне берік тұғыр жасап берді. Еркін еліміздің демократиялық жетістіктері біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың үздік дәстүрлерімен шарасыздық үнемі табуда. Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін тұрақтылықты, қоғамдық келісімді сақтау – Қазақстанның әрбір азаматының маңызды міндеті.

Қазақстанда өзге еш бір мемлекеттерде жоқ ұлтаралық қатынас қалыптасып отыр. Отан – ортақ рухтың бірлігі. Яғни, қай ұлт болмасын, Отан алдындағы жауапкершілігіміз бір. Адам өз ұлтын сүймесе, ол өзге ұлтқа құрметпен қарай алмайды. Мен өз ұлтымның ұрпақтарын қалай қадір тұтсам, қазақстандық барлық халыққа сондай көзқарастамын. Қасиетті қазақ топырағында, қай ұлт, ұлыс болмасын бірге туған бауырлардай тату-тәтті ғұмыр кешіп келеміз. [illegible] Тату елдің ризығы мол деген осы.

Мен көпұлтты, 30 мыңнан астам тұрғыны бар Шелек ауылының жігіт басы, ақсақалдар алқасының халық сенген өкілі ретінде барлық [illegible] әсіресе жастарды Отанымыздың болашағын мақтаныш тұтуға, іргетасының нығая түсуіне үлес қосуға шақырудан жалыққан емеспін. Қай ұлт болмасын олардың балаларын қазақстандық патриоттыққа, отансүйгіштікке, достық пен татулыққа баулуымыз шарт. Біз, қазақстандықтар, ортақ үйіміз – Қазақстан мемлекетін қорғауға, оның елін, жерін қадірлеуге міндеттіміз. Оған ұйтқы ұлты өкілдерінің де жұмыла атсалысары сөзсіз деп білемін.

Қысқаша ғана бір мысал – сонау 1986 жылғы еркіндік пен бостандық, тәуелсіздік үшін жасалған Желтоқсан оқиғасына қазақ жастарымен бірге қол ұстаса Абайдуллам Ратиевтың сондағы ержүректігін, айналасындағылармен болған айнымас достығын мақтанышпен айта аламын. Алайда, Кеңестер Одағының әділетсіз баға беруінің кесірінен қазақ елін Отаным деп жүрген соққан Абайдуллам бұл қайсарлығы үшін бес жылға бас бостандығынан айырылып, абақтыға жабылды. Үш жарым жыл қара түнек қапаста күн кешті. Сонда да мойымады. Еліміз тәуелсіздікке ие болып, әділеттік жеңді. Абайдуллам бауырымыз қасақана жасалған жаладан құлантаза ақталды. Тәуелсіз еліміз оның ерлігін жоғары марапаттармен бағалады. Жеке тұрғын үйге ие болып, қазіргі таңда отбасылы, үш баланың әкесі атанған. Олардағыдай жұмыспен қамтылып, бақытты ғұмыр кешуде. Бұл – тәуелсіздігіміздің жемісі.

Елбасымыз айтқандай, біз қашанда тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз. Тәуелсіздік күні мерекесі құтты болсын, ағайындар!

Абдусалам ДАУЫТОВ,
Шелек ауылы ақсақалдар алқасының мүшесі.

Джон МАНН,
Ұлыбритания парламенті қауымдар палатасының депутаты:

"Біз Орталық Азияны көбіне біртұтас дүние ретінде қарастырамыз. Алайда осы өңірдегі елдер арасынан Қазақстан неғұрлым серпінді прогресс танытып отыр, бұл ел либералдық демократия белгілеріне ие болуда.

Либералдық-демократиялық ахуал инвестиция үшін қолайлы климатқа ықпал ету үшін біз осы процестердің нығаюы мен дамуына жәрдемдесуге тиіспіз".

(Ұлыбритания парламентінің қауымдар палатасында Қазақстан бойынша тыңдауларда сөйлеген сөзінен).

Дмитрий ВАЛОВОЙ,
ресейлік экономист және журналист:

"Қазақстан интеграциялық жағынан да, сондай-ақ ішкі процестерде де жоғары деңгейде болатындай барлық ресурстарға ие.

Бұл орайда республиканың табиғи ресурстары белгілі рөл атқарады. Бұдан басқа, елдің адамдық және зияткерлік жақсы әлеуеті бар, соның арқасында егемендік жылдарында Қазақстан қуатты экономикалық база жасады.

Алайда елдің ең басты жетістігі – табысты экономикамен әлеуметтік мемлекет құруға қызмет етуінде. Бірінші кезекте бұл балалар мен зейнеткерлерге жасалатын қамқорлыққа қатысты"

(2005 жылғы наурыз).

Хо Вай Ипа,
Гонконг ғылым және технология университетінің саяси ғылымдар докторы:

"Қазақстан Н. Назарбаевтың басшылығымен шын мәніндегі егеменді мемлекеттің саясатын паш етуде, ол дамудың кеңестікте, сондай-ақ батыстық та модельдерін өңкарлыкпен қабылдай салып отырған жоқ.

Керісінше, бұрынғы КСРО-ның көптеген басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстан қоғамды саяси, діни немесе қандай да бір басқа шығындауларға ұрындырмай, тәуелсіздік алған кезден бастап дамудың өзіндік жолымен келе жатыр.

Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және 2003 жылғы әлемдік дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезі сияқты сындарлы сыртқы саяси бастамалар ұсынып отыр.

РФ, АҚШ, ҚХР және Жапония төрізді әлемдік державалардың, сондай-ақ, ЕО-ның стратегиялық мүдделеріне қарамастан, осы процестерге бастамашылық жасау рөлін өз мойнына алды, бұл Қазақстанның өңірдегі диалогті, төзімділік пен плюрализмді жолға қоюдағы көшбасшылық рөлін растайды".

● АТАМЕКЕН

Қазір әлемде екі жүзге жуық мемлекет бар делінсе, солардың арасында тек Германия, Израиль және қазақ елі ғана сыртта жүрген қандастарын өз атажұртына жиып, олардың тұрмысы мен тіршілігіне қарайласатын арнайы заң шығарып, көшіп келіп қоныстануына жеңілдіктер жасап отырғаны шындық. Осы бір ұлы бастаманың нәтижесін бүгінгі күні өз көзімізбен көріп, куәсі болып келеміз. Халқымызда "Елге ел қосылса құт қонады" деген аталы сөз бар. Өз Отанына келіп арқасынан ауыр жүгі алынып, жеңілдеп қалған қандастарымыздың қуанышы мен сүйінішін көріп риза болып қаласың. Бұл жатты да жақын тартып, бауырына сыйдырып жететін қазақ деген халықтың таза қасиеті деп білсек, енді бір жағынан қара орман халқын осы бір күнге бастап жеткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі екенін айта кету артық болмас.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

1991 жылдан басталған ұлы көш кезіндегі саяси қуғын-сүргіннің салдарынан шет ел асып кеткен ағайындардың атажұртқа оралуына орай туған Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Иран, тағы басқа елден келген бауырларымыз еліміздің бар аумағына қоныс теуіп, экономикамыз бен мәдениетіміздің дамуына да өз үлестерін қосып жатыр. "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны" көрген қазақ халқы, "Орнында бар оңалар" деген сөздің шындығына көз жеткізді. "Елге ел қосылып мәре-сәре болып жатырмыз. Қазір еліміз аман, жеріміз тұтас, іргеміз бүтін. Әрине, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Сол кезде елге оралған ағайындар қуанышты да, қиындықты да бірге көтерісті. Облысымыздың экономикасын көтеруге бір кісідей үлес қосты. Бүгінде облыс аумағында қандастарымыз 321 шаруа қожалығын құрып, жұмыс жүргізуде. Олардың шаруашылықтарын жүргізу үшін 52 мың гектар жер телімі берілді. Ал басқа шағын кәсіпкерлікпен айналысып жүрген ағайындар қаншама. Ең бастысы, қандастарымыз «Қазақстан маған не берді?» – деп қарап отырған жоқ. Қайта мен еліме не беруім керек деген ниетпен тырысып, экономикамыз бен мәдениетімізді өркендетуге үлес қосып жатқандарын мақтанышпен айтамыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Атажұрттан алыста жүрген ағайындардың ұлттық дәстүрін ұмытпағаны, біздің ұлт болып мақтан тұтатын нәрсеміз" дегені бар. Бұл ел болып топтасудың, алға басудың бастауы деген сөз.

Халқымызда "Жеті атасын жоқтаған жеті қазынаға кез болар" деген сөз бар. Қазіргі күнде бабаларымыздың жаратқан ұлан-ғайыр мәдениетімен мақтана аламыз. Тәубе, тәуелсіз ел болғалы жоғымыз табылып, толықтанып келеді. Міне, осы ұлттық құндылығымыздың бірі – қазақтың хан дойбысы. Қилы-қилы заманның салдарынан ұмыт болған мұраны 15 жыл бойы іздеп, оның құпиясын ашып, халық қазынасына қосқан Анұар Қабдолдаұлы қытай елінен атажұртқа оралған қандасымыз екені көңілге жұбаныш ұялатады.

Өнертапқыш үшін осы күнге жету оңай болған жоқ. Қытай елінде туып, жат елдің білімімен өссе де, ол бала жастайын ұлттық құндылыққа ден қойды. Қазақтың тарихын құныға оқыды. Ауыз дуалы ақсақалдармен кеңес құрды. Осындай тынымсыз іздену барысында қазақтың хан дойбысы туралы тың деректерге қол жеткізді. Содан кейін ұмыт болған ұлттық ойынның құпиясын ашуға бірден кірісіп кетті.

Хан дойбысы ойынының маңызы мен мәні туралы өнертапқыш Анұар Қабдолдаұлы жан-жақты түсіндіре келіп, оның құндылығы жайында ой өрбітті.

–Тарихы тереңде жатқан хан дойбысы темір дәуірінің өркендеу кезеңінде жарыққа шыққан. Хан мен би, бек пен батырлар арасында ойналып сақталғаны белгілі. Оны Үйсін, Жетісу, Отырар қазбаларынан табылған тас, ағаш, сүйектен жасалған қазақ үй пішінді дойбылар айғақтайды. Ойынның шешуі өте күрделі. Өйткені, ол тұтас қазақ халқының өмір сүру тәсіліне сай келген. Қазақтың философиясы – ою-өрнек, идеологиясы – қазақ үйдің құрылымы, білімі – даналық сөзі, тылсымы – қазақы болмыс. Міне, осы төрт биіктік аталмыш ойынның құпиясы болып саналады. Егер кімде кім бұл ойынды толық меңгермек болса, алдымен халқымыздың ұлттық болмысын білуі талап етіледі, – деді ол.

"Еңбегі бардың, өнбегі бар" дегендей, тынымсыз ізденуден үлкен нәтиже шықты. Аталмыш ойын тарихшы ғалымдардың назарын аударды, ұлтым деген азаматтардың қолдауына ие болды. Ең үлкен табыс өнертапқыштың Елбасына жазған хаты ескеріліп, 2008 жылдың 11 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің спорт комитеті тарапынан Қазақтың дана би дойбысы ұлттық спорт түрі ретінде "Ұлттық спорт түрлері" тарауына енгізілді. Алдағы уақытта бюджет есебінен қаржыландыру да қарастырылып отыр.

Алдағы міндеттер де ауқымды. Хан дойбысын дамыту ұйымы 2009 – 2010 жылдар арасында республика аумағында және түркі тілдес мемлекеттерде аталмыш ойынды таныстыру, жаттықтыру шараларын ұйымдастыруды жоспарлаған. Осыдан кейін, яғни 2010 жылдан бастап, ресми түрде аудандық, облыстық жарыстар өтеді. Әрі қарай халықаралық деңгейдегі спорт ойындарына айналары сөзсіз.

Абай атамыз айтқандай: "Бай болу үшін кәсіп болуы керек". Иә, кәсіп жай ғана айтыла салған сөз болғанымен, оның қиыншылығы мен көп білімді қажет ететіндігін ескерсек, табандылық танытқан ағалар ғана өз үлесін алады да, төзе алмағандар жол ортада жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Дегенмен ойға алған мақсатын бір басына шығармай тыным таппайтын азаматтар да баршылық арамызда.

– Біздің бұл межеге жетуіміз де оңай болған жоқ, – деп өзін таныстыра бастады Халел Тоқтасынұлы. – Атажұртқа көшуге керекті құжаттарымызды реттеп болғаннан кейін, алдымызда қандай кәсіп істеу керек деген сұрақ тұрды.

Бұл туралы көп кеңестік. Ойласа келіп, дақ киім өндірісімен шұғылдануды жөн көрдік. Себебі, шекаралық маңның қазақ жерінен алып отырған қытайлық кәсіпорындар өндірген өнімдерін Қазақстан нарқына шығарады. Мұның өзі осы өнімді елімізде өндіруге үлкен мүмкіншілік бар деген сөз. Алайда, тарихынан ұсақ өндірісімен айналысып келе жатқан қытайлар өз өнерінің құпиясын басқаларға үйреткісі келмейді. Біз жора-жолдастарымызды ортаға сала жүріп, қомақты қаражат іздеп, қытай жерінде аталмыш кәсіппен айналысып [illegible] жасасып, үш жыл өнер үйрендік.

Бұл жігіттердің табысы толайым. Олардың осы игі жұмысты қалай дөңгелентіп әкетпекші [illegible]. Сұрақ көп, жауабы да дайын.

– Біздің мұндай жетістіктерге қол жеткізуіміз Қазақстан сынды еліміздің болғандығынан деп қарауға болмайды. Шет елде жүріп көрдік, тұрақтау етуге болғанымен, сөзі өнердің маманы жолатпайды. Көп жағдайда қағылып қалып отырасың. Ал, өз еліміз өтетіміздегі теңкен жоқ, қайта қалаған кәсіппен шұғылдануға жол ашты. Тәубе, қазір әр кәсіптің тетігін меңгерген жігіттеріміздің саны да көбейіп келеді.

[illegible]

Қазақтың жалғыз ғана Отаны бар. Десе де, қазір шыққан әлем мемлекетте өзіміздің қандастарымыз тұрып жатыр. Әрине, сол елдердің барлығында өзіндік өмір сүру құпиялары бар. Айтар болсақ, түріктің кілем-кесесі, венгрдің былғары өңдеу, француздың әтір, жапонның электроникасы, немістің машина жасау өндірісі, қытайдың шағын кәсіпкерлігі, тағысын тағылар. Ал сондағы қандастарымыз, міне осындай өнерлердің тетігін меңгеріп, өз елімізде өндіру мүмкіндігіне ие бола алса, елімізді әлемдегі өркениетті елге айналдырып қана қоймай, атажұртқа атбасын бұрғандағы армандарымыздың орындалғаны болар еді.

Атажұртта орындалған тағы бір үлкен арман қытай саясатының қуғын-сүргініне ұшырап, өмірінің қырық жылын қытай абақтыларында өткізген Қажытұмар Шабданұлының «Қылмыс» атты эпопеясының жарыққа шығуы, сүйінші сұрар жаңалық болды. Сонау 1932 – 1933 жылдар аралығындағы сталиндік саясаттың салдарынан қолдан жасалған аштық пен қуғын-сүргіннің сипатын ашық айтудан бастау алатын аталмыш кітап қытай жеріне ауып барған қазақтардың көрген өт қорлығын арқауына жазады. Қытай қазақтарының «Үш аймақ» сынды Ұлт азаттық күресінің мәні мен тарихи орнына кеңкемдің тұрғыда талдау жасай келіп, 1966 – 1976 жылдар аралығындағы қытайда орын алған «Мәдени төңкеріс» шындығын жайып салады. Әр тарауы «Құрметті, тергеушім, өтірік көсем тас төбемнен ұрыныз!» – деген шымшыма сөзбен басталып отыратын дүниенің тұла бойы коммунистік идеологияның сүркия келбетін аяусыз шенеуге бағыт алады. Иә, тарихтан бері адамзат баласы қоғамды сынап келеді. Алайда, «Пролетариат жасасын!» дейтін жалған ұранның қалқасына жасырынған аярлықты, жауыздықты Қажытұмарша аяусыз айғақтаған, анық айтқан ешкім жоқ. Сондықтан аталған туынды дүние әдебиетіне қосылар ұлы еңбек ретінде бағаланып отыр.

Дәйім, тәуелсіздігіміз тұғырлы болса, әлі талай армандарға ақ жол ашылып, ұлағаты мен пайымы жарасқан азаматтардың мыңдап өсетініне күмән жоқ.

АСУЛАРЫ

аралығында талай белестерден өтіп үлгірді. Талай асуларды бағындырып, болашаққа сеніммен қарайтын жағдайларға жеттік.

Осы жетістігіміздің барлығы 1995 жылы бүкіл халық болып бір ауыздан қабылдаған Ата Заңымызға тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық,зайырлы,құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігін, сонымен қатар мемлекет үшін ең басты құндылық әрбір азаматтың өмірі, құқығы мен бостандығы екендігін бекітіп берді.

Елбасы әзірлеген "Қазақстан – 2030" бағдарламасында елдің XXI ғасырдағы қозғалысындағы ұзақ мерзімді негізгі басым бағыттары айқындалған. Онда Қазақстанның тәуелсіз, жеке мемлекет ретінде өз жерін сақтай отырып,ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі саяси тұрақтылықты күшейте отырып, қоғамды біріктіру, жоғарғы деңгейдегі шетелдік инвестиция және өзінің мол қорымен ашық нарықтық экономикаға негізделген экономиканың өсімін қамтамасыз ету, экономиканы тұрақты дамыту және адамдардың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында мұнай мен газдың өндірісі мен экспортын жаңа сатыға шығару, әсіресе көлік пен байланыс саласындағы инфрақұрылымды дамыту, азаматтардың білім деңгейін көтеру, олардың денсаулығын сақтау, кәсіби мемлекет құру сияқты басым бағыттар айқындалған.

Осы жылдардың ішінде қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін сөзсіз жақсартатын бірқатар маңызды әлеуметтік мәселелер шешімін тапты. Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жыл сайынғы Жолдауларында қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік ахуалын бұдан да жақсарта түсуге бағытталған міндеттер жүктеледі.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан Ресеймен, ҚХР-мен, Түркіменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғыз Республикасымен шекаралық мәселелерін бүтіндей реттеді. Жүздеген жыл бойы созылып келген , ата-бабамыз арман еткен мақсат-мұраттарымыз жүзеге асты.

Бұл – ірі тарихи маңызды факт. Өйткені, кез келген мемлекет өзінің қауіпсіздігіне толықтай сенімді болғанда ғана тиімді даму жолына түсе алады.

Әлем картасында Қазақстан Республикасы ядролық қаруының әлеуеті бойынша төртінші мемлекет ретінде пайда болды. Бірақ дұрыс тарихи таңдау жасалды – Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, оны таратпау туралы келісімге қосылды. Бұл саясат көрші мемлекеттер мен барлық халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға деген сенімін арттырды.

Үшінші мыңжылдықтың басында дамудың даңғыл жолына түсіп, әлемде ерекше қарқынмен өркендеп келе жатқан мемлекеттердің қатарына Қазақстан республикасы қосылды. Қазақ жерінде бұрын-соңды болмаған дербес мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан, 1991 жылы қазақ халқының, оның ана тілінің, тамыр жайған тарихи атамекенінің негізінде құрылды. Сөйтіп, жаңа дәуірдің жаңа тарихы басталды.Бұл мың өліп,мың тірілген қазақ халқының сан ғасырлық ансаулы арманы еді.

Әрине, қазақ халқы кеше ғана пайда болып, Қазақстан Республикасы бір сәтте қалыптаса қойған жоқ. Қазақ ұлты осы сайын даланы ат тұяғымен дүбірлеткен көне түркілер мен салтанат құрған өзге де байырғы түркі қағанаттарының ұрпағы. Көне Үйсін елі, Қаңлы мемлекеті,Ұлы Түркі қағанаты, Қарахан мемлекеті, Дешті-Қыпшақ, Алтын-Орда бәрі де байырғы қазақ руларының қатысуымен құрылған мемлекеттік бірлестіктер болатын.

Бірақ олар тура мағынасында дербес мемлекет бола алған жоқ, мемлекеттің нышандары ғана еді. Кешегі Абылай сұлтан да толық мағынадағы тұтас мемлекет орната алмады, ол ресми түрде Орта Орданың ханы болды.

Аңсаулы тәуелсіздікке біз арпалысып, талықсып, зарығып жеттік. Қазақ үшін қазіргі тәуелсіздік арғысын айтпағанда, бергі екі ғасырға жуық отаршылдықпен, соңғы жетпіс жылдығы бодандықпен күрестің жемісі еді. Қазақ ішінде байырғы Түркі заманынан жеткен Алаш идеясын XX ғасырда ұлттың туына, ұранына айналдырып, халық көкірегінде, қайта тұтатқан Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейхановтар еді. Алаштың туын олар мың жылдан кейін қайта көтерді, сол Алаш идеясы үшін азап шекті, қор болды, шахид кетті.

Халық өзінің шын көсемдерінен айырылды. Олар шын мәніндегі тектілер еді, асылдар еді, мемлекетке, халыққа мінсіз қызмет еткен кісілер еді, даналықтың үлгілері еді, әрқайсысы әр елге патша болғандай тұлғалар еді.

Халқымыздың көрегендігі де, даналығы да, шешендігі де, көсемдігі де, кең ойлап, кең пішетін кемеңгерлігі де солардың бойында еді. Амал не, ерлер де, ел де кезінде дегеніне жете алмады.

Алаш асылдарының арманы тәуелсіз Қазақстанда ғана іске асты. Бұл туралы Н.Назарбаев "Он сегізінші ғасырдың басында жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң-шерге толы он тоғызыншы ғасырда Кенесарының мерт еткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Әлихан Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ. Ол арман – ансардың барлығы да Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң қабылданған сол бір тарихи күнде-1991 жылғы желтоқсанның 16-да жүзеге асты", деп дәл айтты.

Биылғы 10 жылдығы атап өтілген Астана еліміздің мақтанышына айналды. Елордасын Қазақстан мен Еуразияның как ортасына, Сарыарқаның төріне көшіру туралы шешім экономиканың шайқалып тұрған кезінде – 1994 жылы қабылданды. Бұған кез келген кісінің тәуекелі жетпес еді. Президенттің бұл тарихи шешімін ел ішінде де, шет елде де түсіне алмағандар аз болған жоқ. Геосаяси жағынан да, экономикалық және демографиялық тұрғыдан да бұл тарихи оқиғаны бүгінде өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Шығыс та, батыс та мойындап отыр. Аз уақытта әлемдегі әдемі қалалардың біріне айналған Астана тәуелсіз Қазақстанмен бірге өзінің мәңгі ғұмырын бастады.

Хан Абылай қалмаққа тұтқынға түскенде одан: «Не арманың бар деп сұраған екен, сонда Абылай: «Арманым көп, үш жүздің басын қоссам деп едім, қоса алмадым. Көшіп-қонған елімді орнықтырып, тұтас ел етсем деп едім, оны да істей алмадым. Қала салсам деп едім, сала алмадым. Келешек ұрпаққа осы үш арманым Аманат» деген екен. Абылайдың сол арманын жүзеге асырып, аманатын да орындаған – президент Назарбаев.

Біз он сегіз жылды алып адымдармен жүріп өттік. Адам айтса нанғысыз табыстарға жеттік. Күні кеше ғана айлап, тоқсандап жалақысыз, стипендиясыз, зейнетақысыз қалған елдің аз ғана уақыт ішінде осындай табысқа жетеміз, бүгінгідей дәурен өмір сүреміз деген ой түгіл, түсіне де кірген жоқ.

Қазақстан бүгінде әлемде сөйлесе – сөзі, істесе – ісі үдеге асып тұрған ықпалды, іргелі мемлекетке, ал Елі мен Елбасы бөлінбейтін егіз ұғымға айналды. Алқабы – малға, қойыны – қазынаға толы кең-байтақ жеріміз бар, көк байрақтың астына топтасқан ынтымақты еліміз бар, әлеммен білім-ілім жинап жатқан өскелең ұрпағымыз бар, еңселі Ақордамыз бар, айбынды Астанамыз бар, көш бастаған еліміз бар ел-жұртымыз.

Қазақстан аяғынан тік тұрып, бұғанасын бекітіп, сенімді түрде даму жолына түсті. Осы жылдар бойында бізге Отанымызға деген сүйіспеншілік пен егемендігімізге күш-қуат берді. Алдымызда ірі әрі ауқымды міндеттер тұр. Оны жүзеге асыру үшін бізден қажымас қайрат, тынбас еңбек, терең білім, жоғары гуманизм, саналы патриотизм, бәрінен бастысы – әр ісімізде және ой-мүддемізде бір болғандығымыз аса маңызды. Бізде республикамызды мақтан ете алатындай өркендеген ел қатарына қосуға барлық мүмкіндіктер бар.

Еліміздің Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Айгүл ДОСЫМБЕК,
Талдықорған қалалық базалық прокуратурасының бас маманы.

ТАЛҒАМНАН ШЫҚҚАН ҚЫМЫЗХАНА

Талдықорған қаласының тұрғындары ғана емес, облыс орталығына алыс-жақыннан келетін қонақтар мен іскер азаматтар, аудандар мен тағы басқа қала тұрғындары мамыр айынан бастадып, күздің қара суығы түскенше халыққа ұлттық тағамдар мен сусындар ұсынатын қымызханалар қызметін үлкен ықыласпен тұтынатын болды. Өйткені, 2006 жылдың мамырында басталу алып, елге басында тосындау көрінгенімен, күндер өте келе көңілдеріне шығып, демалыстарын сонда өткізуге асықтыратын қымызханалар жұртшылықтың сұранысын толық қанағаттандыратын дәрежеге жеткен-ді. Осыны тамаша істің түсауын кескен облыс әкімі болашақ ұрпақтың ғана емес, шөлдесе сырағa тура жүгіретін үлкендердің де ұлттық сусынның дәмін татып, пайдасын сезген соң қымыз бен шұбатқа деп қоятынына сенім білдірген еді. Серік Әбікенұлының айтқаны айдай келді. Қазіргі кезде облыс тұрғындары кішігірім қуанышытарын: балаларының тұсаукесерін, тоқымқағарын, шілдеханасы мен құдалықтарды және тағы басқа да отбасылық мерекелерін әлемішiтеген кафелер мен мейрамханаларда емес, қымызханалар қалашықтарында өткізеді.

Биылғы жағымды жаңалықтар арасында өткен жылдары шағын-шағын ғана киіз үйлер тігумен шектелген аудандар мен қалалардың алды он екі, он алты қанаттан тұратын бірнеше ақ ордалармен қаламыздың адам көп жүретін тұстарын көріктендіріп тастағаны бар. Әсіресе Талдықорғанның шағын аудандары аралығындағы алаңқайға ақ ордалы қалашықты орнатып тастап, қысы-жазы, күндіз-түні халыққа қызмет көрсетуге кіріскен Жамбыл ауданының қымызханасынан адам қарасы үзілмейді. Өйткені, мұнда қымыз бен шұбатқа қоса, қазақтың тағы да басты ұлттық тағамдары мен сусындары жұртшылыққа ұсынылады. Аспаздарының қолдары ұсынықты, даяршылары кішіпейіл. Қазақтың әні мен күйін әуелетіп қойып, алдыңнан иіліп шыққанда бір жасап қаласың.

Осы жерден дәм татқан адамдар оған тағы бірнеше мәрте қайта оралып соғары анық. Бұған қарап, қалған аудандар мен қалалардың шаруасы жүрмеді деуге тағы болмайды. Олардың да өздерінің күн үзбей келетін тұрақты қонақтары бар. Соның арқасында, сыртқы көздің жауын алғанымен, нәрі жоқ, сапасы күмәнді былайғы сусындардан бой тартып, қымызды сыздықтата жұтып, шұбатпен шөл басатындар, қазы-қарта, құрт-ірімшікпен, бауырсақпен қарын тойдыратындар қатары да алға жылжыған жылдармен бірге көбейе түскен. Халық көңілінен шыққан қымызханаларға келер болсақ, ауыл шаруашылығы жылының қорытындысында «Үздік қымызхана» облыстық бәйгесінде бірінші орын Жамбыл ауданына бұйырды. Сонымен бірге, Талдықорған қаласы мен Алакөл ауданының қымызханалары екінші және үшінші орындарды бөлісе, Еңбекшіқазақ, Қаратал аудандары мен Қапшағай қаласының басшылығы байқаудың ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

Ата-баба мұрасының маңызы зор

«Қалауын тапсаң қар жанады» деп іске икемді, жолсыздан жол табатын еңбеккер адамның ебін айтады екен ғой! Белгілі азамат Бүркітбай Файзоллаұлы ұлттық сусынымыз – қымызды өндіруші кәсіпкер ретінде ғана емес, жүйрік пен жорға баптайтын бапкер, қолына қыран қондырып, тазы ит жүгірткен саятшы және осы ұлттық спорт пен өнерді айналасына үйретуші, таратушы ретінде де бағаланып жүр.

«Ағаш ағаштан мәуе алады, адам адамнан үлгі алады» дегендей, ұлттық өнеріміздің қайтадан жаңғыруына атсалысып жүрген отбасының игі бастамасын көзімізбен көріп, көпшілікті көріп-білгенімізбен ортақтастыруға Бүркітбай ағаның «Қымызханасына» тағы соқтық. Көшпел көшесінің бойындағы наубайханасының ауласына тіккен екі бірдей ақ боз үй қымыз ішуге келетіндерден босамайтын көрінеді. Есіктен кіре бере киіз үйдің ішінің аяқтан [illegible] [illegible] [illegible] төр жағындағы [illegible] ерекше жағымды иісімен адамның тәбетін ашып, сілекейін шұбыртатындығында. Тәбетіңді болінген сілекейдің ас қорытуға аса пайдалы екендігін ғылым дәлелдеген. Атамыздан қалған ақ сусын жанына таяй берсең болды осылайша ағынан ақтарылады.

Жылы қабақпен қарсы алған Бүркітбай аға мен Дәрігүл апай қарбалас жұмыстарынан босай қалған уақытын пайдаланып, біздің қажетімізге алуға кәкірек көймасын айқара ашты. Киіз үйдің төр жағына малдас құра, шағын дөңгелек үстелді айнала жайғасқан бізге сары қымызын сапыра-сапыра құйып отырған Дәрігүл апайдың қолындағы ағаш ожау көзіме ерекше көрінді. Үй іші әңгімеңін сан түрін өрбітуге тұнып тұр. Әңгімені бастауға жасауы өзгеше осы ағаш ожаудың тиек етіп отырғанымызды отағасы да сезе керек, менің ыңғайыма қарай төңкерле жөнелді:

– Қазақ халқы ас айналасындағы тазалыққа аса мән берген ғой, – деп сөзін бастады Бүркітбай Файзоллаұлы, – асқа қажетті құрал-жабдықтарды негізінен ағаштан немесе ағаш пен металлдан дайындап, оның сыртын алтын не күміспен каптап отырған. Таза алтын, күмістің өзінен де жасаған. Қымыз құюға арналған мына ожау осы өзіміздің Алатауда өсетін ақ қайыңның түбірі. Қазақ халқы ыдыс-аяқ жасауға көбінесе арша, қарағай және қайың ағашын таңдаған. Аңыздарда айтылғандай, Әбілхаят деген өлместің зәмзәм суы адамзатқа жетпей, жол ортада арша мен қарағайдың тамырына төгілген. Арша мен қарағай аса ұзақ жасайды және мәңгі жап-жасыл болып тұрады. Аршаның жағымды иісі болады. Халқымыз жас аршаның бүрін құмғанға салып, суымен жуынған. Аршаның дініп құрт жемейтіндіктен, арша ағашымен тіс тазалаған. Кепкен аршаның шоғымен баланың бесігін, үй ішін аластаған. Қарағай да орман болып қалыптасуына жүздеген жылдар кететін бағалы ағаш. Діні аса қатты. Ал қайыңның ғалыңқтары жіңішке әрі берік келетіндіктен одан жасалған ыдыс-аяқтар жарылмайды, мықты болады және көркем көрінеді. Жағымсыз бөгде иісі болмайтындықтан, қымыздың қымызға тән иісі мен құнарын бұзбайды. Шеберлікте шек жоқ қой! Ожаудың тұтас тұлғасы тек бір түбірден ойылып жасалған. Ожаудың қымыз құйылатын шұңғылы екеу болғанымен түбінде ұсақ тесіктері бар. Онымен қымыз сапырғанда, сапырылған қымыз қысым арқылы түбіндегі ұсақ тесіктерден өтетіндіктен, қымыздың құрамында пайда болған бірікпе іртіктерді сұйылтып, қымызды біркелкі уандатып, жұмсартады. Ожаудың сабы жылқы бейнесінде. Қымыз құйылатын қос шұңғыл жылқының кеудесіне үш бұтпен тұтасқан. Үш бұт – ошақты ишаралайды. Ошақ тіршіліктің қайнар көзі. Ал шауып бара жатқан жылқының бұйірінде бес шығырық шеберлікпен ойылып, өзара қолтықтастырылған. Бұл берекенің, көп бірлігінің бейнесі. Ожау сабының арт жағына, ілмек тұсына қошқармүйіз ою өрнектелген. Ол әншейін сәндік үшін ғана емес. Қазақ халқы қошқармүйізі оюды дерт-дербезден, пәле-қазадан сақтайды деп ырымдаған. Сондықтан да оны жаңа отауды әшекейлеуге, түскиізге, жастыққа, сандыққапқа оюлаған... Көзім ожаудың қай тұсына жүгірсе, соны жүрекке жеткізе, шебер түсіндіріп отырған Бүркітбай Файзоллаұлының қазақ өміріне, салт-дәстүрлеріне деген ықыласы мені қатты әсерлендірді. Иә, ата-бабаларымыздан бізге қалған мұраларының ұлттық құндылығымен бірге тәрбиелік маңызы қаншама...

Енді әңгіме қымыздың өзіне ауысты. Оның адам ағзасын жақсартатын, ауруға, картаюға қарсы қасиеті туралы Бүркітбай Файзоллаұлы бұрынғы қазақ есімдерінде Сексенбай, Тоқсанбайлардың тіпті көп болғандығымен түсіндірді.

Біздің ауылда «Жұзбай» деген жер аты бар еді. Енді білдім, ол жердің аты емес, жүзге келген шалдың баласының аты екен-ау!

Қымызды қалыптасқан салт бойынша таңғы астан кейін, бие мен құлын желіге байланғаннан соң ғана бастап ішеді, – деп сөзін жалғады Бүркітбай Файзоллаұлы, – қымыз ішу сәнісына, дәмі не, уақыт мерзіміне, шипалық қасиетіне қарай әлденеше түрге бөлінген. Қымызды жас-кәрі демей іше береді. Қымыз адамның асқа тәбетін ашатындықтан көбіне асылған жас малдың етімен ішеді. Дәру қымыздың «қызыл қымыз» деген түрі болады. Мұны көбіне емдік үшін ішкен. Қымыз ашыған соң оған тайдың сүрпы етін салып, оны ұзақ уақыт, тіпті тәулік бойы піскен. Салынған жас ет еріп, қымыз қызыл қоңыр түске енетіндіктен, реңіне қарап солай аталған. Кейде қойдың құйрық майын салып та піседі. Мұндай қымыз құрт, буын ауруларына және бойдағы суықты сыртқа шығаруға аса пайдалы болған. Табиғаттың майлы түгін тарта білген бабаларымыз небір қиын күндерден аттың жалы, түйенің қомында жүріп аман қалып отырған. Ажал Алладан Десе де, «Сақтансаң сақтаймын» депті сол Алланың өзі. Бабамыздан қалған қасиетті сусынымызбен денсаулығымызды түзеп, неге өмірімізді ұзарта түспеске!

Көз алдыма сыранның көбігіне ағып бара жатқан теңгелер елестеді.

Бір сәт тыныштықты сыртта күрпілдете пісілген сабаның дауысы бұзды.

– Менің «темір келінім» ғой, қымыз пісіп жатқан, – деп Бүркітбай аға күлді.

Алғашында аңғармаппын, іске шегел, пысық келіндерінің бірі болар деп ойлап ем, саба басында адам түгіл сайтан да жоқ, піспек өзі пісіліп тұр!

– Қымыздың сапасы оның бабына байланысты, – деп сөзін сабақтады Бүркітбай Файзоллаұлы, – қымыз бабының адамды жалықтыратыны да, уақытын алатыны да осы қымыз пісу жұмысы. Қазір бұл жұмысқа кейбіреулер май айыратын машиналарды пайдаланып жүр. Алайда піспексіз қымыздың бабы келмейді.

Піспекті де кепкен арша, қарағай не қайыңнан жасайды. Астыңғы беті тереңдетілмей, ұштарлан алақанға ұқсас ойықталады да жан-жағы тесіледі және ту сыртынан жоғары қарай сап орнатылады. Осы саптан ұстап, сабадағы қымызды екпінмен соққанда, піспек тесіктерінен қатты қысыммен өткен қымыз піскен сайын сұйыла түседі және ашуы қайтып, бабына келеді. «Ашу» демекші, бабына келмеген қымыз ыстыққа, не шайқалғанда көбіктеніп, тасиды. Мұны қазақ қымыздың «ашуы» деп атайды. «Ашуланған» қымыз кейде күйылған ыдысын жарып жібереді. Бабымен ішіп, көп пісілген қымыздың «ашуы» қайтып, «мінезі» жұмсара түседі. Қымыздың бабын табатын піспекпен пісу әдісін сол қалпында сақтап қалған мына қымыз пісетін машинаны өзім жобалап, жасадым. Нәтижесі көңілден шығады. Күні бойы әлсін-әлі қымыз пісіп, әбігерге түсетін екі адамның міндетін бір өзі атқарып тұрған машинаны «темір келін» деп атауымыз да содан,– деп Бүркітбай ағамыз біздің жаңашылдығымен де таң-тамаша етті. Дәл осы сәтте айналаны қыранның саңқ еткен даусы тұндырып жіберді, бәріміз солай қарастық, жанары жалтжұлт етіп, тұғырында қасиетті сарыбалақ отыр! «Саған міндетті түрде қайта оралатын боламын», – дедім іштей...

Ұлттық құндылықтарымыз – тарихымыз. Тарихымыз біздің тереңге тартар тамырымыз. Тамыры тереңге кеткен дарақты дауыл құлата алмайды. Барымызды бағалап, жоғалтқанымызды түгендеу баршамызға парыз.

А. ЫРЫМЖАНҰЛЫ.


ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

Қаракерей ҚАБАНБАЙ тұғырға қонды

Қазақтың бас батыры Қаракерей Қабанбайға Жетісу жерінің кіндік қаласы, Алматы облысының орталығы – Талдықорған шаһарынан алып ескерткіш құру туралы идея еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге келген. 1991 жылы сол кездегі Талдықорған облысында «Қаракерей Қабанбай батыр және халық қаһармандары жылы» жарияланып, сол жылы көктемде облыс орталығының шығыс жағын жанай өтетін Қаратал өзенінің жағасындағы бақ жанынан, Алматыны Өскеменмен жалғастырар күре жолдың бойынан Хан батыры Қабанбайға арналып жасалатын ескерткіштің орны анықталып, оған жазуы бар тас-белгі қойылған еді. Ал 1991 жылдың тамызында Үйгентас жайлауында Елбасының қолдауы арқасында 1300 үй тігіліп, алты Алашқа сауын айтқан ас берілген болатын. Дегенмен, одан кейінгі ауыртпалықты жылдары Талдықорғандағы белгі-тас сол қалпында қалып, ескерткіш туралы бір кезде айтылған уәделер көмескілене бастаған-ды.

Қалай болғанда да ер есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Оның ішінде бүкіл қазаққа ұран болған, Хан батыры, қазақтың бас батыры атанған, тірлігінде ат үстінен түспей, ұлтының ұзы болашағы үшін мұз жастанып, қар төсенген Қаракерей Қабанбайдай батырдың жұрт жадынан шыға қоймасы анық. Осындайда «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегенді айтқан көсемнің даналығына тағы бір мәрте бас ие отырып, он бес жылдан астам уақыт көмүскі қалған тас-белгідегі «Бұл жерге Қаракерей Қабанбай батырдың ескерткіші қойылады» деген қиялдың жүзеге асуына облыс басшылығына Серік Үмбетов келгенде жан біте бастады десек артық айтқандық бола қоймас. Барған жерінде ұлтымыздың ұлы тұлғалары мен тағы басқа да құндылықтарын түгендеп, ұмытыла бастағандарын жаңғыртып, халықты өткенді құрметтеуге үндеп жүретін Серік Әбікенұлы облыс басшылығына келген күннен бергі кезеңде Жетісу жерінде халық қазақ есімдерін жатқа білуге тиісті, ұлы-көңілі тұмарларының арттарында өшпестей із қалдырған біраз тұлға туған халқымен қайта қауышты. Оларды айта кететін болсақ, 2006-2009 жылдар аралығында Қарасай ауданында Шапырашты Наурызбай батырға, Сарқан қаласында қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері Мұхаметжан Тынышбаевқа, Жаркент қаласында Жетісудан шыққан қаһармандары – Ербол Сыпатаев пен Лаззат Асановаға, Іле ауданындағы Ақши ауылында әнші Бекболат Ақұлова, Талдықорған қаласында Ескелді, Балпық билер мен Қабылиса жырауға арналған «Үш ата» ескерткіші, Ғали Орманова, Қадырғали Жалайырға, Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштер тұрғызылды. Сонымен қатар, Астана қаласының 10 жылдығына тарту ретінде Елорда төрінде Жамбыл ескерткішы бой көтерді. Енді, міне, биылғы жыл күйекте сол ескерткіштер қатарына Талдықорған қаласындағы Көбік атты тың үстінде бес қаруын асынып, алыска көз тіккен батырдың ескерткіші ел еңсесіндей бей-жай қарамаймыз. Сондай-ақ, облыс әкімінің тікелей қолдауы барысымен биыл Кеген ауылында Райымбек батырға, Қойлық ауылында жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаевқа ескерткіштер қойылды.

Б. АЗАМАТ.



КӨШТІҢ ЖОЛЫ ҚЫСҚАРМАЙДЫ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

«Ел іші – алтын бесік» деген ғой. Осы тәмсіл сөз бүгінгі таңда жан-жақтан көш түзеген қандастардың көкейіне берік орныққан. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған ұлы көштің нәтижесінде төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыз атажұртқа көш түзеп, туған Отанында өз арман-мұраттарына жетуде. Облыстық көші-қон департаментінің мәліметіне сүйенсек, Жетісу жеріне 1991 – 2009 жылдар аралығында алыс және жақын шет елдерден 111287 адамды құрайтын 33967 оралман отбасы көшіп келіп, қоныстанған. Тек ағымдағы жылы ғана 12191 адамды құрайтын 4598 отбасының қоныстанғаны көш бағытын түзегендердің қатарының арта түскендігін байқатады. Олар негізінен Қытай, Моңғолия, Түрікменстан, Ресей, Қырғызстан және Түркия мемлекеттерінен оралса, біразы Тәжікстан, Иран, Ауғанстан, ТМД елдері мен алыс шет елдерден көшіп келіп қоныстануда. Өңірімізге оралған қандастарымыздың басым көпшілігі облысымыздың Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Талғар, Ескелді, Көксу, Ақсу, Сарқан аудандарына қоныстанып, өз тіршіліктеріне тың жол ғалқан.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі №748 қаулысына сәйкес, 2002 жылдан бері елге оралған қандастарымыздың тұрғын үй салу үшін 1213 оралман отбасына 120,64 гектар жер телімі берілген. Оның ішінде 2009 жылы 38 отбасына 4,04 гектарды құрайтын жер телімі игерілді. Сонымен бірге, қазір облысымызда оралман ағайындардың 382 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Олардың шаруасын шалқыту үшін 55554 гектар жер үлесі бөлінген. Сондай-ақ, 98 отбасы шағын несие алып, екі қолға бір жұмыс тапқан. Мұнан өзге қандастарымыз 25240 бас мал ұстап, тіршіліктерін жақсартумен қатар, сүт, қымыз, ет, құрт, май өнімдерін саудалап, ұлттық тағам өндіруге де өз үлестерін қосуда. Ал еңбек жасындағы адамдар толық жұмыспен қамтылған. Яғни, 39723 адам жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Сондай-ақ, білім мен медицина, ғылым мен мәдениет, өнер мен ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда мыңдаған маман жемісті еңбек етіп, ел дамуына өзіндік үлес қосып жүргендерде көптеп саналады. Олардың арасында 4 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты бар.

Президентіміздің «Көшіп келу квотасын бекіту туралы» Жарлығы бойынша ағымдағы жылы Алматы облысына 3800 отбасына көшіп-келу квотасы бөлініп, республикалық бюджеттен бөлінген қаржы 100 пайызға орындалған. Осы мақсатта, департамент 20 кездесу, 3 «дөңгелек үстел» өткізіп, оралмандардың квота алуда туындайтын мәселелерді жүйелі шешіп отырған. Сонымен бірге, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының аудан, қалаларда өткізген көшпелі қабылдауында Алакөл, Сарқан, Ақсу, Еңбекшіқазақ, Балқаш, Көксу аудандарындағы 148 оралман отбасының өтініш-тілектері қанағаттандырылған.

Көшіп келу квотасынан тыс келген қандастарымызға әлеуметтік қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының «Халықтық көші-қон туралы» және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңдарына сәйкес, жәрдемақы төлеу, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған жағдай да берілетін мемлекеттік жәрдемақылары төленіп, бірден жағдай жасалған. Сонымен бірге, облыстық жергілікті атқару органдары оралмандарға жер телімін беру, несие беру жұмыстарын мүмкіндігінше тиімді түрде жүзеге асыруда.

Бір атап айта кетер жәй, қалалар мен аудандардың көпшілігінде мектеп жасындағы балаларға аудандық білім бөлімі, тағы басқа тараптардан материалдық (соның ішінде оқу құралдарымен, киім-кешекпен, балалардың жазғы демалыс лагеріне баруына...) мәселелер айқындалмаған. Сондай-ақ, көші-қон квотасын алар кезде көші-қон полициясы тарапынан (Қазақстан Республикасының азаматтығына құжат тапсырғаны туралы анықтама) көп кедергі кездесетіні жасырын емес.

Көштің жолы жиңішкермейді, әлі де атажұртқа қарап елеңдеп отырған қандастарымыздың мол екенін ескерсек, табалдырық аттаған ағайынға деген ақ тілек жоғарыдағы мәселелердің оң шешілуімен өлшенетінін ұмытпайық. Бұл істе ұсақ-түйек мәселенің болуы да тиіс емес. Ат арылтып келген ағайынның да, қонсы қонған көршінің де бір-біріне деген ықыласы адамгершілік қасиеттен арқау алып, береке-бірлік пен ынтымақтан өріліп жатса болғаны.

Аққөңілдің аты арып, тоны тозбас

Бірде іссапардан кеш оралғанымды [illegible] үйге де ескертпеппін [illegible]. Елімнің алқапта жүргенім. Мұндай кезде біз «[illegible]» ойлау, мәліметі алсақ болды, отырып сыдыртып жаза береміз. Ал тележурналистер ауаны түсіріп, мамадан сұхбат алмақ деп оператор екеуі біраз шаршайды. Гүлжанат өзі сұхбат алып жатып да Малика: «Ойбу, Малика мектептен алынған жоқ, Русланға хабарламы жіберe салшы, баланы мектептен алсын»,– деді. «Баланы мектептен ал, мен Ақсудамын»,– дейін де номерді жазып жатып, бір цифрын қате басып жіберіппін. Ой, дегенімше хабарлама кетіп де кетті. Әлі номер қайта-қайта [illegible], мен телефонды өшіріп тастаймын. Ол қайта [illegible]. Бір кезде одан хабарлама келді. «Сіз кімсіз? Мен қай баланы қайдан алуым керек?",– депті. Артынан [illegible] жөнімді айтып едім, телефонның ар жағындағы азамат: "бала жоқ еді әрі сасқалақтап, әрі қуанып кетіппін", – деп қазымырдан жатыр.

Сол күні Малика мектептен кеш қайтып, [illegible] әуре-сарсаңға түсіпті.

Гүлжан ТҰРСЫН,
"Жетісу"

Гүлжанат Мақұлжанованы облыс халқы «Жетісу» телеарнасы арқылы жақсы таниды. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген журналистің мағынамағыналы сюжеттерін көрермендер аса ынтамен тамашалайды. Оның көрерменімен [illegible] түсірген әрбір хабарын эфирден «ойнатып», тартымды етіп, мағынасын ашып ұсына алатын шеберлігіне байланысты. Мен әріптесіммен іссапарға жиі шығамын. Сонда оның еңбекқорлығына, біліктілігімен де, қарапайым халықпен де тіл табысуына таңғаламын. Әріптесім, әсіресе, бала кезінен тыныс-тіршілігіне өзінен қанық, ауылшаруашылығы тақырыбы дегенде жанып кетеді. Мал, егіншілік шаруашылығы оның оң жамбасына келе кетеді. Бір шаруа қожалығын жазуға, теледидарға түсіруге барамыз десек, сол жердің жергілікті әкімінен ол отбасында кішкентай балалар мен ата, апа бар ма деп сұрап алады. Бар десе бөрімізден ақша жинап жіберіп, сол үйдің сәбилері мен қарттарына сыйлық ізей бастайды. Оншайда мен: «Айналайын, [illegible], [illegible] тыныш отырыңы. Аз ғана [illegible] бітірдің ғой», – деп реніжимін. Алайда, досым аппаратын затын дезде алып үлгереді. Бара сол үйдің адамдарын көптен көрмеген танысындай құшақтап, аман-саулықтарын сұрайды. Бірақ, Гүлжанат танымағаннен сол отбасы оны түгел білетін болып шығады. Әсіресе, үлкендер жағы мәйегін тамыза сөйлейтін шеберлігін мақтап, ауыл халқының өзекті мәселелерін көтеретін хабарларын сүйсіне көретіндерін айтып, құшақтарын жая қарсы алады. Кетерімізде Гүлжанат жүргізушіге: «Ана кісілер қуанып қалсын машинаның сигналын басшы», – деп өтінеді. Содан тілші біраз жерге ұзағанша ауылдағы ағайындарына қол бұлғап, жарқылдай күліп, жүрген жеріне көңіл шуағын шашып, жақсы әсер қалдырып аттанады. Осындайда менің есіме анамның жиі айтатын: «Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас» деген сөзі түседі. Міне, көптің ықыласы мен ризашылығы болар, досымыз биыл Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қаламгер қыздардың есімін ақсулықтар биылғы Тәуелсіздік мерекесінде ауданның Құрметті кітабына енгізді. Бұл – елге сіңірген еңбегінің жемісі. Қыс, жаз демей, сенбі, жексенбі мен мерекелерде де үй қарасын көрмей ел ішін аралап, жақсылығын сүйінішпен өзінің сүйікті телеарнасы «Жетісу» арқылы халқына алақандап жеткізгеніне асыққан пейіліне берілген марапат. Гүлжанат Ахметқызы бұған әбден лайық. Жалпы әйел журналистердің еңбегін ерекше бағалар едім. Журналисте бара алмайтын, жаза алмайтын үйде жұмысым бар деп айту болмайды. Ер журналистерге жеңілдеу. Жары тамағын жасап, қонағын күтіп, баласына: «Тыныш отыр, әкең мақала жазып отыр, ойын бөлме», – деп жатады. Ал әйелдер іссапарға барып келіп, баласының кір-қоңын жуып, тамағын дайындап, қонағын күтіп, жазатын мақаласын ойында пісіре жүреді. Кейде берілген тапсырманың басын бастап, ағын қағазға түсіріп үлгере алмай алақанына жұмысқа бара жатады. Осындайда "Әйел бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді" деген сөздің растығына көз жеткіземін.



Гүлжанат Ахмет аға мен Үміт апаның тұңғыш перзенті. Ол өскен Ақсу ауданының Ақсу ауылы табиғаты тамаша, шұрайлы өлке. Ілиястай, Сарадай әулиелер дүниеге келген Ақсудың ауасын жұтып, ел-жұртының төбесін көрмесе оның көңілі алаң. «Біздің Ақсудың самал желі алдымнан соққанда маңдайымнан әжем сыйпағандай күй кешемін»,– дейді ол сағынышпен айналған әжесі мен балалық шағын аңсағанда.

Гүлжанат өзінің жетістігін берекебірлігі жарасқан «Жетісу» телеарнасы ұжымымен байланыстырады.

– Біз ғой эфирден көрінеміз, сондықтан ел таниды. Ал эфирдің сыртында қанша адам жан алып, жан беріп жұмыс жасайды. Солардың алғысым шексіз,– дейді әріптес құрбым ағынан жарыла.

Ол ата-анасының, ауылдастарының мақтанышы, сүйікті жар, мейірімді ана, адал дос. Адам 40 жасқа дейін абырой жинайды, 40-тан кейін абырой оған қызмет етеді десе, Гүлжанат Мақұлжанованың еңбегінің марапатталып жатқаны соның дәлелі. Ендеше, Гүлжанат әріптесімізге ел-жұртымен бірге жүрер жолың ұзақ та, мәнді болсын деген тілегімізді арнаймыз.

ЕҢБЕГІМ ЕЛЕНІП, МӘРТЕБЕМ ӨСТІ

Әр жылдың өзіндік ерекшелігі болады. Бұл орайда өтіп бара жатқан жылға менің еш өкпем жоқ. Неге десеңіз, осы жылы жалпы еліміз үшін ерекше өрлеу жылы болды. Бүкіләлемдік қаржы дағдарысына қарамастан экономикамыз өз ырғағынан жаңыла қоймады. Оның дамуына ірі болсын, шағын болсын жеке кәсіпкерлер, шаруашылықтар да өзіндік үлесін қосып жатыр. Алда да солай бола бермекші.

Мен Мәскеу қаласында туып-өскенмін. 1952 жылы сонда дүниеге келіппін. Ал орта мектепті 1969 жылы Қарағанды облысындағы Теміртау қаласында тамамдадым. 1975 жылы Қарағанды қаласындағы мемлекеттік медицина институтын педиатр мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Бертін келе, яғни, 1998 жылы Алматы қаласындағы еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында экономист мамандығын алдым. Ондағы ойым, өз мамандығымды нарықтық экономикаға бейімдеу еді. Солай болды да.

Менің жалпы дәрігерлік еңбек өтілім 33 жылды құрайды. 1975-89 жылдар аралығында Теміртау қаласындағы № 1балалар ауруханасында еңбек еттім. Қарапайым дәрігерден осы аурухананың бас дәрігерлігіне дейінгі қызметтерді атқардым. Кейіннен Іле аудандық ауруханасында бас дәрігердің орынбасары болып келдім. Бұл ауруханадағы жұмысым 1994 жылға дейін жалғасты. Бірнеше жыл Өтеген батыр кентіндегі «Сымбат» медициналық орталығын басқаруыма тура келді. Осында жүргенімде «Бүгінгі талапқа сай өзім неге орталық ашпаймын?» деген ой жетегімен жолдасым Әлібек екеуміз ақылдаса келіп, «Ару» медициналық орталығын ашуға қол жеткіздік. Біздің аяқтан тік тұрып кетуімізге аудан әкімі Н. Логутовтың өзі, жалпы әкімдіктегілер моральдық және материалдық жағынан кең қолдау көрсетті. Бүгінгі біздің «Ару» орталығына келіп, ем-дом қабылдаушыларда толас жоқ. Оның басты себебі, осында еңбек етуші дәрігерлердің біліктілігінде болса керек. Қазіргі таңда мұнда 20 дәрігер, 21кіші медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Әсіресе Н. Витковская, А. Тень, Т. Родина сияқты өз ісінің білгірлеріне ел алғысы ерекше. Бұрындары орталыққа мен басшылық жасап келсем, бүгінде оған жұбайым, медицина ғылымының кандидаты, жоғарғы санаттағы хирург Әлібек Жүсіпбекұлы басшылық жасайды. Біздің орталықта жалпы алғанда 16 төсек болса, жыл басынан бері 600-ге тарта адам ем қабылдапты. Тағы бір айтайын дегенім, қоғамдық жұмыстарым да көп. Соңғы 6 жылдан бері аудандағы кәсіпкерлер қауымдастығын басқарып келемін. Оның үстіне аудандық мәслихаттың депутаты ретінде арқалап жүрген жүгім де бар. Халқымыз «Еңбегіне қарай – өнбегі» демей ме. Менің еңбегім лайықты бағаланды дей аламын. «Еңбектегі ерлігі үшін» медаліне, Президентіміз Н. Назарбаевтың Алғыс хатына, облыс және аудан әкімдерінің бірқатар Құрмет грамоталарына ие болдым. Алдағы Жаңа жылда да біздің ұжым тың биіктіктерді бағындырады деп сенемін.

Ғ.САДУАҚАСОВА,
«Ару» медициналық орталығы бас дәрігерінің орынбасары.

ІЛЕ АУДАНЫ.



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі білім тұрса игі.
Жауған бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – ата қымбат,
Аймалайтын ана қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауын – әке қымбат,
Тұып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туыскан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құған бәлеге жолығады,
Жол құған олжаға жолығады.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№23 (123)

Бейсенбі,
12 желтоқсан,
2013 жыл

Н. НАЗАРБАЕВ:

Ең бастысы, біз бабалар аманат еткен киелі жерімізде құрған мемлекетімізде ынтымағымызды сақтай білдік. Соның арқасында берекелі бірлігіміз төрткүл дүниеге мәлім болды. Есілдің бойына ел қондырып, еңселі Ордамызды орнаттық. Арқа төсіне әсем Астана салып, әлемге Қазақстан деген абыройлы мемлекет ретінде танылдық. Қазіргі жасампаз Қазақстан іргесі берік, ынтымағы мығым, төрт құбыласын тегіс мойындаткан Тәуелсіз мемлекетке айналды.

■ Атадан – улагат

ЖАУЫРЫНЫ ЖЕР ИІСКЕМЕГЕН

Жуырда Тараз қаласында қазақ күресінен «Еуразия Барысы» халықаралық турнирі болып етті. Күрес десе ішкен асын жерге қоятын барлық жанкүйер соның күесі болды десек те болады. Сол жарыста талай күрестің қаһарманын көрдім. Бозкілемде бақ сынаған қазақ балуандарына қолдау көрсетіп, жеңілісіне күйініп, жеңісіне қуанып, тіпті, қызыл кеңірдек болып айғайлап, орнында отырып, балуанмен бірге күресті десе болады.



Шіркін, қазақтың намысшыл аталары-ай, деп іштей қуандым! Өз заманында бозкілемнің шаңын қағып, қарсыласын қапы қалдырып мәртебесін биіктеткен білекті біздің аталар шау тартып қалды деуге болмайды. Дәл қазірдің өзінде кілемге шығарсаң, біркісідей белдесуге дайын. Әбілсейіт Айхановтың да Лондон Олимпиадасында бозкілемге шығамын деп жүлқынғаны бойдан күш-қуаттың кетпегенін білдіреді. Ал мен сөз еткелі отырған ата да осал емес. Кезінде ел біріншілігін, Азияның шыңын бір емес, бірнеше рет бағындырған қаһарман. Қазақтың күрес өнеріне елшеусіз үлесін қосып, талай рет елдің абыройын асқақтатқан жан. Елордаңың төрінде өткен «Қазақ күресінің өткені бүгіні мен болашағы» атты өткен ғылыми конференцияға қатысып, күрес жайлы толғамды ойын ортаға салды ардагер балуан зейнеткер жаста болса да күрестен алшақтай қоймағанының белгісі. Сол кездесуде қазақ күресі федерациясының президенті Арман Шораев атамызды қазақ күресінің төс белгісімен марапаттап, ардагер балуанға құрмет көрсеткен еді. Ол шығыстың мықтысы Сайлау Сақаев деген өз уақытында атағы жер жарған балуан.

Қатпарланған тарих беттеріне зер салсақ, қазақ спортының алғашқы республикалық жарысы, колхозшылардың 1-спартакиадасы 1938 жылы өткен екен. Сол жылы біздің кейіпкеріміз атақты ардагер балуан – Сайлау Сақаев шілденің ортасында жер құлпырып, гүл-бәйшешек атқанда Шұбартау ауданы Баршатас ауылында дүниеге келіпті.

Әкесі Әбдіғалым мен анасы Қампыштың қуанышында шек жоқ. Ауыл болып сәбидің шілдеханасын өткізіп, азан шақырып, Сайлау деп ат қойды. Сайлау туған жылы Семей қаласында күрестен Қазақстан бірінші лигі өткізіліп, ол жарысқа Алматы, Павлодар, Семей, Оңтүстік, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарының балуандары қатысып, жеңімпаздардың атақ-даңқы кең жайылып, елі ішіне дүрлігіп жатты. Кім біледі, сол жарыс қызуы күрес дабылының бір ұшығы жас сәби Сайлауға да бата болып дарыған шығар.

Жас бала өсе келе спортқа, оның ішінде, әсіресе, күреске деген ынта-жігері, құмарлығы арта түседі. 1946 жылы сол туған ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттап, партаға отырады. Ол мектеп қабырғасында оқып жүрген жылдардың өзінде-ақ, спорттың барлық түріне қатысып ақыры күресті таңдап алады. Мектепті 1956 жылы аяқтап, ауылда еңбек жолын жүргізуші болып «бала шофер» атанады. Еңбек ете жүріп 1960 жылы Қазақтың мемлекеттік дене шынықтыру институтына түсіп, аяқтайды. Мамандығы бойынша өзі оқыған С. Киров атындағы орта мектепте он жылдай дене тәрбиесі қызметін атқарып түрғындар арасында зор беделге ие болады.

Балуан атану – ел арасында үлкен абырой-атақ. Ол атаққа жету үшін үлкен дайындық, төзімділік қажет және де ол атаққа жеткізетін орын – қасиетті бозкілем. Сайлау ата осы қасиетті бозкілем үстін түңғыш 1957 жылы аттаған. Сол кезде Семейде өткен республикалық жарысқа қатысып, бағын сынаған.

Жарыс барысында республикаға танымал жаттықтырушы Болат Түрлыхановпен де танысудың жолы түскен. Сол күннен бастап Болат ағасымен бірге күрестің қырсырын үйренін, бозкілемде шеберлігін тер төгеді. Бір елженің мықтылары тізе қосып, елдің намысын жыртқаны бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық іс. Ұстазы, ағасы әрі досы болған Болат Түрлыханов талай мықтының томағасын сыпырды. Талантты балуандардың ішінде өз ұлы Дәулеттің топ алдына озып шығуы әкенің аманаты болар. Әке ақылын бұлжытпай орындаған Дәулет бүгінде бар Алаштың сүйікті ұлына айналды.

Хош, әңгіменің желісін Сайлау атамызға бұрайық. Иә, «жақсыдан – шарапат» деген, Болат ағамен жарыстарда бірге жүріп Сайлау Әбдіғалымұлы неше дүркін бас бәйгеге ие болып, жүлдегер атанды. Семейде 1958 жылы өткен республикалық жарыста 3-орынға ие болса, 1960 – 1963 жылдарда Семейде, Аягөзде өткен республикалық жарыста үнемі 1-орынға ие болып, облыс даңқын аспандатты. Бес жыл бойы республика чемпионы атанды.

1964 жылы Шымкентте Қажымұхан Мұңайтпасов атында өткен республикалық жарыста, жаз айында, күйіп түрған ыстықта, әйгілі балуандар Д. Биткозов, М. Кизкенов, Қазымбетовтермен белдесіп үлкен жеңіске жетіп, чемпион атанды. Сол жылы Душанбеде өткен Азия бірінділігінде 1-орынға ие болды. Атай кету керек, осы жылдары облыс құрама командасының қатарында Р. Берікболов (Мақаншы), Р. Сейсенбаев (Абай), Қ. Имашбаев (Ақсуат), Т. Керейбаев (Бескарағай), Е. Изатов (Бескарағай), Қ. Мұқашев (Бескарағай), Н. Садуақасов (Абыралы) болып, бәрі де республика жүлдегері, чемпион атанғандар. Қазақстанның ұлттық спортының дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтар.

Сайлау ата жарыстан қол үзгеннен кейін өзінен кейінгі жастарды қасына ертіп балкерліктің де дәмін татты. Шәкірт тәрбиелеуде алдына жан салмай, көптеген спорт шеберін қанаттандырды. Ол уақытта спорт шеберлігін орындау Олимпиада чемпионы болумен тең. Кеңестік қылышынан қан тамып түрған уақытта ауылдың талай баласын биіктерден көрсете білді. Мұнымен қоса аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамын басқарды. Ауыл жастарының бағын ашқан Сайлау атамыздың еңбегі ескерілін, ардагер балуан атына республикалық турнир өтті. Мұнан кейін Баршатас ауылында көптен бері қараусыз қалған гимаратты қайта жөндеуден өткізіп, спорт кешенне айналдырады. Міне, осы кешенге талай жыл күрес үшін мандай терін төккен, жас балаларды баулып, спорт шеберлерін дайындаған Сайлау Сақаевтың аты берілген. Спорт кешенінің ашылу салтанатына атамыз арнайы қатысып, халқына өз ризашылығын білдірген.

Міне, ағайын, жасында төртқүл дүниені дүр сілкіндіріп, бозкілемде қарсылас болған талай мықтының жігерін құм еткен Сайлау атаның жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа өнеге болмақ. Әлі де бойынан күш-қуаты кетпеген атамыз қазақ күресінің дамуына өзіндік үлесін қосып, ақыл-кеңесімен бөлісуде. Ол бұл күнде Қарасай ауданына қарасты Райымбек ауылының тұрғыны, ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі. Күрес десе құлағы елеңдеп, дүбірлі жарысты назарынан тыс қалдырмайды. Олай болса, балуан атамызға ұзақ ғұмыр тілейік.

Ришад ТҮРҒАНБАЕВ.

■ Жыр-арнау

Мәңгілікке Желбіресін туымыз



Алты Алашқа атың шықты Нұрекем,
Бар қазаққа мақтаныш боп жүр екем.
Хан көтеріп, халқың мәнсау түрғанда,
Абыройыңды мен де бүгін жыр етем.

Бой алдырып, жалаң сөзге ермедің,
Дұшпандарға сенің тізең бермедің,
Озат елдің, қатарына қосам деп,
Тыным таппай, еңбек етіп терледің.

Болашақтың бәрін болжап білесің,
Артқа тастап, ауыр жылдар үлесің.
Алға қойған мәңгеттерің айқын боп,
Жолдауыңда соны айтып жүресің.

Бүл Нұрекем алға қарай бастаған,
Кедергіні кері итеріп тастаған.
Халқым менің бақытты
өмір сүрсін деп,
Ел жағдайын жақсартуды қашпаған.

Келешектің ойға алып белесін,
Нұрлы өмірге өзің бастап келесің,
Халқың сыйлап, құрметін көрсетсе,
Өте талай қиындықты жеңесің.

Бүл күндері дәмұқан кетті алысқа,
Түстік талай бесеңмен жарысқа,
Отанымыз күнненкүнге өркендеп,
Қол жеткізді айтарлықтай табысқа.

Әрбір іске мен бересің сарапай,
Талдап жасап, соны бірдің бағалай.
Ит ұстерің жақсылыққа бастапып,
Белене бер, алғыс алып жағалай.

Кәнұл бөліп, бақылауды
қолға алдың,
Елімді ойлап күндіз-түні толғандың,
Білім менен денсаулыққа мән беріп,
Келешегі кең ұрпақтарға қам жедің.

Бар халықтың мигасы ауып бүгінде,
Ризашылық байқалады үнінде.
Жемқорлықпен күресуді күшейтіп,
Тоқтатасың бұл індетті түбінде.

Тартып талай қорлығының
бәз азаттың,
Жүрмез мәңгі, өз еліңде азаттың.
Мұның бәрі сенің арқың Нұрсұлтан,
Жер жүзіне аты шыққың қазақтың.

Құтты болсын мына атауың жүректе,
Өтті талай белгі бекем буынды.
Алға қойған армандарға қол жетіп,
Мәңгілікке желбіресін Туымыз!

Қантбек АЯШЕВ.

БОРАЛДАЙ КЕНТІ
ІЛЕ АУДАНЫ

■ Алыстағы ағайын

ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА...

Халқымызда: «Елге ел қосылса, күт қонады», – деген нақыл бар. Расында, осы мағыналы нақылдың мәніне соңғы жылдері терең бойлайтын болғанымыз анық. Өйткені, ел тәуелсіздігімен бірге кезінде тарыдырып төлкөгі, саясаттың салқыны салдырынан шет ел асқан қандастарымыз елге оралып, атажұртпың самал аусымен тыныстай бастады. Сол игілікке жол ашқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатының өміршеңдігін бүгінгі таңда айқын сезіндік. Талай ағайынның үмітін үкілеген ұлы көштің басталғанына да міне, жиырма жыл жылжып өтті. Осыған орай, жуырда Қарасай ауданық Мәдениет үйінде Аустастан, Иран, Түркиядан қандастарымыздың Қазақстанға оралуының 20 жылдығына арналған үлкен салтанатты жиын өтті.

Елдіктің туын көтерген салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Ұлтұсын Бархинова күттықтау сөзбен ашты. Алдымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ шет елдердегі бауырларымызды атажұртқа шақыру мәселесін қолға алғанын, 1992 жылдың өзінде-ақ көші-қон департаменті құрылғанын, сол жылы-ақ бұрынғы астанамыз – Алматыда Дүниежүзі қазақтарының түңғыш Құрылтайы өткізілгенін тілге тиек етіне өкім орынбасары игілікті істің мемлекеттік саясат екеніне жан-жақты тоқталып, қандастарымыздың басқосуына табыс тіледі.

Мұнан кейін сөз кезегін алған алғашқы құрылған республикалық көші-қон департаментінің бірінші басқарушысы Ғазиз Есмұқанов: «1991 жылдың наурыз айында ұлы көш басталып, алғаш рет Моңғолияның қазақтары елге табан тіреді. Ал, 1993 жылдан Иран, Аустастан, Түркиядағы бауырларымыз келе бастады. Әрине, бұл жұмыс онайға соққан жоқ. Президенттің өзі тікелей қадағалап отырған үлкен істі көші-қон департаменті уақытпен санаспай абыройлы атқара білді. Қазір, міне, сол кезде оралған ағайындар да ел болып, жұрт болып қасиетті қазақ жерімде алаңсыз өмір сүруде», – деп түйіндеді сөзін. Осы ойды одан әрі жалғаған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, белгілі жазушы-драматург Сұлтаналі Балғабаев, – шын мәнінде, Президенттіміздің ерлігі! Қашғұл дүниедегі мемлекеттер арасында тек Германия мен Қазақстан ғана қандастарын арнайы шақырып, құшақ жая қарсы алды. Бүгінде мұндай бауырларымыз тәуелсіз республикамыздың өсіп-өркендеуіне өздерінің қомақты үлесін қосып отыр. Олар ешкімге қол жайған жоқ, өз еңбегімен, адал терімен ортақ игілігімізді молайтуда, – деді терең толғанып. Ал Сүлейман Демирел университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ислам Жемпейіс:

– Қазақ өте бауырмал халық. Аллаға шүкір деу керек. Мұндағы бауырларды өзге елден оралған туыстарын жатырқамай жақсы қарсы алды. Бүгінге дейін Қазақстанға 1 миллионнан астам қандасымыз келіпті. Олардың 105 мыңдайы осы Елбасымыздың кіндік қаны тамған Қарасай ауданында екен. Бұл Президентіміздің осы бағыттағы саясатына туған ауданының басшылығы мен халқы үлкен қолдау көрсетіп отыр деген сөз, – деп түйіндеді. Бұдан кейін Түркияның Алматыдағы бас консулы Сунһи Атан, ауданның кадірменді қариясы, Елбасының ұстазы Сейітхан Исаев, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, Елбасының сыныптасы Сайлаубек Қыдыралиев, тағы да басқа қонақтар ақ тілегін айтып, ой-пікірін білдірді.

Жиналғандар алдында қазақтың ерке қыздары – тамаша әнші Жанар Айжанова, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мақпал Жүнісова, белгілі әнші Бибіжамал Махамбетова және аудан өнерпаздары концерт қойып, бұл маңызды басқосудың сәні мен әрін әдемі кіргізді. Ал, ақылман ағамыз, іскер азамат Зейнет Рүстемұлы бастаған осы жиынды ұйымдастырушылар қалрлі мейманларды нағыз шапан жауып, сый-сияпатын тапсырды, мейрамханада кең дастарқан жайды.

Қашанда қадірі мен қасиетін ынтымақ пен береке, бауырмалдық пен ақпейілдікті іздейтін қазақ халқы өткен тарихында көрген қиындығын, бүгінгі жарқын күнде қуаныш-сүйінішпен толтырып келеді. Аталмыш басқосу сондай ізгі ниеттің қасиеттілігін тағы бір рет дәлелдеп берді.

Қажет АНДАС.

■ Қарттарым, аман-сау жүрші

Халқы үшін тер төккен

Бүгінде 78-ге аяқ басқан, Қаракемер ауылының тумасы Әсия Халыққызы өмірдің талай қызығын көріп, суығын өткерген зейнеткер. Ұлағатты ұстаз саналы ғұмырын ауылының өркен жаюына, мәдениетінің дамуына, жастар тәрбиесіне арнады.

Ұзақ жылғы шәкірттер баулып, саламатты өмір салтын насихаттау жолындағы ізденісті істері жоғары бағаланып, Елбасы Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «ҚСРО оқу-агарту ісінің үздігі», «Қазақ КСР Білім беру ісінің үздігі» атақтарына ие болды. Зейнет демалысында жүрсе де жастар тәрбиесінен, яғни, оларды парасаттылыққа, бауырмалдыққа, иманжүздікке баулуда шет қалған емес. Ислам дінінің қағидаттарына бойсұнған ақ ана мұсылмандықтың бір парызы – Меккеге сапар шегіп, қажы атанып қайтты.

Бүгінде деструктивті ұйымдардың ықпалына түскен жүздеген азамат өздерін қорғауды қажет етеді. Осыған сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде дінн ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталықтары құрылып, олардың жастармен бірге жүргізетін сауықтыру, алдын алу шаралары жалғасын табуда. Бұл акция түрлі ағымдардың жетегінде кеткен жастарға қол ұшын созуды, дінн экстремизм мен терроризмге жол бермеуді мақсат етеді. Қажы әже Әсия Халыққызы осындай орталық жұмыстарының белді мүшесі. Олардың жұмысының жандануына қол ұшын беріп, тәрбие және ұлағаттылық көметін көрсетіп келе жатқан абзал ана. Ақ ана бір сөзінде: «Қаймағы бұзылмаған қазақтың қарапайым, адал, еңбекқор жастары ата-аналың, ұстаздарының берген тәрбиесін ұстанып, елімізді дамытуға бар күш-жігерімен атсалысуы қажет. Ата-баба салтын сақтау, үлкендер сенімін ақтау, асыл дінімізге құрметпен қарап, сенімге селкеу түсірмеу – бүгінгі ұрпақтың парызы», – деген болатын, тебірене болашаққа ой тастап.

Әсия әже Халыққызы бүгінде Алматы қаласында тұрса да ауылдан алшақтаған емес. Қолынан келген істің барлығын ауылы үшін жасағысы келеді. Әр отбасының басына келетін қаза үлкен ауыртпалық екені шындық. Адамды арудан шығарғанда кездесетін жол азабы да шындық тұғызары ақиқат. Әсіресе, жол ойлы-шұқырлы, ми батбақты болса, жауын-шашынды күндері қиынның қиыны. Қаракемер ауылындағы тау бауырындағы бейітке баратын жол осындай болатын. Осы жолды қалыпқа келтіру – Әсия апайды көптен күтіп отырған мәселе еді. Ойын жинақтап, түйінделген қажы ана Әсия Халыққызы ұзақ жылғы жинаған қаржысын жол жөндеу жұмысына жұмсауды ұйғарды. Балалары, туыс-жақындары, ауыл тұрғындары ақ ананың отпашын құп алды. Ұйымдаса күш біріктіріп, ақ ана қаржысына екі шақырым қара топырақты батпақ жолға тас төгіп, үстін қиыршық құммен түзетіп, жол жасауды аптаға жетпей бітірді.

– Бұл менің туған ауылымның көркеюіне қосқан шағын үлесім ғана. Ел-жұртыма, ағайын-бауырларыма рахмет, бастама көтерген ұсыныссымды қабыл алып, көңілімнен шыққанына қатты қуандым. Жүк көліктері, кажетті техникалармен қамтамасыз еткен, балам десем де болады Женісбек Өмірханұлына, күндіз-түні тыным таппай жол жасау жұмысының басы-қасында болып, күш-қайратарын аямаған ауыл жастары Қайрат, Талғат Қасымбаевтарға, Серікбек, Сәкен Халықовтар мен Әбіл, Мұрат Қожаковтарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Қолдарына қуат беріп, бала-шағаларының қызығын көр, дегсн батамды беремін. Алла бірліктен айырмасын! – дейді көзіне қуаныш жасы іркілген ақ әже.

Бұл Әсия Халыққызының мұсылмандық парызының кезекті бірін өтегендігі деп білеміз. Әсия әже жас кезінде-ақ елгезек, білімқұмар, еңбексүйгіш болды. ҚазПИ-де оқып, филология бөлімін тәмамдады. Үздік мұғалім атанып, жас кезінде-ақ Мәскеуде өткен Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне қатысты. «Қазақ тілі кабинеті» көрмесін ұйымдастырып, білікті ұстаз атанған Әсия шебер еңбегімен орталық ұстаздарын таң қалдырды. Бұл жұмысына жоғары баға берген Одақтың Білім министрлігі Әсия Халыққызын «ҚСРО оқу-агарту ісінің үздігіз атағына лайық деп тапты. Туған жерінде еңбек ете жүріп, талай еңбек үлгісін көрсетті. Ондаған тәжірибе мақалалары одақтық және елімізді ірі басылымдарында жарық көрді. «Жыл мектебі» сайысының жеңімпазы, «Жыл мұғалімі» атағының иегері атанды. Аудасында, саяжайында түрлі бау-бақша өсірумен айналысып, тәлімгерер бағбан да атанды. Қорыта айтқанда, Әсия апай өмір жолын ұрпаққа үлгі болар қам-кәрекеттермен өткізіп келеді.

Бавиды ЗӘКІРОВ.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

Әлихан БӨКЕЙХАН.

■ Баспасөз – 2014

Талғамы биік басылым

– Басылға жұық тарихы бар, талғамы биік, таным зор, жалпы тарапымы жыл санап артып келе жатқан, жер жәннаты Жетісуымыздың айнасына айналған «Жетісудың» қарағайдай қалың оқырмандары үшін берері де беделі өте зор. Ұлттық рухымыз бен өнерімздің өрісн биіктетіп, өресн өсіруде де өлшеусіз үлесн қосып келе жатқан басылым. Жақсылық пен жаңалықтың жаршысы. Оқырмандардың ойтолғамын орнықты пікірлермен үндестіріп, үйлестіруде де өзіндік сара жолы бар төрбие құралы. Халықтың ерекше ізден жүріп оқитын, қоғам ісіндегі олқылықтар мен кемшіліктердің орнын толтырып отыратын от аузынды, орақ тілді журналистерінің ұстанымдары да көпшіліктің көңілінен шығуда, – деп жылы лебізін білдірген таным ақын, Талғар ауданық тілдерді оқыту орталығының директоры Кәмкүр Төлмұты бастаған бір топ әдебиетсүйер қауым сәрсенбің сәтіне Қызылқайрат ауылындағы Мәдениет үйінде өткен «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ақылық ақын Фариза Оңғарсынованың «Дауа» атты жыр жинағын насихаттап, шырайлы шығармашылығы жайлы ой-толғамдарын ортаға салды. Өлеңмен өрілген бұл басқосуға ұзақ жылдар бойы ұстаздық етken тіл жанашырлары Дәша Қожабекова, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, аудандық «Талғар» газетінің тілшісі Түрсынбек Жалғасбаев, аудандық кітапхананың директоры Мақамбет Қармысов және ауылдың желөлдей өсіп келе жатқан жырсүйер жастары қатысты.

«Кітап оқуды қойған адам ойлаудан қалады» деген екен француз жазушысы Дени Дидро. Қысқартудың құрсауында ширкеннен соң қайта қалпына келтірілп, былтырғы жылы пайдалануға қосылған Қызылқайрат ауылындағы кітапханаңың бүгінгі күні кітап қоры – 3931-ге, ал оқырмандар саны – 500-ге жетіп отыр. Бұл қуанарлық жайт

(3-бетке назар аударыңыз).



Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 27-41-83; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН СЕНІМ

ҰСЫНЫС ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2016 жылғы қаңтар-ақпан айларында 793, соның ішінде облыс әкімінің, 253 аудан және қала әкімдерінің, 539 аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және кент әкімдерінің есепті кездесулері өткізілді.

Есепті кездесу барысында аудан, қала әкімдерінің және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және кент әкімдерінің атына 365 ұсыныс айтылды *(2015 жылы – 470)*. Соның ішінде 77-сі жолдарды жөндеу мен салу, 61-і абаттандыру, санитарлық және экологиялық жағдай туралы, 46-сы білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысы бойынша, 39-ы ауызсу мәселесі жөнінде, 26-сы елді мекендерді электрмен, газбен, телефон байланысымен қамтамасыз ету, 4-еуі тұрғын үй қатынастары, 4-еуі жер қатынастары мәселесі, 108-і өзге мәселер бойынша.

Барлық деңгейдегі әкімдердің есепті кездесулерінің қорытындысы бойынша іс-шара жоспарлары әзірленіп бекітілді және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылы облыс әкімінің халықпен есепті кездесуінде айтылған 10 ұсыныстың орындау жоспарланған.

Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылындағы кәріз суларын тазарту құрылғысының құрылысына қаражат бөлу, Райымбек ауданының Нарынқол өңірін дамытуға іс-шаралар жоспарын әзірлеу және қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру, Сарқан қаласында қатты қалдықтар полигонының құрылысын жүргізуге қаржы бөлу туралы мәселелердің орындалуы 2016 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланды.

Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінің тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында «Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылының кәріз жүйесін реконструкциялау және салу» жобасы әзірленді. Жобаның жалпы құны – 1 107 592 млн. теңге. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне бюджеттік өтінім ұсынылған.

2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасының аясында облыстың шекаралық аймағы ретінде Райымбек ауданын дамыту бойынша 2016 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген. Нарынқол өңірін дамытуға 2016 жылға бюджеттен 0,6 млрд. теңге қарастырылған. Райымбек ауданының Нарынқол ауылын тірек елді мекені ретінде дамыту мақсатында 2014 – 2016 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленіп, бекітілген *(облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №40-227 шешімімен)*.

Сарқан қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтау полигоны құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптама қорытындысы бар. Жобаның жалпы сомасы 168,1 млн. теңгені құрайды.

2016 жылдың екінші тоқсанына жоспарланған шаралар да орындалады. Атап айтқанда, Алакөл ауданындағы Сапақ ауылының тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында жаңа ұңғыны бұрғылауға қаржы бөлу, үш аусымды мектептер жүктемесін жеңілдету үшін Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында, Панфилов ауданының Жаркент қаласында жаңа мектептер салу, Сарқан ауданындағы Мұшұмбай, Қаражырық, Қонақбай және Р-І каналдарын тазалауға қаржы бөлу, Талғар ауданының «Жаңа Қуат» тұрғын үй алабындағы балабақша мен мектепке баратын жолды салу және халық ақыны Төміргали Рүстембековтің 110 жылдығын мерекелеуді мәдени іс-шаралар тізіміне енгізу туралы мәселер көтерілді.

Алакөл ауданы Сапақ ауылының тұрғындарын орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен қамту мақсатында 2015 жылы «Алакөл ауданы Сапақ ауылының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы» жобасын іске асыруға 40 млн. теңге, 2016 жылы 181,7 млн. теңге бөлінді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «Бағалы Алакөл» ЖШС атқаруда. Нысанды іске қосу мерзімі 2016 жылдың тамыз айы.

Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы мектептерде үш ауысымды оқытуды болдырмау мақсатында «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша Ұлттық қор есебінен бөлінген 615,303 млн. теңгеге 600 орынды орта мектептің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Құрылыстың жалпы құны 1 млрд. 367,340 млн. теңге. Нысанды пайдалануға беру 2017 жылға жоспарланған.

Жергілікті бюджет есебінен бөлінген 929,1 млн. теңгеге Панфилов ауданы Жаркент қаласында 300 оқушыға арналған жалпы орта білім беру мектебінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Нысанды пайдалануға беру 2016 жылдың қазанына жоспарланған.

Ағымдағы жылы Сарқан ауданындағы Мұшұмбай, Қаражырық, Қонақбай және Р-І магистральді каналдарына күрделі жөндеу мен механикалық тазалау жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 82,9 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күнде аталған каналдарды жөндеу және тазалау жұмыстары басталды. Аталған жұмыстарды аяқтау 2016 жылдың қыркүйек-қазан айларына жоспарланған.

Талғар ауданының «Жаңа Қуат» тұрғын үй алқабындағы балабақша мен мектепке баратын жолды салуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде өндірістік инфрақұрылымды дамыту түрінде қаржылай қолдау шаралары көрсетіледі. Алайда, 133 тармаққа сәйкес, бөлінген қаражат келесі инфрақұрылымды, яғни су бұру, сумен жабдықтау, газдандыру, өнеркәсіптік алаңдарға арналған қазандықтарды салуға және реконструкциялауға жіберіледі. Жол құрылысы аталған тізімге кірмейді.

Ал Көксу ауданының Балпық би ауылындағы апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындарын жаңадан салынып жатқан үйге көшіру мәселесін орындау 2016 жылдың төртінші тоқсанына жоспарланған.

Аудан және қала әкімдерінің есепті кездесулері жөніндегі іс-шаралар жоспарына 163 ұсыныс енгізілген (2015 жылы – 220). 2016 жылдың екінші тоқсанына 34 мәселе *(Балқаш, Көксу аудандары – 8, Жамбыл, Ұйғыр аудандары мен Талдықорған қаласы – 4, Панфилов, Сарқан аудандары – 3, Алакөл ауданы – 2, Ақсу, Ескелді, Іле, Қарасай, Райымбек аудандары мен Қапшағай қаласы – 1)* толығымен шешілген.

Бақанас ауылының саябағын абаттандыру мақсатында 300 түп ағаш көшеттері отырғызылған. Абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Балатопар ауылындағы көпбалалы ананың балаларға төленетін жәрдемақы мәселесі толығымен шешілді. Бүгінгі күнге 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін 2228 теңге көлеміндегі жәрдемақы әр балаға бөлінуде.

Қарой ауылындағы су құбырының мұнарасына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құйған ауылындағы Іле өзенінен өтетін көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Балқаш ауданындағы Қарой ауылының ауруханасына тіс дәрігерінің штаттық бірлігі бөлінген.

Көксу ауданының Айнабұлақ ауылы тұрғындарымен аудан әкімінің есептік кездесуінде ауылдағы №12 орта мектебіне Байшапановтың атын беру туралы ұсыныс берілген. Мұсабек ауылындағы Қызыларық орта мектебінің спортзалында күрес секциясы ұйымдастырылып, аптасына 2 мәрте жаттығулар өткізіледі. «Қабылиса ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жоғары жылдамдықты интернет желісі орнатылды. Мұқыры ауылындағы Оразбай Уәлиханов көшесінің тұрғындарына интернет желісін тарту туралы «Қазақтелеком» АҚ-ға ұсыныс хат жолданды.

Жамбыл ауданы Үңгіртас ауылының ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 216 млн. теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстарын мердігер ұйым «Фирма Еламан» ЖШС жүргізуде. Жөндеу жұмыстары 2016 жылдың қараша айында аяқталады деп жоспарлануда. Сұраншы батыр ауылының ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 215 млн. теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстарын мердігер ұйым «KazLuxСтрой» ЖШС жүргізуде. Жөндеу жұмыстары 2016 жылдың қараша айында аяқтау жоспарланған. Таңбалытас ауылының ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 5 млн. 532 мың теңге бөлінген. Жұмыс 2016 жылдың шілде айының соңына жоспарланған. 12 млн. 733 мың теңгеге Сұраншы батыр ауылының көшелеріне жарық орнату жұмыстары жүргізілді. Монтаждау жұмыстары 2016 жылдың мамыр айында аяқталды. «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында ағымдағы жылдың 10 наурызынан пилоттық режимде бірыңғай ақпараттық-есеп орталығы (әрі қарай – БАЕО) жұмысын бастады. Бұл орталық коммуналдық қызмет тұтынушыларының бірыңғай мәліметтер базасын құруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні орталықтан «Қаратал» шағын ауданының жалпы саны 2708 пәтерге бірыңғай төлем құжаттары таратылды. Бұл құжатқа жылу энергиясының, ыстық және суық су, кәріз, көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы бойынша, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мен ПИК қызметтері туралы төлемдер енгізілген (келешекте электр энергиясы, газ жүйесі мен кабельді теледидар қызметтері үшін төлемдер де енгізіледі).

Панфилов ауданы Алтыүй ауылындағы Ә. Қастеев атындағы орта мектептің жылыту жүйесінің қазандығына бөлек ғимарат салынды.

Облыстық білім басқармасына Сарқан политехникалық колледжінің жатақханасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттама дайындау үшін құжаттар жіберілген.

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша бөлінген 153 млн. теңгеге Алакөл ауданы Аркарлы ауылының ауызсу жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық «Қазсушар» АМҚК1, 2 млн. теңгеге Ақсу ауданындағы ұзындығы 4,5 шақырым болатын Бұрған каналына жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Іле ауданы әкімінің есепті кездесуі барысында түскен Қосөзен ауылындағы егістіктерге су беру мәселесі шешілді. Бүгінгі күнге «Илиирригация» ҚММ мен «Тоспа су» ҚММ арасында 2016 жылға егістікті сумен қамтамасыз ету үшін келісімшарт жасалып, төленуі тиіс қарыз сомасы біртіндеп төленетін болды.

Райымбек ауданы Ұзынбұлақ ауылындағы Көшкінов атындағы орта мектептің материалдық базасын нығайту мақсатында жергілікті бюджеттен 750 мың теңге қаржы бөлініп, 5 жиынтық компьютер алынды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтер мен кент әкімдерінің есепті кездесулерінің қорытындысы бойынша 174 ұсыныс іс-шаралар жоспарына енгізілген (2015 жылы – 201). Соның ішінде екінші тоқсанда 76 ұсыныс толығымен орындалған.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ескертулер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынып, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерінің отырыстарында тоқсан сайын қаралып отырады. Айтылған ұсыныстар мен ескертулерді орындау жұмысы жалғастырылуда.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«САРЫ» ДЕҢГЕЙ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Терроризммен күрес жөніндегі республикалық жедел штаб Қазақстан Республикасының барлық аумағында террористік қауіптің бірқалыпты «сары» деңгейі мерзімін 2016 жылғы 16 тамызға дейін ұзарту жайлы шешім қабылдады.

Террористік қауіптілік деңгейі белгіленген кездегі тұрғындардың іс-қимыл реті бойынша КЕҢЕС

Бірқалыпты «сары»

– сөмкелер, қораптар, бумалар, қаптар, шамадандар түріндегі иесіз заттарға, әсіресе электр сымдары мен техникалық құрылғылары көрініп тұрған заттарға, сонымен қатар қоғамдық орындар мен көліктегі күдікті адамдарға назар аударыңыздар;
– күдікті заттарды сақтауға немесе тасымалдауға алмаңыздар;
– айналаңыздағы адамдарға әлдекімдер тастап кеткен заттарды ұстаудың қауіпті екенін түсіндіріңіздер;
– құжаттарды тексеру кезінде құқыққорғау органдары қызметкерлерінің жұмысына түсіністікпен қарап, оларға қолдан келгенінше көмек көрсетіңіздер;
– ағымдағы жағдай туралы жаңалықтарға құлақ түріңіздер;
– үрейге берілмеңіздер.

ҚР ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ОРТАЛЫҒЫ.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ жалғасады

2016 жылғы 29 ақпанда Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВТЫҢ өңірдің 2015 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары, 2016 жылға арналған жоспары туралы және облыстық мәслихатпен, оның тұрақты комиссияларымен 2015 жылы атқарылған жұмыс туралы есептері тыңдалды.

Ағымдағы жылдың 11 мамырында Алматы облысының қаржы басқармасының 2015 жылға арналған облыстық бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебі қаралды. 2016 жылғы 17 мамырда Қазақстан Республикасындағы жер заңнамасына енгізілген өзгерістерге байланысты туындап отырған сұрақтарды талқылау және түсіндіру мәселелері бойынша отырыс өткізілді.

Он күннен кейін 2015 жылы бюджеттік бағдарламалардың орындалуы және нысаналы индикаторларға қол жеткізу мәселесі бойынша атқарған жұмыс нәтижелері туралы Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасының есебі тыңдалды.

Биылғы жылдың 1 жартыжылдығында 7 қоғамдық тыңдау өткізіліп, олардың барысында жергілікті өкілді және атқарушы органдарының азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты 142 нормативтік-құқықтық актілердің жобалары талқыланды. Олардың ішінде облыстық мәслихаттың 9 шешімінің облыс әкімдігінің 15 қаулысының, облыс мәслихаты мен әкімдігінің 3 бірлескен шешімінің, қалалық және аудандық мәслихаттардың 78 шешімінің, аудандық және қалалық әкімдіктердің 37 шешімінің жобалары талдауға түсті.

Ағымдағы жылдың 2 жартыжылдығында облыстың Қоғамдық кеңесінің отырыстарын ай сайын өткізу тәжірибесі жалғастырылып 2015 жылы бюджеттік бағдарламалардың орындалуы және нысаналы индикаторларға қол жеткізу мәселесі бойынша жолаушы көлігі және автомобиль жолдары денсаулық сақтау, құрылыс, дене шынықтыру және спорт, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім және жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының есептері тыңдалатын болады.

Сонымен бірге 2016 жылдың қалған кезеңінде Қоғамдық кеңестің қарауына енгізілетін жергілікті өкілді және атқарушы органдарының азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау жұмысы жалғастырылады.

Алматы облысының Қоғамдық кеңесі және онымен атқарылып жатқан жұмыс туралы толығырақ ақпаратпен облыс мәслихатының almoblmaslihat.kz ресми сайтында Алматы облысының Қоғамдық кеңесі бөлігінде танысуға болады.

Ә. ТОЙБАЕВ,
облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бопазов Ақсу ауданына қарасты Матай ауылының тұрғындарымен кездесті. Жарқын жүздесуге «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев келді. Сондай-ақ, Ақсу ауданының әкімі Әділбек Далбағаев, аудандық мәслихат хатшысы Бейбіт Сүлейменов, аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Күләйхан Дәулетбекова және мекеме басшылары қатысты.

«ҚАЗАҚСТАН – 2050» стратегиясын түсіндірді

Мәжіліс депутаты өз сапарын «Есіктен есікке дейін» республикалық акциясы аясында, Матай ауылының тұрғындары, партия ардагерлері Рысхан Сүлейменова мен Хайша Исанованың шаңырағынан бастады. Өз кезегінде үй иелері қонақжайлық танытып, халық қалаулысын жылы жүзбен қарсы алды. Олар қазіргі кездегі мемлекет тарапынан жасалып жатқан жағдайларға ризашылығын білдіріп, Мәжіліс депутатының шалғайдағы ауыл шаңырақтарына бас сұғып, қал-жағдайын сұрағаны үшін алғыстарын айтты.

Ақсу топырағына табаны тиген депутат Матай орта мектебінің мәжіліс залында ауыл тұрғындарымен жүздесті. Кездесу барысында Марат Дәрібекұлы өзінің бұл сапарының мәнін ашып, «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформа, даму» атты Елбасы Жолдауын, бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы туралы ой қозғап, өзі басқаратын экология және табиғат қорғау комитетінің жұмысы туралы кең көлемде түсіндіріп берді. Депутат залдан түскен сауалдарға да құлақ түріп, тұшымды жауап қатты.

– Марат Дәрібекұлы, Матай – менің кіші Отаным. Оның жағдайы жақсы болғанын қалаймын, – деді зейнеткер Теңізбек Қабдолданова, – біздің күнкөрісіміз тікелей теміржолға байланысты. «ПЧ», «УЧ» деген мекемелеріміз жабылып қалды. Енді «СКТ – 7», депо қысқарады деп жатыр. Біздің сізден сұрайтынымыз – осы мекемелерді жаппауға күш салсаңыз.

Бұл сұраққа «Ақтан – групп» және «Локомотив» теміржол компанияларына қарасты аталған екі мекеменің басшылары Эльдар Сәмбетов пен Нұрбек Есболов жауап берді. «СКТ – 7» шеберханасында 35 адам жұмыс істеп, 72 локомотив жөндеуден өтуде. Депода 530 адам қызметте. Дегенмен, Матайдың деполарын Ақтөбемен қосу жөнінде сөз болғаны рас. Қазіргі күндері елімізде ірі теміржол құрылыстары жүріп жатыр, соған байланысты кейбір деполар тарауда», – деді олар. Мекеме басшылары теміржол салу іске асқаннан кейін тараған деполар қайта жұмыс жасайтындығын айтты. Аудан әкімі Әділбек Далбағаев станциялар қосылған жағдайда балама жұмыс көздері мен жаңа жұмыс орындарын ашу жөнінде ұсыныс жасады.

Келесі сұрақты қойған Раушан Нұршабаева ауылдың Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуді сұрады. Оған Үкіметтің «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша жөндеуге кемінде 3 – 5 жыл кететіні, таяу арада жасала қоймайтыны түсіндіріліп, мұндай әлеуметтік ғимараттарды қайта пайдалануға «Туған жерге туың тік» акциясы аясында қалталы азаматтарды тарту керектігі айтылды. Ал ауыл тұрғыны Гүлсара Байділдинова жергілікті ауруханада оташы, терапевт дәрігер жоқ екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар теміржолшыларға дәрі-дәрмек тек ірі қалалардағы дәріханалардан талон арқылы берілетіні, оны неге аудандағы дәріханалардан алуға болмайтыны сұралды. Аталған мәселені «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев өзінің бақылауына алатынына уәде берді. Депутат ел сұрақтарына жауап берумен бірге ата-ана құқығы, үштілділік, 2017 жылдан декларация тапсыру тақырыптарына тоқталып, елдің пікірін білді.

Депутат ауыл тұрғындарының әрбір өтініші назардан тыс қалмайтынын айтып, халықтың мұң-мұддесі бәрінен жоғары тұратынын жеткізді. Бұдан кейін Мәжіліс депутаты «Көусар» балабақшасына және «Туған жерге туың тік» акциясы аясында Матай ауылында кәсіпкер Қ. Самбетовтың бастамасымен іске қосылған «Ток а шок» демалыс орталығына бас сұғып, жаңа нысандардың жұмысымен танысты.

Мұхаметәлі ҚАЗБАНБЕТОВ.
Ақсу ауданы.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталуда. Соның дәлелі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы қоғамдық келісім кеңестерінің рөлін көтеру, олардың жұмысын әрі қарай дамыту мақсатында игілікті шара қолға алынды.

Достық – қымбат қазына

Қарасаз ауылындағы Мәдениет үйінде «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» атты мега-жобасы аясында қоғамдық келісім кеңесінің мүшелерімен кездесу өтті.

Шараны Қарасаз ауылының әкімі Марат Тұрдақынұлы ашып, жақсы тілек, сөздерімен жалғады. Облыстық «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев мега-жобаның барысы мен мақсаты және осыған байланысты атқарылатын жұмыстарға тоқталды. «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» заңгер-медиаторы М. Қасымова медиация туралы, оның қызметі жайында түсініктеме берді. Осы күні қоғамдық келісім кеңесінің белсенді мүшелері арнайы Алғыс хаттармен марапатталды. «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасы аясында өткізілген шарада мәні зор, аса өзекті мәселелер талқыланды. Кеш түрлі ұлттық билермен өрнектеліп, көрермен қуанышы асқақтай түсті.

Қ. БІРЖАНСАЛ.
Райымбек ауданы

"НҰРЛЫ – АРАСАННЫҢ" шипасы мол

Дабырасы алысқа жеткен «Нұрлы – Арасан» емдеу-сауықтыру орталығындағы қайнаған тірлік кім-кімді болса да елең еткізетіні анық. Жылдың төрт маусымында адам үзілмейтін арасанға алыс-жақыннан ат сабылтып жететіндердің қарасы көп. Өйткені оның минералды суындағы фтордың мөлшері өте жоғары (-11.5 мг/л) болғандықтан су буын (тұз байлану, ревматизм, тағы басқалар) жүйке жүйелері мен әртүрлі тері, ауруларын, сондай-ақ, жүрек-қантамыр сырқатын емдейді. Айта кетерлігі, арасан суында фтордың мөлшері өте көп болғандықтан тек қана ванна немесе душ ретінде сыртқы денеге пайдалану керек.



Қажет АНДАС

Аталмыш арасан Кеңес одағы кезінде емдік қасиетінің жоғарылығымен өте танымал болған. Оған кешенді жөндеу жұмысын жүргізіп, ел игілігіне жарату туралы Дінмұхаммед Қонаевқа да ауыл ақсақалдары бір-екі рет ұсыныс жолдапты. Нұрлы ауылы бой көтергенде сол ұсынысқа да назар аударылып, арасанды жөндеу және абаттандыру жұмысы қолға алыныпты. Алайда, бұл шаруа Кеңес одағының ыдырауымен түспа-түс келгендіктен басталған жұмыс мәресіне жетпейді. Сонымен республика бойынша таңдаулы емдеу-сауықтыру орталықтарының біріне айналады деп күтілген нысан қараусыз, қаңырап қалады. Салдарынан арасан маңына салынған үйлердің құрылысқа жарамды материалдары ұрланып, таланып, бұзылып, шағылады. Райыс Әріпжанұлы 1999 жылы ыстық су шығып тұрған қайнар мен оның маңындағы 12 гектар жерді сатып алып, кәсібін бастайды. Осындай бүлінген жерді қазіргідей «Отау ТВ» жерсерігі жүйесіне қосылған теледидар, заманауи төсек-орынмен жабдықталған 2 және 4 бөлмелі бір күнде 50 адамды еркін қабылдайтын еурожөндеу жүргізілген қонақүйі, тапсырыс бойынша түрлі тамақ дайындап беретін асханасы бар төрт құбыласы тең келген деңгейге жеткізу қандасымызға оңай болмапты.

Райыс аға ел тәуелсіздігімен бірге 1991 жылы Қазақстан Ғылым академиясының химия ғылыми институтына аспирант болып оқуға түседі де, 1995 жылы кандидаттық жұмысын орыс тілінде сәтті қорғап, академияға жұмысқа тұрады. Келесі жылы Білім және ғылым ғылым министрлігінің жас ғалымдарға арналған сыйлығын алады. Өкінішке қарай, 1997 – 1998 жылдары қысқартуға түсіп, ғылымды тастап, жеке кәсіпкерлікпен айналыса бастайды. Бастапқыда Алматы қаласында әртүрлі кәсіптің тізгінін ұстап, ақыры 1999 жылы жоғарыда айтылған арасанға бірден тоқтайды. Ғылыммен айналысып, ғылыми ортаға еті үйреніп қалған ол қабырғалары құлап, іші күл-қоқысқа толған, есік-терезеден тамтығы жоқ ортаға үйлесе алмай көп қиналады. Оның үстіне қалтасындағы қаржысы аз болғандықтан жұмысты тірнектеп бастауға тура келеді. Сонымен бірінші жылы экскаватор жалдап малтау көлшіктерін қазып, емдеу-сауықтыру бөлмесі, асхана сияқты негізгі кешендерді тұрғызады. Келесі жылы 3,5 шақырым жерден электр желісін тартып, арасанға жарық әкеледі. Күн өте 20 адамды қабылдайтын қонақүй мен айналаны қоршалған шомылу алаңы іске қосылады.

– Алғаш бұл жерді сатып алғанда бұл ешқандай бизнес көзіне айналған жоқ. Иен дала болатын. Осы жерді сатып алған соң соның бәрін ретке келтіруге тырыстым. Алғашында арасанға келушілерді жол мәселесі қатты қинайтын. Қысқы қар, көктемгі жауын-шашында көліктер батпаққа батып, сор тартылғанша далада қалатын. Сонымен өз күшіммен 10 шақырым жолға шағыл тас төгіп, суағарларға көпір салып, келушілер осында қиналмай келетін жағдайға жеткіздім. Сол тұста бұл аумақты заманға сай көркейтуге кедергі жасағандар да көп болды. Тіпті, шаруамыз жүре бастағанда жалған құжат жасап, тіршілігіме таласқандар да болды. Ақыры олардың жалған құжат жасатқаны, менің жеріме орынсыз бас сұққаны анықталып, жеңіліп тынды. Біраз жүйке жұқарды, қаржы ысырап болды, уақыт кетті. Ғылыми ортада жүрген маған бірден шаруашылыққа жол салу қиын болды. Әсіресе, мынадай жапан далада кәсіпкерлікпен айналысудың қиындығын әбден көрдім. Десе де, әр жылғы табысымды арасанды абаттандыруға арнап жүріп, бүгінгі деңгейге жеттім. Әдетте, келіп-кетушілер сағатына 200 теңге төлесе, қонақүйде жатып, күні бойы тұрақты емделетіндер күніне 2 мың теңге төлейді, – дейді Райыс Әріпжанұлы.

Жер қыртысының 980 метр терең-дігінен шығатын арасан суының құрамында кальций, магний, сынап сияқты 36 түрлі микроэлемент бар. Фтордың құрамы өте жоғары. Ол адам бойындағы бүкіл тері ауруын жазады. Россия, Германия, Қытайдан арнайы келіп, емделіп қайтатындар көп екен. Арасан суының әртүрлі буын ауруы, жүрек-қантамырларының қатаюы, көтеу (геморой), қанқысымы сияқты ауруларға ем екендігін Мәскеуден арнайы келіп, зерттеу жұмысын жасаған ғалымдар анықтаған. Емдеу-сауықтыру орталығындағы ем қабылдаушылармен әңгімелесу барысында түрлі қуанышты жағдайдың куәсі болдық. Айталық, астаналық Жанна Мәсетова бірнеше жыл қатарынан тері қышымасына шалдығып, біраз аурухананың табалдырығын тоздырыпты. Осы жерге келген бір аптада терінің қышығаны тоқтап, жаралар қарақотырлана бастапты. Ал Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйтерек ауылының тұрғыны Ақмарал Аманғалиева: «Екі тізем тынбай қақсап, ауырғалы 4-5 жылдың жүзі болды. Кейде мүлдем бүгілмей қалады. Басқа да емдік суларға талай бардым. Қанқысымым көтеріліп, аяғыма мүлде әсер етпеді. Осымен екінші рет келіп отырмын. Малдас құрып отыратын дәрежеге жеттім, басым да ауырмайтын болды», – десе, алматылық Венера Нұрмұхаметова**:** «Екі аяғым 5-6 жылдан бері бастырмай ауыратын. Бармаған дәрігер, көрінбеген емші қалған жоқ. Өзге де шипажайларда ем қабылдадым. Кішкене жақсы болады, тағы қайталайды. Осы «Нұрлы–Арасанға» келгеннен бері құлантаза айықтым. Әр жыл сайын 2-3 рет келіп тұрамын», – дейді. Ал Алматыда туып-өскен, қазір Германияның Берлин қаласында тұратын Фолькер Штюве атты неміс азаматы бала күнінде тырысқақ ауруына шалдығып, Германияға көшкенге дейін осы арасанда емделіпті. Ол жаққа барған соң ауруы асқынып, дәрігерлердің емі көмектеспей қалады. Сосын қайтадан осы арасанға келіп, емделіп көргенде арасан суының шипа бергенін байқайды. Бұл жағдай неміс дәрігерлерін де ойландырған көрінеді. Биыл солардың бірқатары аталған арасанды көріп қайтуға жиналыпты. Ал қытайлық сыздауық ауруына шалдыққан Еркін Тастамбек атты азамат та дертіне шипаны осы арасаннан тауыпты. Иә, біз барғанда арасанда ем қабылдап жатқан елу шақты адамның өрбірін тыңдасаң осындай көңілді әңгімеге қарық боласың. Біз де сынап көрдік. Пайдасы мол екен.

Кәсіпкер азамат арасанмен қоса мал және егін шаруашылығымен де айналысады. Қазір жүз басқа жуық ірі қара, 150-ге тарта ұсақ мал өсіріп отыр. Нұрлыдан 10 гектар егістік жер алып оның бес гектарына алма бақ өсірсе, 1 гектарына пайдасы мол шылан жемісін еккен. Қазір оның бәрі жеміс беруде. Бақ пен малдағы 4, емдеу-сауықтыру орталығындағы 10 адамды қосқанда жалпы 14 адамды жұмыспен қамтып отыр. Сондай-ақ, аудандық, ауылдық әкімдікпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, мереке-мейрамдарға белсене қатысып, әлеуметтік аз қамтылғандарға демеушілік танытып, қайырымдылық шарасымен де айналысады. Осы еңбегі өтеліп, түрлі марапаттарға да ие болып отыр.

Еңбекшіқазақ ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

№20
(18728)

Сейсенбі,
18 ақпан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

@ Jetisu2002@mail.ru

◆ ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ



ҚАУІПСІЗДІК – ӘЛЕМГЕ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Германияға жасаған екі күндік жұмыс сапары нәтижелі аяқталды. Тарихи сапардың басты мақсаты – Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясына қатысу болғанымен одан тыс әлемде өзіндік орны бар ұйым өкілдерімен, ірі компания жетекшілерімен, беделді саясаткерлермен кездесулер ұйымдастырылды. Екі күн ішінде ел мүддесіне, әлеуметтік-экономикалық салаларға қатысты келіссөздер жүргізіліп, Қазақстанның қалыптасқан демократиялық құндылықтары, Орта Азиядағы орны мен беделі, әлемнің өзге мемлекеттерімен қарым-қатынас мәселелері сөз болды. Қазақстан Президентімен өткізілген он екі кездесуге де әлемдік деңгейдегі сарапшылар жоғары баға берді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Жұмыс сапарының алғашқы күні Германияның ірі компания басшылары Клаус Лутцпен, Михаэл Виферспен және Патрик Видеманмен екіжақты кездесуден басталды. Кездесуде көлік логистикасы, екі жақты тәжірибе алмасу, қалдық заттарды қайта өңдеу және өзара ынтымақтастық мәселелері көтерілді. Мюнхен конференциясы аясындағы жүздесу Канаданың Премьер-Министрі Жастин Трюдомен жалғасты. Тараптар Қазақстан мен Канада арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективаларын талқылап, халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастықты қарастырды.

Түс ауа Мемлекет басшысы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Хосе Анхель Гурриамен пікір алмасты. Қасым-Жомарт Кемелұлы аталмыш ұйымның стандарттарын енгізуге, саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысында белсенді ықпалдастыққа баса мән беретінін айтты.

– Мен бүгінгі кездесуге өте қуаныштымын. Біз көптеген министрлермен бірлесіп жұмыс істедік. Осы орайда қарым-қатынастың жыл санап дамып келе жатқанын атап өткім келеді. Бүгінгі кездесуге шын жүректен қуаныштымын. Биыл ынтымақтастығымыз одан әрі өрлей түседі деген сенімдемін, – деді Анхель Гурриа.

Қазақстан Президенті Мюнхенге жасаған жұмыс сапары барысында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен, Кувейттің Премьер-Министрі шейх Сабах Халид әл-Хамад ас-Сабахпен, Ауғанстан Президенті Ашраф Ғанимен, әлемге әйгілі «Siemens AG» компаниясының атқарушы директоры Джо Кэзермен, «Eurasia Group» зерттеу және консалтинг компаниясының негізін қалаушы Ян Бреммермен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Адхан Гебрейесуспен, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің президенті Петер Маурермен кездесіп, сауда, экономика, медицина салаларында әңгіме өрбітті. Әсіресе, Президент денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Осы орайда коронавирустың алдын алу бағытында Қазақстанда қабылданған шаралар туралы сөз қозғады. Өз кезегінде Тедрос Адхан Гебрейесус індеттің таралуына байланысты кеңінен мәлімет ұсынды. Ал Халықаралық Қызыл Крест комитетінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін Петер Маурерге Қазақстанның II дәрежелі «Достық» ордені тапсырылды.

Әлем назарын аударған Мюнхен конференциясына 40-қа жуық мемлекет Президенті, 100-ден астам министр, халықаралық қатынастар саласындағы беделді сарапшылар, Еурокомиссия өкілдері, сондай-ақ, Еуропалық Парламент депутаттары келді. Конференцияда Еуропалық одақ пен НАТО болашағы, киберқауіпсіздік, денсаулық сақтау, сауда соғыстары мен санкциялар, жалған ақпарат, насихат пен күмәнді жаңалықтар, Таяу Шығыстағы ахуал, АҚШ, Ресей, Қытай және басқа да елдермен арадағы өзара қатынас тақырыптары талқыланды.

Жыл сайын өтетін жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуы еліміздің әлемдік деңгейдегі беделбиігін айшықтай түсті. Жиынның екінші күнінде «Географиялық орналасудың маңызы: Орталық Азиядағы қазіргі жағдай» тақырыбында пікірталас өтті. Онда Қасым-Жомарт Кемелұлы көршілес елдермен өзара тиімді қарым-қатынас туралы айтты. Халықаралық қатынастар кеңесінің президенті Ричард Хаас жетекшілік еткен пікірталасқа Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Мұхаммед Ашраф Ғани да қатысты.

– Жер көлемі бойынша тоғызыншы орындағы Қазақстан Республикасы туралы айтатын болсақ, Қытай мен Ресейдің ортасында орналасу – бұл мүмкіндіктер әлемі. Біз екі елмен көршілес болу арқылы көптеген мүмкіндікке ие болдық. Сонымен бірге, Орталық Азияның ауқымды бөлігін иемдену де географиялық ерекшелік. Менің ойымша, Орталық Азия өзінің геосаяси маңызын жоғалтпайды, – деді Мемлекет басшысы пікірталас кезінде.

Мюнхен конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен АҚШ ынтымақтастығы туралы да айтып берді. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларға еліміздегі саяси реформалардың негізгі бағыттары туралы әңгімелеп, экономиканы әртараптандырудың, инновациялар мен цифрландыруды дамытудың аса маңызды екеніне назар аударды.

Мюнхен қауіпсіздік конференциясында Орта Азиядағы елдердің дамуы мен өзара қарым-қатынасы, олардың әлемдік қауымдастықтарға ықпалы сөз болып, татулық пен бітістіруді ту еткен Астана процесі әңгіме өзегіне айналды. Жиында Президенттер мен беделді ұйым жетекшілері, әр тараптан келген сарапшылар Мюнхен мінберінде сөз сөйлеп, әралуан пікірлерді ортаға салды. Әсіресе, Сириядағы соғыс өртін өршітпеуді мақсат еткен Астана процесі үшін қазақстандықтарға алғыс айтылғаны әлем сахнасындағы беделімізді тағы бір сатыға көтерді.

◆ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

КӨП МӘСЕЛЕ БІРДЕН ШЕШІЛДІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына байланысты қоғамдық қабылдау өткізіп, Жетісу жеріндегі жұртшылықтың мұң-мұқтажын шешуге ықылас білдірді.



Мәди АЛЖАНБАЙ

Облыстық әкімдікте орналасқан «Жетісу – адалдық алаңы» кабинетінде өткен қабылдауға 54 адам жазылыпты. Олардың қатарында алғаш болып кірген Ерғанат Оралбаев Шелек өңірін Еңбекшіқазақ ауданынан бөліп, аудан статусын беруді сұрады. Бұл мәселенің бірден шешілмейтінін жеткізген аймақ жетекшісі жергілікті халықтың сұранысы жақын арада орындалмайтынын айтты. Одан кейін осы ауданның Ащысай ауылынан келген Дәулетхан Оразбеков, Нұрсапа Сыдықбеков, Марат Исабеков есімді азаматтар елді мекенде қордаланған мәселелерді таныстырды. Олардың айтуынша, 6 мың тұрғыны бар Ащысайдағы орталық саябақты Жеңістің 75 жылдығына орай жаңарту керек, ескірген мектеп пен балабақшаға жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет, ауыл маңындағы тұрмыстық қалдық алаңынан жаз мезгілінде жағымсыз иіс таралып, түрлі жұқпалы ауру шығуы мүмкін, малдың өлігін өртейтін орын қазіргі талаптарға сай емес, жұмысы басталып аяқсыз қалған ауызсу мәселесі тұрғындар үшін аса маңызды.

Аталған мәселелерге орай арнайы іссапармен барып, жағдаймен танысып, қажетті шара қабылдауды бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовқа тапсырған Амандық Ғаббасұлы одан соң Қаратал ауданынан келген Қабдырахман Шаяхметтің басындағы жағдайды сұрап білді. Ол өзінің 2007 жылдан бері аудандық әкімдіктен алған 20 гектар жерді қалың ағаштан тазартып, егістік алқапқа айналдырып, жұмысын жүргізгенін, алайда уақыт өте келе әлгі жерді «Утебаев» шаруа қожалығы иесінің өзіне тиесілі екенін айтып, мұны сотқа бергенін, осыған орай екі жақ соттың үкімін күтіп отырғанын жеткізді. Осыған байланысты облыс әкімі орынбасарлары Серікжан Бескемпіров пен Батыржан Байжұмановқа мәселені анықтап, жерді иеруге күш салған азаматқа қолдау көрсетуді тапсырды. Ал, «дайын асқа тік қасық» болып шыға келген шаруа қожалығы басшысының әрекетін заңға сәйкес бағалау керектігін ескертті.

Өскемен қаласынан арнайы келген Қарлығаш Есқалиева «Қорғас» кеден бекетінің шегарашыларымен келісіп, 150 мың доллардың тауарын, онда да телефондар өткізбек болғанын, алайда заңсыз әрекеті әшкереленіп, тексеру кезінде кеден қызметкерлері бүкіл тауарын қамауға алып қойғанын, содан бері тағы 18 мың доллар ақша беріп, жүгін шығаруға күш салғанынан еш нәтиже шықпағанын, соған байланысты облыс әкімі Амандық Баталовтан бір көмек бола ма деп келгенін жеткізді. Осыған орай «Қорғас» кеден бекеті басшысының орынбасары мен өз орынбасары Жеңіс Тұяқовқа мәселені ашып, анықтауды тапсырған аймақ жетекшісі одан соң Талдықорған қаласының тұрғыны Ермек Ешмұхамедұлын тыңдады. Ол қалаға табиғи газ тарту жұмыстары кезінде қазылған жерлердің асфальт жабындысының соңынан стандартқа сай жабылмайтынын, соған орай көшелердегі түзу жолдың ойық-ойық болмауын қадағалау керектігін айтып, селқос жасалған жұмыстың нәтижесін жақсартуды сұрады. Осыған орай қала әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровқа тапсырма берген облыс әкімі Текелі қаласының тұрғыны Нина Баранова көтерген мәселе – «Текелі кен-байыту кешені» ЖШС-нен шығатын шудың моноқала тұрғындарының тыныштығын алатынын сұрап білді. Осыған орай бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов пен орынбасары Серікжан Бескемпіровке тапсырма беріп, мәселені дұрыс шешуді тапсырды.

Еңбекшіқазақ ауданының Тескенсу ауылдық округінде орналасқан «Калинин» шаруа қожалығына апаратын жолдың жоқтығын айтқан Сергей Калининге мал бордақылаумен айналысатын шаруашылықтың жұмысын қолдау керектігін ескерткен облыс әкімі жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Жасыбаевқа тапсырма жүктеді.

Облыстық «Жетісу» газетінің қызметкері Гауһар Дүйсенбаева өзінің және бірнеше журналистің қызметтік пәтерлерін жекешелендіре алмай жүргендігін жеткізді. Облыс басшысы аталмыш мәселені тез арада шешуді қала әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровқа тапсырды.

Қоғамдық қабылдауға жазылғандардың көпшілігі негізінен баспана алу мәселесін, үйдің кезегі жылжымайтынын, аулаларындағы ойын алаңына құрылыс салынып жатқанын, көпқабатты тұрғын үйге қарайтын жекеменшік пәтер иелері кооперативінің жұмысы сапасыз екендігін алға тартып, өздерін толғандырған мәселелердің мәнін ұғынғысы келді. Әсіресе, Талдықорғандағы көпбалалы аналарға берілген коттедж қалашығындағы жұртшылықтың атынан сөз алған Гүлнар Байбатшаева, Гүлвира Байқұмарова, Жазира Рахатова өздеріне берілген үйдің қандай санатқа жататынын, осыған орай қанша уақыт тұратынын сұрап, жарық, су, жылу сынды әлеуметтік төлемдерді төлей алмай отырғандарын жеткізді.

– Жоқ, ол үй сіздерге арендалық ретінде берілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша берілген арендалық үйлердің ай сайын төленіп тұратын ақшасы баспананың құнына кіреді. Уақыт өте келе өзінің құнынан қалған ақшасын төлеп жекеменшікке шығарып ала аласыздар, – деген Амандық Баталов қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымов пен орынбасары Асхат Қалиасқаровқа ескерту жасады.

– Тұрғындарға дұрыс түсіндірсеңдерші, арендалық болғандықтан ешкім оларды үйінен шығара алмайды. Жылу, су, электр жарығы сынды әлеуметтік төлемдерді төлеп тұрасыздар. Жалпы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Нұрлы жер» бағдарламасымен кредиттік және арендалық тұрғын үйлер беріліп отыр. Оның біріншісі төлеу қабілеті бар адамдарға несие ретінде берілсе, екіншісі, өздеріңіз секілді көпбалалы аналарға үлестіріліп отыр. Қанша уақыт бойы тұрсаңыздар да ай сайын төлеп келген ақшаларыңыз үйдің құнына кіріп, қалған сомасын оңай өтеулеріңізге мүмкіндік береді. Екеуіңе коттедж қалашығынан үй алған адамдардың құжаттарын қысқа мерзім ішінде бітіріп беруді тапсырамын!

Қоғамдық қабылдауға келгендердің соңын ала Амандық Баталов арыз-шағым айта келген саудамен айналысатын тұрғындарды тыңдап, Талдықорған қаласының Біржан сал көшесінен шығарылған олардың орын таба алмай жүргендерін білді. Соған орай Гауһар ана мен Абай көшелерінің қиылысынан ашылуы тиіс жаңа базарға бармайтынын айтып, көмек сұрағандарға басу айтқан облыс әкімі басқа орын табуға жәрдемдесетінін, базар құрылысын өз бақылауына алатынын, заңды түрде сауда жасайтындарға жеңілдік қарастырылғанын жеткізді.

ЖАҢА ЖОБАМЕН ҚУАНТАДЫ

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, биылғы жылға жоспарланған жобалар мен жұмыстарды таныстырды.

Оның айтуынша, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының 104 мың 566 мүшесі бар. Олардың бәрі 333 бастауыш партия ұйымының құрамында ел мен жердің өркендеуі және партияның имиджін көтеру жолында аянбай еңбектеніп келеді. Соған байланысты былтыр жалпыұлттық диалогты қамтамасыз ету бағытында көптеген іс-шаралар қолға алынып, игілікті істер атқарылды.

Ардагерлер, ерекше күтімді қажет ететін жандар мен жастар, балалар, ауыл тұрғындары сынды әлеуметтік топтарға қолдау көрсету, көмек қолын созу бағытында 6 партия жобасы жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» жобалары бойынша ұйымдастырылған 1168 шараға 29 мың 157 адам қатысқан. Сондай-ақ, Жетісу жеріндегі ««Nur Otan» партиясының аумақтық филиалдарындағы қоғамдық қабылдауларда 6229 өтініш тіркелген. Олардың 2960-ына нақты қолдау көрсетілсе, қалған 3269 өтінішке қажетті кеңес берілді. Партия қатарындағы белсенді мүшелерден кадрлық резерв жасақталып, депутаттық фракция жұмысын жандандыру бойынша сайлаушылармен көптеген кездесулер өткізілді. Одан бөлек, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Ортақ Абай» атты өзге ұлт өкілдерінің арасында мәнерлеп оқу байқауы өткізіліп, қазақ тілін жетік білетін жастар марапатталды.

– Хакім Абайдың 175 жылдығы еліміздің барлық өңірлерінде аталып жатқанын жақсы білесіздер. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы Жетісу жерінде өмір сүріп, халқының рухани-мәдени тұрғыдан оянуына үлес қосып кеткен ақын-жыраулардың шығармаларын жинақтасақ деген ниетіміз бар, – деген Жанболат Әкебайұлы жаңа кітаптың қалай жинақталатынына тоқталды. *– Қазір осы жобаны ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатыр. Редколлегиясы іріктеліп, өнер, мәдениет, әдебиет салалары мен бұқаралық ақпарат құралдарында жүрген азаматтарды шақырып отырмыз. Жиыны төрт том болатын туындының бірінші томына ақ патшаның тұсында ғұмыр кешкен әйгілі ақын-жыраулар жинақталса, екінші томына Кеңес одағының тұсында шығармашылығы өркендеген ақындардың айтыстары, терме, поэма, дастандары кіргізіледі. Ал, үшінші, төртінші томдарға тәуелсіздік жылдарында жасындай жарқылдаған ақын, жазушылардың шығармалары іріктеледі.*

Осылайша «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы Жетісу жұртшылығын жаңа жобалармен қуантпақшы.

М. ӘСЕТҰЛЫ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы облыстық филиалы, «Отандастар қоры» АҚ және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен қандастар мәселесін талқылаған келелі жиын өтті. Оған облыстық басқармалар мен аудандық ішкі саясат бөлімдерінің жауапты мамандары қатысты.

ҚАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

Қажет АНДАС

2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы өтіп, әлемнің түкпір-түкпірінен делегация қатысып, біраз мәселені шешкен болатын. Сол алқалы жиында «Отандастар қоры» құрылып, белгілі қоғам қайраткері Нұртай Әбіқаев төрағалыққа бекітілген еді. Сол жиналыста Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары болып Зауытбек Тұрысбеков тағайындалып, алдағы міндеттер айқындалды.

Содан бері де біраз уақыт өтті. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы да, «Отандастар қоры» да біраз шаруа тындырды. Жиын аясында ол туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қалалық және облыстық филиалының төрағасы Серікхан Ахметов, «Отандастар қоры» АҚ қаржылық қолдау орталығының жетекшісі Анес Ахатұлы айтып берді. Сондай-ақ, қос тарап алдағы жұмыс жоспарын таныстырып, істелуге тиісті жұмыстардың бағытын айқындады.

Шара аясында көпшілік те кейінгі кездегі «Көші-қон туралы» Заңдағы өзгерістер мен толықтырулар, жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды қалай шешудің жолдарын сұрап, білді.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Дұрыс әрекет – мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады.



АБАЙ:

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хакиқат. Оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық-дүр.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 134
(18842)
Сенбі,
28 қараша
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆KÓSHBASSHY — 2020

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ дәстүрлі «Көшбасшы – 2020» жастар сыйлығының жеңімпаздарын марапаттады.



МЕН ЖАНБАСАМ ЛАПЫЛДАП...

Еңлік АРЫҚБАЙ

Тұңғыш Президент күніне орай өткен марапаттау салтанатында еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты барлық санитарлық талап сақталды.

«Көшбасшы» сыйлығы Жетісу жеріндегі жас буынның арасынан үздіктерді анықтап, әр салада еңбек етіп жүрген жас мамандардың еңбегін бағалау мақсатында ұйымдастырылып келеді. Биыл 20 номинация бойынша 402 үміткер өзара сынға түсті. Оның ішінде 56 үміткердің материалы ереже талаптарына сәйкес келмегендіктен іріктеу кезеңінен шеттетілді. Байқау нәтижесіне сәйкес Жетісу өлкесінің 20 жасы өз саласынан үздік деп танылып, жас көшбасшы атанды.

Салтанатты шарада облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сөз алып, жастарға мемлекет мол үміт артатынын, еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін айтып, жастарды білім мен спортқа бейім, жігерлі, ұшқыр ойлы, бастамашыл болуға шақырды. Өз сөзінде әкім облыстың экономикасына, атап айтқанда, ауылшаруашылығы, құрылыс, инвестиция тарту бағытындағы оң көрсеткіштерге тоқталды.

– Елбасымен телефон арқылы сөйлесіп, қайта түлеген Нарынқол жайлы айтып бердім. Туған жерге деген сағыныш жайында әңгіме өрбіттік. Нарынқолға екі мың жас қайтып оралды. Тұрғын үйлер тоқтаусыз салынып жатыр. Көшелер абаттандырылды. Аудандар бойынша 9 дене шынықтыру кешенін тұрғыздық. Тағы жетеуінің құрылысы аяқталуға жақын. Неше жылдан бері жөндеу көрмеген жолдар, ғимараттар, су жүйесі, құбырлар, басқа түрлі нысандар қайта жаңғырудан өткізіліп, ел игілігіне берілді. Мұның барлығы жастар үшін! Жастарға барлық жақсылықты тілеймін. Әр салада үздік болыңдар, - деген Амандық Ғаббасұлы Тұңғыш Президент пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға зор сенім артатынын жеткізді. – Жастардың бойында намыс, айқын мақсат болуы керек. Алдыға нақты меже қойып, соған талпынбаса, адам өмірде еш нәтижеге қол жеткізбейді. Жастар мақсатына сүрінбей жетуі үшін ерінбей еңбек етуі тиіс.

Бүгінде облысымызда 400 мың жас бар. Елбасы атап өткендей, жастар барлық игі бастамалардың қасында жүруі тиіс. Елде төтенше жағдай жарияланғаннан бері індетпен әлемдік күрес сапында Алматы облысының жас еріктілері белсенді жұмыс жүргізуде. Өңірде «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-кеңсесінің жұмысы қарқынды жүргізілуде. Жыл басында облыста 1043 ерікті болса, қазіргі таңда облысымызда 3200-ден астам ерікті жастар тіркелген.

Осы жас еріктілердің қатысуымен республикалық «Biz Birgemiz» акциясы аясында 2300 қайырымдылық акциясы мен іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға, жалпы 26000 отбасына әлеуметтік көмек көрсетіліп, азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

Облыста «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да сәтімен жүзеге асып жатыр. Одан бөлек, «Жастар тәжірибесі» жобасы жас мамандардың кәсіби білімін жетілдіруге, ең бастысы – тұрақты жұмыс орындарын табуға оң ықпал етуде. Ағымдағы жылдың қараша айында жұмыспен қамту орталықтарына 15916 жас келіп, оның 15597-і жұмыспен қамтылды. Жоспарға сәйкес, ағымдағы жылы 1875 түлек «Жастар тәжірибесіне» жіберілді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 848 жас маман көтерме ақы алды. Баспана алу үшін 583 маманға 2.3 млрд.теңге көлемінде жеңілдетілген несие қарастырылған.

Салтанатты шарада «Жас әдебиетші» аталымы бойынша көшбасшы атанған Елдос Тоқтарбай сөз сөйлеп, Жетісу жастарының атынан облыс әкіміне алғыс білдірді. Көшбасшы атанғандардың қатарында «Жетісу» газетінің тілшісі, әріптесіміз Алмат Есенбеков те бар. Ол «Үздік ерікті» аталымында топ жарды. Бұл – біздің газет жастарының алғырлығын, қай салада да қатарластарының алдында жүретін бастамашылдығын көрсететін айқын дәлел.

Әріптесіміз Алакөл ауданында 2017 жылы «Бір арман» қайырымдылық қорын құрды. Еріктілерден құралған қордың әр мүшесі өзгенің мұңын өз мұңындай көріп, жоғын түгендеуге сүйемдей болса да үлес қосуға ұмтылып жүр. Алмат Есенбеков бастаған жалынды жастар жетімге жылу, сырқатқа күлкі сыйлаудан жалыққан емес.

Бүгін, міне, еленген еңбек пен теккен тердің жемісін көре отырып, басқаға үлгі болып отырған «Үздік ерікті»:

– Жетісу жастарының басты бәйгесі саналар «Көшбасшы» сыйлығын алу – үлкен жауапкершілікті жүктейтіні жасырын емес. Себебі, өз мамандығының, кәсібіңнің көш басында болу – үлкен міндет. Бүгінгі сыйлықты биылғы Еріктілер жылындағы айтулы жетістік деп санаймын. Өйткені, ерікті болу – тағдырымның таңдауы екендігі жасырын емес. Осы күнге дейін атқарған жұмыс, еңбек еленіп, шығамын деп ойламаған биікке бүгін қолым жетіп отыр, – деп, марапаттау рәсімінің жоғары деңгейде өткендігін жеткізді.

Көшбасшыларға облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы дипломы, естелік мүсінше және 250 000 теңгенің сертификаты табысталды. Барлық жеңімпаздар арасынан «Үздік журналист» аталымының жеңімпазы Айман Асыл да газетімізге пікір білдірді. «Көшбасшы» сыйлығын алу – мен үшін тек мәртебемен шектелмейді, сонымен бірге, үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейді. Өзімнің салам – журналистика әлемінде осындай бір белесті бағындырып жатсам, бұл – алтын жүрек ел-жұртымның, атқарған адал еңбегімнің арқасы деп білемін. Жастарға жігер беріп, қанаттандыруда «Көшбасшы» сыйлығының орны ерекше», – деп барлық жүлде алған жетісулық жастарға ақ жол тіледі.

Шара соңы облыс өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

◆ОНЛАЙН ФОРУМ

ЕЛДІ БІРІКТІРЕТІН ҰЛЫ КҮШ

Нұр-Сұлтан қаласында 23-27 қараша аралығында «Қоғам және мемлекет: Серіктестік пен дамудың 30 жылы «Birgemiz» атаумен өткен Қазақстанның IX азаматтық форумын қорытындылау салтанаты өтті. Оған ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек КӨШЕРБАЕВ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида БАЛАЕВА қатысып, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен орынбасарлары, аймағымыздағы үкіметтік емес ұйым өкілдері онлайн режимде қатысып, ел өмірінде ерекше маңызы бар бастамалармен танысып, алдағы жұмыс бағыттарын айқындады.

Қажет АНДАС

Бес күнге жалғасқан IX азаматтық форум онлайн форматта өткенімен талай тақырып қаузалыпты. Әсіресе, шалғай елді мекендердегі үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуына мүмкіндік көп болды. Форум аясындағы тренинг, семинар, пікірсайыстардың тақырыбын қоғамдық ұйым өкілдері қамтамасыз еткен. 40-қа жуық пікірсайыс алаңы ұйымдастырылса, қоғамдық ұйым басшыларының 12 кездесуі өткен. Азаматтық қоғам мен мемлекеттік ұйымдардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған 650-ден астам ұсыныс түсіпті.

– Жергілікті жерлерде балалар мен жасөспірімдер мәселесіне қаражат бөлуге ерекше мән берілуі керек. Балалардың құқығы мен қажеттілігінің бірдей екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан ауыл мен қала балаларының аражігін алшақтатпай, бәріне бірдей көңіл бөлген жөн. Әрине, еліміз кең-байтақ, әр жердің даму мүмкіндігі, әлеуметтік жағдайы да әртүрлі. Десе де, бірінші кезекте ауылдық мәдениет және демалыс орындарын, спорт үйірмелерін дамытуға күш салуымыз керек. Тұрғылықты халық пен жергілікті бюджеттің мүмкіндігін саралай отырып, мемлекеттің немесе демеушілердің есебімен балаларды түрлі спорттық ойын түріне жаттықтыратын бапкерлерді қызметке тарту керек, – деген ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, тарихшылар мен өлкетанушылардың еңбектеріне де ерекше көңіл бөлудің керектігін алға тартты.

Келесі кезекте сөз алған ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева:

– Азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, әлеуметтік саясат, бәрі – 30 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазығын қаққан тәуелсіз елдігіміздің егемендік туралы декларациясында халқымыздың саналы түрде таңдап алған дара жолы, қайталанбас құндылықтары. Бүгін, міне, сіз бен біз осы қағиданы іс жүзінде көріп, нәтижесін түйіндеп отырмыз. Бүгінде Президенттің тапсырмасымен құрылған Ұлттық қоғамдық кеңестер табысты қызмет етсе, қоғам белсенділері заңнамалық процеске белсене жұмылдырылып отыр. Бұл реткі форум келесі форумдардың сәтті жүргізілуіне жол ашады деп сенемін, – дей келе Қазақстанның азаматтық альянсына, белсенді қатысушыларға, қажетті ақпаратты дер кезінде таратып отырған БАҚ өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Осындай келелі істер шешімін тауып, келесі қадамдарға жол ашқан шара аясында жыл бойы жемісті еңбек еткен үкіметтік емес ұйым өкілдері марапатталды. Осы орайда облыс әкімі Амандық Баталов та аймағымыздағы елдің береке-бірлігі үшін тынымсыз еңбектеніп жүрген «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясы қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тәжіғали Хаджамұратов, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Талдықорған» корпоративтік қоры басшысы Арман Махатов, «Үйғыр ауданындағы қимыл қозғалысы кем мүгедектердің» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жамал Оқаева, облыстық балқар этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Исмаил Тылов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық қорының жетекшісі Дарья Ярополаварға Алғыс хат пен сертификат табыстап, алдағы істеріне сәттілік тіледі.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2020 жылдың 3 желтоқсанында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс 63 сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы "Алматы облысының 2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" №55-282 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 қарашадағы №37-204 «2019 – 2021 жылдарға арналған Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Алматы облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

4. Алматы облысы бойынша адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

5. Алматы облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

6. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы.

Басталу уақыты: сағат 15.00

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ТІРКЕУГЕ АЛЫНҒАН

«Жетісу медиа» ақпараттық алаңында «Алматы облысы бойынша медициналық ұйымдарға тіркелу науқанының қорытындысы» тақырыбында баспасөз-мәслихаты өтті. Тіркелу жыл басынан басталып, бүгінге дейін жүргізілген.

Мәслихатқа әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев шақырылды. Екінші спикер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының» облыстық филиалы директорының орынбасары Біржан Байжанов болды.

Нұрлан Таңжарықұлының айтуынша, облыста тұратын 2 миллионнан аса адам түгел тіркеуге алынған. Бірақ осы тіркеуге алынғандардың 484 мыңы әлеуметтік медициналық көмек бойынша өз санатын белгілемеген. Яғни, қандай санат бойынша медициналық көмек алатындарын білмейді. Егер адам өз бетінше табыс тапса, міндетті әлеуметтік медициналық көмек алу үшін қорға өзіне қаржы аударып тұруы тиіс. Тұрақты жұмысы барларға жарнаны жұмыс беруші аударып тұрады. Жарна төлемегендер де медициналық жедел көмек ала алады. Бірақ қымбат аппараттарға тексеріле алмайды. Мысалы, МРТ, КТ сияқты қондырғыларға тексерілгісі келсе, ақы төлейді.

Журналистер тарапынан спикерлерге Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры медицина мекемелерінің қызметінің жақсаруына ықпал етсе деген ұсыныс айтты. Көптеген мекемелерде заманауи аппараттар жоқтың қасы. Болған жағдайда жеткіліксіз. Бұл орайда қор жетекшілері денсаулық саласына барынша ықпал ететіндерін айтты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ



БАСПАСӨЗ – 2021

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы – өзіміздің «Jetisýgа» жазылайық!